

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

А. С. Байбулсинова

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

Оқу құралы

Орал, 2018

ББК 63.3(5Каз)

Баспаға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.О. Омарбеков
Тарих ғылымдарының докторы Ә.С. Тасмағамбетов
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент С.Б.Құрманалин

А * Байбулсинова А.С.

Қазақстанның ортағасырлар тарихы. Оқу құралы. –Орал, 2018. – б.

ISBN

Оқу құралында Қазақстанның ортағасырлар тарихы бойынша деректер мен ғылыми зерттеулер мағлұматтары жинақталған. XIII ғасырдың басындағы моңғол жаулаушылығы кезеңінен бастап Қазақ хандығының соңғы кезеңі, яғни XVIII ғасырдың басына дейінге кезеңді қамтиды. Қазақ мемлекетінің саяси тарихы, халықаралық байланыстары, қазақ хандығының билеушілері, хандары және олардың ел мүддесі үшін атқарған мемлекеттік қызметі көрсетілген. Оқу құралында Қазақ хандығының құрылуы, этникалық аумағы, қазақ этнонимі мәселелері, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ортағасырлық мәдениеті баяндалған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының тарих мамандығы бакалавр студенттеріне, магистранттар мен орта мектептің тарихшы мұғалімдеріне және тарихқа қызығушы көпшілік қауымға арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы курсы нақты деректерге сүйенген, Қазақстан Республикасының қазіргі аумағындағы ортағасырлық адамзат қоғамының қалыптасу процесін ашып көрсетуге тиіс.

Оқу құралы тұтас Қазақстан Республикасы тарихының ортағасырлардағы Қазақстан тарихы бөлімін құрайды. Хронологиялық тұрғыдан оқу құралы Қазақстан аумағына моңғол-татар тайпаларының басып кіруінен бастап - ХҮІІІ ғасырдағы Кіші жүздің Ресей империясына бодандыққа кіруі кезеңіне дейінгі тарихи оқиғаларды қамтиды. Алдымен, түркі дәуіріндегі Қазақстан тарихы өзінің мәдени, сан алуан саяси қарама-қайшылықтар мен біртіндеп өзіндік үлгіде даму қарқынымен ерекшеленсе, моңғол дәуірінде бұл аумақта бастан кешкен жергілікті түркі ру-тайпаларының әрқилы жағдайлары, моңғолдарға қарсы ерлік күрестері, саяси-әлеуметтік дамудағы түбегейлі бетбұрыстар, оның тарихи тағылымдары баяндалады.

Қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының қалыптасуы және қазақ хандарының ішкі-сыртқы саясаттары ортағасырлар курсына ең басты оқиғалары осы қазақ хандары төңірегінде өрбиді. Бұл жерде қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандардан бастап, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан тағы басқалар билік құрған кездердегі Қазақ хандықтарының ішкі-сыртқы жағдайлары, құқықтық басқару жүйелері, экономикасы, т.б. курстың құндылықтарын арттырады. Ортағасырлар курсы Қазақстан аумағының Ресей империясының құрамына енгенге дейінгі тарихи оқиғаларды қамтиды.

Оқыту әдістемесі:

Курс негізінен дәріс түрінде және практикалық сабақтар арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар студенттердің оқытушымен бірге жүргізетін өзіндік жұмыстары да бар. Дәріс кезінде негізгі өтілетін тақырып бойынша мағлұматтар беріледі және конспект жаздырылады. Практикалық сабақ кезінде алдын-ала берілген тапсырмалар бойынша жауаптар алынады. Оқытушымен өтетін студенттердің өзіндік жұмысы кезінде қамтылмай қалған материалдарды тапсырма беру арқылы, сұрақ-жауап әдістері арқылы бекітіледі. Сонымен қатар, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолдана отырып, дәріс және практикалық сабақтарды немесе оқытушымен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмысы (ОЖСӨЖ) жүргізіледі.

I ТАРАУ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫ. ДЕРЕКТЕРГЕ СИПАТТАМА

§1 Ерте және кейінгі ортағасырлық Қазақстан тарихының деректері

Ежелгі дәуірдегі, ерте және кейінгі ортағасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтер түрлі тілдерде: көне парсы, көне грек, латын, қытай, түрік, араб, парсы, түрік тілдерінде жазып қалдырған.

Қазақстан халықтарының тарихы жөніндегі ежелгі жазбаша деректеме I Дарий және Ксеркс патшалардың Ахеменид державасында қолданылған негізгі үш тілде: көне парсы, элам және аккад тілдерінде жазылған ежелгі пасы жазбалары болып табылады.

Көне парсы жазбаларында тарихи-географиялық деректерден басқа, антик деректемелерінің мәліметтерін тексеруге және оларды нақтылай түсу үшін біраз материал береді. Бастапқыда, шамамен 1000 жыл бойы ауызша беріліп келген Авеста, Сасанилер кезінде қалыптасқан парсы әліпбиімен, соның негізінде жасалған фонетикалық жазбамен тұңғыш рет бір ізге салынған. Ортаңғы Иран ескерткіштері- парфияндар тілінен бастап, иран тіліндегі эпиграфикалық және нарративтік деректемелер осылай аталады.

Антик тарихнамасы неғұрлым мазмұнды. Қазақстанның тұрғындары туралы мәліметтер ертедегі Грецияға Персия арқылы, сондай-ақ Қара теңіз өңіріндегі грек отарлары арқылы жетіп тұрды. Геродот қазақтар туралы, яғни көшпелі скифтер туралы өзінің төртінші кітабында арнаған. Ктесийдің еңбектерінде ахеменидтердің тарихы жөнінде бірқатар құнды деректер бар, «Персия тарихы» деген бұл шығарманы Диодор, Үлкен Плиний, Клавдий Юлиан сияқты авторлар деректеме ретінде пайдаланған. Қазақтар тарихы үшін Страбонның «География», Птоломейдің Сыр бойын Скифия деп атап, географиялық координаттар беруі маңызды мәліметтер болып табылады.

Б.з.б. II ғ. бастап Қазақстан тарихын зерттеуде Қытай деректемелері, соның ішінде алғашқы мәліметтер император У-ди тұсында Чжан Цянь «батысқа» саяхат жасап, Шығыс Түркістан туралы мәліметтер жинақтайды. Сыма Цянның «Тарихи жазбалар» деген еңбегінде, Қытайдың аса көрнекті ғалымы Суюн Сю бастаған авторлар

ұжымы «Таң әулетінің жаңа тарихын» жазып, хроникада батыс түріктер, түркештер, олардың саяси тарихы мен этнографиясы туралы мәліметтер беріледі.

Жібек жолының гүлденуі Қытайда Тан әулеті билік еткен кезеңде (618-907 жж) тұстас келді. Орта Азия халықтары, олардың тарихы қытайлық екі үлкен жылнамада кездеседі. 1-ден, «Тан әулетінің ескі тарихын» (Цзю Таншу) Қытайдың бөлшектенуі кезеңінде – авторлар тобы, ал 2-сін, «Тан әулетінің жаңа тарихын» (Синь Таншу) Сун дәуірінде (1043-60 жж) қытайдың аса көрнекті ғалымы әрі ақын Суян Сю (1007-72 жж) бастаған авторлар ұжымы жазып қалдырған. Бұл жылнамаларда Батыс түркілер, Түргеш қағандылығы құрылуы мен олардың ыдырауы туралы саяси тарих пен этнографиялық мағлұматтар берілген. Сол сияқты XIII ғасырдағы тарихи оқиғалар жөнінде буддист Сюань Цзан жазбалары дәлірек айтады. «Ұлы Тан әулеті кезіндегі батыс өлкесі туралы жазбалар» аталатын еңбегінде ол қаған сарайлары, түркі тайпаларының саяси тарихы, мәдениеті және басқада көптеген мағлұматтарды табуға болады. Ерте және ортағасырлардағы қытай деректемелері сыңаржақ болғанына қарамастан, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеуде ерекше құнды.

§2 Дамыған орта ғасырдағы Қазақстан тарихы бойынша деректер

Біздің заманымыздың I мыңжылдығынан бастап ежелгі түркі және түркі тілдес тайпалар мекендеген өңірлерден табылған көне түркі жазба ескерткіштерінің құны баға жеткісіз. Ортағасырлық түркі деректерінің ерекшелігі – авторлар өзінің көз алдында не болғанын көп уақыт өтпеген оқиғалар жайында, өзі жақсы білетін мағлұматтар туралы жазған. Ежелгі түркі деректері қазақ даласындағы қоғамдық-этникалық, әлеуметтік және мәдени үрдістер туралы жат жерлік байқаушылар жазған мәліметтерге қарағанда неғұрлым дәл түсінік береді. Олардың ішінде Енесей мен Таластан табылған ескерткіштердің зор маңызы бар. Ең алдымен түркі қағандары Күлтегін (732 ж) мен Білге қаған (735 ж) құрметіне қойылған – Кошоцайда құлпытастарын атап өту керек. Бұл жазбалардың авторы, қаған әулетінен шыққан Иолығ-тегін болған, ол түркі тілінде жазған есімі белгілі тұңғыш жазушы болып табылады. Сол сияқты, Тоныкөк ескерткіші (шамамен 716 ж), Құлшора құрметіне қойылған ескерткіш (722 ж), Онгин жазбасы қосылатын Кошоцайданың мәнерлі мәтіні негізінде Шығыс түркі қағандары жөнінен мағлұматтарды жинақтаған. Оларда Қазақстан мен Орта Азияның батыс түркілері тарихының маңызды оқиғаларына қатысты естеліктер бар, оларға талдау жасау тарихи-географиялық, тарихи-саяси және этнографиялық мәселелердің тұтас кешенін зерттеу жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Ең құндысы – «он оқ будын»,

яғни он оқ халқы түргештер, қарлұқтар, оғыздар, кенгерестер, Жетісу соғдылары туралы мағлұматар орныққан.

Орхон-Енесейдегі Елетміш Білге қаған (747-759 жж) құрметіне жазылған Селенга тасы және Терхин құлпытасы (756 ж) өте құнды. Онымен бірге Батыс түркі қағандығының Жетісудан (Талас өңірінен) табылған ескерткіштер елеулі мәдени қазына болып табылады. Оған қабірлерге қойылған құлпытастарға, теңгелерге, тұрмыстық заттар мен ағаш таяқшаларға жазылған 12 жазба жатады. Бұл ескерткіштер VI-VIII ғасырларға жатады деп есептеледі.

Араб халифаты дәуірінде арабтардың Шығысты жаулап алуы, мұсылман мәдениеті мен ислам дінінің өрісін кеңейтудегі белсенділігі, алыс жатқан аймақтармен сауданың дамуы арабтарды Шығыс Европа мен Орта Азияның көршілес елдерімен және алыстағы халықтар мен тайпалар туралы ақпарат жинауға құлшындырды. Қазақстан тұрғындары туралы ең ертедегі мәліметтер арабтардың классикалық шығармаларында кездеседі. Мысалы, Әл-Балазур мен Ат-Табари туындыларында VII-VIII ғғ. орта шенінде араб шапқыншыларына қарсы күресте Орта Азия халықтарына көмектескен Жетісу мен оңтүстік Қазақстанның түркі халықтары туралы мәліметтер бар. Арабтардың аса ірі тарихшысы, парсы текті әл-Балазур (IX ғ) Орта Азия тарихы жөніндегі құнды деректемелердің бірі «Елдерді жаулап алу Кітабы» болып табылады. «Пайғамбар мен патшалар тарихы» деген елеулі еңбек жазған Ат-Табари (IXғ) арабтармен байланыста болған халықтар туралы жылнама ретінде баяндаған. Энциклопедиялық білімі бар Әл-Жахиз (IXғ) «Түріктердің қасиеттері» деген кітабында Қазақстанның көшпелі түрік тайпаларын тұңғыш рет этнографиялық тұрғыдан суреттеп береді. IX ғ. байланыс және хабар беру қызметінің бастығы Ибн Хордабектің «Жолдар мен мемлекеттер кітабы» сауда жолдарын сипаттап, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалар мен қоныстарды тізіп көрсетеді. Тарихшы, әрі географ әл-Якубидің «Елдер кітабы» деген географиялық шығармасында Қазақстан түріктері туралы ауқымды тарихи-этнографиялық материал бар. Әл-Якубидің оғыздар, қарлұқтар, қимақтар т.б. туралы мәліметтері ерекше маңызды.

Вильгельм Рубруктың дерегі тым жұпыны. Оның фамилиясының өзі тарихта он бір түрлі жазылыпты. Рубрук деген оның туған жерінің аты болуы мүмкін. Оның өз аты не Виллем, не Гильом болуы мүмкін. Ол 1215-1220 жылдар аралығында туып, 1270 жылы қайтыс болады. Атын әйгілі еткен сапарын ол қырық жасына дейін жүзеге асырған. Монғолияның қатал қысына қарамастан, ол сапарда көбінесе жалаңаяқ, кейде жаяу да жүрген. Бауыры Бартоломео қайту сапарының қиындығынан қорқып, Қарақорымда біржола қалып қояды. Рубрук Монғолияға француз королі IX Людовиктің жұмсауымен 1253-1255 жылдар аралығында келіп қайтады.

Марко Поло 1254 жылы қала-мемлекет Венецияда туған. Оның

әкесі және немере ағалары алыс елдерге тауар тасып, сауда жасайтын көпестер еді. 1269 ж. Марконың әкесі Никола мен немере ағасы Маффео саяхаттан Венецияға оралады. Өздерінің сауда экспедициясымен жүріп Қытайға жетеді. Қытайды билеген моңғолдың ұлы императоры Құбылай Хан олардың, оқытушы білімдарлар мен миссионерлерді ертіп осы елге оралуын сұраған еді. Сондықтан 1271 ж. қайта экспедиция жабдықталады, оның құрамында Марко да болады. Олармен бірге Қытайда миссионер боламыз деп келе жатқан екі монах да бар еді. Алайда алда болатын ауыр сапардан қорқып, олар кейін қайтып кетеді. Полоның семьясы Иран, Ауғанстанның шөл даласынан, Памир таулары мен Қашқар және Жаркент қалаларын, Гоби шөлін кесіп өтіп, 1275 ж. басында Пекиндегі Құбылай ханның сарайына келіп жетеді. Ол кезде Марко Поло 21 жаста еді.

1298 ж. Марко Поло есімді Венециандық саяхатшы өзінің Қиыр Шығысқа жасаған саяхаты жайлы ғажайып кітабын жазды. Шығыстың байлықтарын суреттеп жазған оның кітабын оқыған адамдар Қытайға, Жапонияға, Шығыс Индияға апаратын теңіз жолдарын іздеп тапқысы келді. Шамамен 200 жыл өткен соң Колумбтың өзі де оның «Сэр Марко Полоның кітабы» атты еңбегін жиі-жиі оқыған.

Ортағасырлық Қазақстан тарихы туралы жазбалар Еуразия тарихнамасында ХҮІІ ғасырға жатады. Ең алдымен екі еңбек атауға тұрарлық: біріншісі, 1602 жылы жазылған түркі тарихшысы Қадыр-әлібек (Қадырғали) Жалайридің «Жылнамалар жинағы» аталып кеткен тарихи еңбегі. Екіншісі, ХҮІ ғасырдағы Рашид ад-Диннің «Оқиғалар жинағы» атты еңбегі. Бұл еңбектерде моңғол шапқыншылықтарының кейінгі қыпшақ даласындағ болған оқиғалар суреттеледі. Бұлардан кейінгі басты еңбектердің бірі – ХҮІІ ғасырдағы Хиуа ханы Әбілғазының екі тарихи шығармасы: бірі – «Түріктер шежіресі», екіншісі – «Түркімендер шежіресі». Онда оғыздардың, қыпшақ, қаңлы тайпалары, ерте және кейінгі ортағасырларға қатысты түркі этнонимі, этимологиялық мәселелері зерттелген. Сондай-ақ, Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихы мен этнографиясы үшін құнды еңбек түркі тарихшысы Муниджим-Башының «Сахиф ул-ахбар» атты шығармасы. Онда Орта азия мен Қазақстан аумағындағы мемлекеттер мен әулеттер тарихы, қарахандар, салжұқтар, хорезмшахтар және басқа бірқатар мағлұматтар берілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Дерек дегеніміз не?
2. Ортағасырлық Қазақстан тарихы туралы қандай қытай деректерін білесіз?
3. Түркі деректерінің ерекшелігі неде?
4. Ортағасырлық авторлардың еңбектерін орыс тіліне ең көп

аударған орыс ғалымы, шығыстанушы?

5. Қазақстанның ортағасырлық тарихы туралы мағлұматтар қалдырған еуропалық авторларды атаңыз?

II ТАРАУ ҚАЗАҚСТАН МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА

§3. Моңғол мемлекетінің құрылуы. Моңғол тайпалары. Темуджин.

XII ғасырдың II жартысында моңғолдар туралы мәліметтер бізге жетпеген десек те болады. Олар туралы алғашқы мәліметтер Қытайдың «Тан династиясының тарихында» /618-907 жж/ атап өтілген. Сонымен қатар ежелгі түркі жазбаларында /732 ж/ сол кездері Моңғолия территориясында болған татарлар туралы айтылған. Кейінірек моңғолдардың туыстары қидандар Моңғолияның бір бөлігімен Қытайдық солтүстік аймақтарында Ляо мемлекетін құрып, моңғолдар олардың солтүстік шекараларын мекендеген. «Қидан мемлекетінің жазбаларының» /1180 ж/ мәліметтері бойынша «моңғолдардың тұрақты мекені болмаған, олар жылдың төрт мезгілі көшіп жүрген. Тек қана ет және қымызбек тамақтанған. Қидандармен соғыспаған. Оларды сиырмен, қоймен, түйемен қамтамасыз етіп отырған».

Моңғолдар мен олардың басшысы Шыңғыс хан туралы оны өз көздерімен көріп, тілдескен Чан-Чунь 1220-1224 жж, Чжао Хун 1221 жылы, Пэн Дай 1233 жылы, Сүй Тін 1235-1236 жж, Плано Карпини 1246-1247 жж, Чжан Дэ Хой 1248 жылы, Гильям Рубрук 1253-55 жж, Ата Мәлік Жувейни 1251 жылдан бастап және Марко Поло 1274 жылдан бастап –Моңғолияның күшті және гүлденген кезеңі туралы жазады. Осылардың бәріне қытай даосы мен қытай дипломанттарына Еуропа монахтары мен венециан көпесіне, Қорасаннан келген парсы патша

сарайының баласы үшін бұл жаңа әлем «бейтаныс та бөтен ел болды». Саяхатшылар әсіресе, Еуропалықтарды моңғолдардың түр сипаты таң қалдырды. П.Карпини олардың түрін бейнелесе, Чжао Хун «олардың бойы татарлардан биік емес, басқаша айтқанда 162-165 см» деп хабарлайды. II ғасырдың II жартысында моңғол-татар тайпалары Азияның шеткері аймақтарының бос жерлерін алып жатты. Жувейнидің айтуынша «олардың үйімен туған жері көлемі ұзындығына де енінеде жеті немесе сегіз айлық жолға тең алып алқап болған. Шығысында олар Қытай жерлерімен, батысында Ұйғыр елімен, солтүстігінде қырғыздармен және Селенге өзенімен, ал оңтүстігінде таңғұттар және тибеттіктермен шекараласты». Тимучиннің балалық шағында бұл тайпалардың ортақ атауы болмаған. Бірақ кейбір елдерде мысалы Қытай мен таңғұт халқы оларды татарлар деп атаған. XII ғасырдың II жартысында олардың ішіндегі ең бастысы Орхон мен Керулен өзендерінің бассейнінде өмір сүрген моңғол-татар тайпаларының бірігу орталығы болған. Ал XIII ғасырдың басында моңғол атына ие болған ортақ тайпаға бірікті. Олар: жалайырлар-Онон өзенінің алқабын мекендеді, тайшуыттар-Онон мен Селенга, керейттер-Оңғыт өзенінің бассейніндегі Хангай мен Хентей тау жоталарында, наймандар-Хангай мен Алтай жоталарының арасында, татарлар-Бүйірнұр, Құлын Нұр өзендерінің алқабында және Ұлы Қытай қорғанын бойлай, журжендер- Цин мемлекетінің шекарасын, меркіттер-Селенга өзенінің бассейнін мекендеген. «Моңғолдар өздерін қияттар деп атаған моңғол-нирундар мен моңғол-дәрлікендерден тұрды. Нирундар-өздерінің шығу тегі аты аңызға айналған Алан Құбадан таралған моңғол тайпалары мен рулары, сонымен қатар Алан Құбадан атарған тайпалар алтыншы атасына дейін нирундарға жатқызылады, өз руларын алан құбаның алтыншы атасы Қабыл ханнан бастап қияттар деп атаған, ал Қабыл ханның тікелей тұқымдары қият-боржігіндер деп есептелген. Олардың қолбасшысы Есугей бахадүр болды. Нирундарға қият боржігіндерден басқа тайшуыттар, салжұттар, қатағандар, дүрбендер, барындар, баруластар, ийуттер және басқалары жатты. Есугейдің ұлысында көп нәрсе оның беделі арқасында ұсталып отырған. Ол қайтыс болғаннан кейін жағдай күрт өзгеріп, моңғолдар арасында кикілжің басталады. Дәл осы билік үшін күрес өрбіп тұрған кезеңде қият-боржігін руы Есугей бахадүрдің ұлы Керей тайпаларының күшті одағынның басшылығымен қарым-қатынасқа қол жеткізеді. Уақыт өте келе, бірде дипломатиялық жолмен, бірде әскери күштің көмегімен барлық тайпаларды керейлермен қоса өз қол астына алуына қол жеткізеді. Темучин керейттермен наймандар және моңғол тілдес татар мен меркіт тайпаларымен соғыстарында атағы шыға бастады, күші арта түсті.

1206 жылы Онон өзенінің сағасында Темучинді жақтайтын көшпелі шонжарлардың құрылтайы өткізіліп, онда ол тоғыз құйрық

қыл байланған қасиетті ақ ту желбіреген жағдайда салтанатты түрде Шыңғыс деген атпен Ұлы Хан болып жарияланады. Шыңғыс хан Омонғай династиясы юанның жазбаларында, Қытай тарихы Юаншида тб. мәліметтерде 1162 жылы, келесі деректерде 1155 жылы туылған деп көрсетіледі. Содан 1227 жылға дейін өмір сүрген. Шешесі меркіттің руынан шыққан Оэлун атты сулу қыз болыпты. Есімі «Темучин» деп Есугей бахадүр сол кезде соғыста жеңіспен оралған ең беделді татар тұтқынның атымен атаған екекн. Ежелгі моңғол тілінен аударғанда «ұста» деген мағына білдіреді. Теміршін-темірші-ұста. Темучиннің туған інісі-Хасар. Одан басқа Есугейдің екінші әйелінен екі ұл-Бектер мен Бергітай дегендер болған. Шыңғыстың өмір бойы сенімді екі нөкері әрі досы болған-Нахұ-Баянның баласы –Бауыршы, екіншісі Керейттің Торуюл (Тоғрұл) ханының баласы-Желме. «Мәңгілік аспан» жебеген Шыңғыс бас құрылтайда жер істерімен байланысты моңғол ұлысын әскери-әкімшілік бөліктерге бөлген. Шыңғыс ханмен бірге мемлекет істерін жүргізуге нояндарда қатысқан. Шыңғыс –император, «оңтүстікке бет бұрған билеуші». Ол әскермен елді басқаруды үш бөлікке бөлген: екі қанат-**оң қанат** –Бауыршының басшылығындағы Алтайға жанасқан- **Бароңғар** және **сол қанат**-«го ван»-«мемлекет князі» деген атақты иеленеген Мұқалының басшылығындағы шығысында Цзинь империясымен жанасқан **Жоңғар**. Сонымен қатар үшінші бөлік –Орталық қара-үшінші әскер тобының басшысы болып Наяа таған тағайындалған.

Моңғолия 95 әскери әкімшілік аудандарға бөлінген. Олар басшылығында мыңдық нояны бар бір мың әскер шығаруға міндетті болды. Мыңдықтар, сондай-ақ жүздіктер ханнан «күбі» қызметі үшін сыйлықтар алып отырған. Жүздік, қаралықтың атағы мен лауазымы атадан балаға өтетін болған. Мыңдықтың ең азы әскери-әкімшілік бірліктің құрамында он әскер шығаруға міндетті – отбасылар (айылдар) тобы болды. Шыңғыс ханның көзі тірісінде моңғолдардың саны 1 миллион адамға жеткен. «Орман халықтары» қоныстанған солтүстік аймақтарды басқару ерекше блінді. Оларды Шыңғыстың пікірлесі - Қоршы басқарған. Әскери-әкімшілік ұстам «мыңдық» бойынша тайғайындалған, шабылған және өз еркімен берілген өз орнына бекітіліп, орын ауыстыру бостандығынан айрылған. Шыңғыс хан «Яса» (Жаза) атты заңдар жинағын жариялаған. Мысалы бір тарауында «Кімде-кім рұқсатсыз орын ауыстырса, өлімге бұйырылсын» немесе «ешқандай жұмысқа жарамсыз болып қартайғанша, бірде бір адам қызметтен босатылмасын» деген үкімдер бар. Сонымен қатар мыңдықтар мен жүздіктер арасында тұрғындарды орналастыру ерекше кітаптарға енгізілген. «Әр тілде сөйлейтін түрлі халықтардың тізімі «Жазба», «Көк Дәптер -Бішікте» жазылып, реттелсін»-деп бұйырған. Сонымен қатар бұл көк дәптерлерде сот шешімдер де жазылған. Жазбалар ұйғыр жазуымен жүргізілген(бұл жазу Найман-

ханның өмірін қорғаушы ұйғыр -Тата тұнғаптың ықпал етуімен енгізілген). 1206 жылы жарғылар моңғол ру-тайпаларының адамдары қызметтес болып немесе бір жерде мекендеген, бір мыңдықта немесе жүздікте болып қалды, өз араласуларымен олар бірлескен моңғол халқының құрылуына бастау болды.

Зерттеуші, шығыстанушы Б.Я.Владимирцев былай деп жазды: «Шыңғыс хан империясы моңғол ру-тайпаларының араласып кетуі үлкен көне моңғол тайпалары: татар, меркіт, жатжырат, найман, керейттердің толығымен ыдырап, қалдықтары ұлыстар мен мыңдық ұлыстарға шашырап кеткен, тайпалардың атауларынан айрылып, жаңа ерекше ру қалыптастыруда өте маңызды орын алды»-дейді. Мемлекетте Шыңғыстың барлық тума-туыстары үлес алды. Бұл хан болған адамның бүкіл руының жетістігі деп саналған. Үлестерді бөлуді басқару – Шігі-Құтыққа табысталды. Бүкіл Моңғолияда патшалық-ямдық қызмет бекітілді. Әр ямның қызмет көрсетуіне белгіленген жылқы мен адам саны бөлінді. Барлық ямдар «қаралардың» арасында орналасты және әр екі «мыңдық» бір ямды қамдауға міндеттенді. Мемлекеттегі жоғары лауазымды иелері биліктің белгісі ретінде алтын найза алып жүрген. Онда : «Аспан бұйрығы бойынша іс жүргізуге құзырлы» деген жазу болған. Одан басқа шаруашылық мәселелермен айналысқан алты «Шерби» және Шыңғыс ордасын күзететін 150 гвардиялық күзет-кешіктендер бөлінген. Осылайша сегіз мыңдық әскер-тұрхауыттардан тұратын, оның ішінде бір мыңы таңдаулы бахадүрлерден жиналған ерекше әскер «кешіктендер» қара қолы және түнгі күзет екі мың «кептеуілден» тұратын әскери топ қалыптасқан. «Кешіктендер» өз лауазымы бойынша жай мыңдықтан жоғары болған. Шыңғыс ханның айналасындағы жоғары мәртебелі әскерлер-дархандар /тархан/ бірқатар жеңілдіктер иеленді. Алым төлеуден босатылды, иеленген олжаларын өздеріне қалдырды, Хан Ордасына қай кезде де шақырусыз кіре алды, ал тойларда олар төрде отырған.

Бақылау сұрақтары:

1. Тимучинді жақтайтын көшпелі шонжарлар құрылтайы туралы не білесіз?
2. Тимучин билікке келгенге дейінгі моңғол ұлыстарының жағдай қандай болған?
3. Моңғол мемлекетінің қоғамдық құрылысы қандай болды?
4. Жасақ (Яса) дегеніміз не?
5. Шыңғыс ханның жорықтарында оның әскерін басқарған сенімді серіктері мен қолбасшылары туралы не білесіз?

§4 Моңғол-татар тайпаларының Қазақстан мен Орта Азияға жорықтары

Моңғолдардың алғашқы жаулап алудың құрбаны болған Сібір жерлері. 1207 – 1208 жылдардың қысында Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы Енисей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігінен басқа да «орман» халықтарын бағындырды. 1207 – 1209 жылдары Шыңғыс хан бастаған моңғолдар танғұттық Си – Ся мемлекетін жойып, шапқыншылықпен басып алса, одан кейін ұйғырларды өздеріне тәуелді етті, ұйғырлардың басқарушысы идиқұт Баршық өзін Шыңғыс-ханның вассалы деп таныды. 1215 жылы олар сол кезде Цзинь мемлекетінің астанасы болған Чжундуды (Пекинді) басып алды. 1227 жылдың қарсыңында Қытай империясы Хуанхэ өзенінің солтүстік жағындағы бүкілиелігіненіс жүзінде айырылды.

Шыңғыс-хан қолының негізгі жорықтарының бірі Қазақстан мен Орта Азия жеріне жасаған жорығы болды, бұл жорық оларға Шығыс Европа мен алдыңғы Азияға жол ашты. Шыңғыс хан Қазақстан мен Орта Азияға жасаған жорығына зор мән беріп, оған ұзақ әрі мұқият әзірленді.

1211 жылы Жетісуда Шыңғыс ханның қолбасшыларының бірі Құбылай бастаған отрядтары пайда болды. Қарлұқ әміршісі Арслан хан, орталығы Алмалықта болған тәуелсіз иелік құрған Бұзар хан да өзін Шыңғыс ханның вассалдарымыз деп таныды.

Моңғолдардың батысқа қарай жылжуы 1218 жылы қайта басталды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлікті талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін оған Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді.

Жетісуді Шыңғыс хан аса көп қарсылықсыз – ақ басып алды. Моңғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік ханның жігерсіздігіне, оның діни құдалауларына, салықпен зар илеткен зорлық – зомбылығына ыза болған найманның феодалдары Шыңғыс ханға мойынұсынатынын білдіріп, өз әскерлерімен оның қызметіне кірді, ал Күшілікті моңғолдар Бадахшанда Шығыс түркістандағы Сарыкөлде қуып жетіп, басы алынды.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға жол ашылды. Қазақстанға басып кіруге «Отырар опаты» деп аталатын жағдай себеп болды.

1218 жылы Шыңғыс-хан Орта Азияға Омар-Қожа Отрари, Жамал Марағи және басқа саудагерлер басқарған сауда керуенін жіберді, 450 адамы бар 500 түйелік сауда керуені 1218 жылы жаз айында Отырар қаласына келіп жетеді. Отырар әміршісі Қайыр хан-Иналшық саудагерлерді жансыз тыңшылар деп күдіктеніп, оларды қырып тастауға бұйырып, керуенді тонап алды. Шыңғыс хан Қайыр ханды қолыма бер деп талап етті, бірақ Хорезмшах II Мухаммед бұл талапты орындамағаны былай тұрсын, сонымен бірге Шыңғыс хан жіберген

жазықсыз елшілерді өлтіруге әмір етеді. Осының өзі Шыңғыс ханның Хорезмге қарсы соғыс ашуына себеп болды, алайда бұл соғыстың себептері оның бүкіл жаулап алу соғыстарының негізіне алған себептер болатын.

1219 жылы қыркүйекте 150 мыңға жуық Шыңғыс ханның қалың қолы Ертістен Сырдарияға қарай қаптайды. Шағатай мен Үгідей бастаған түмендер Отырарды қоршауға алады. Жошы бастаған әскерлер Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларды алуға аттанады. Үшінші бөлік Сырдарияның жоғарғы ағысындағы қалалар мен қыстақ – кенттерді алуға, ал Шыңғыс-хан өзі кіші баласы Төлей мен Бұхараға қарай бет ады.

Отырар қаласы алты ай бойы берілмей қарсыласады. Тек Хорезмшах II Мұхаммед көмекке жіберген Қараджа – Хаджибтің Суфи хан қақпасын ашып шығып, өз отрядымен моңғолдарға берілгенде ғана моңғолдар осы қақпа арқылы қалаға лап қойды. Қараджа – Хаджиб өлтірілді. Алайда, моңғолдарға қаланы алу үшін тағы бір ай уақыт керек болды. Қамалды қорғаушылар тегіс қырылғаннан кейін барып, қала 1220 жылы ақпанда алынды. Қайыр хан қолға түсіп, Шыңғыс ханның алдында әкелген жерде қатал жазаланып өлтірілді.

Сөйтіп, Отырар қамалын жермен – жексен етіп, Шағатай мен Үгедей бастаған моңғол отрядтары Шыңғыс ханға келіп қосылды. Бұл кезде Шыңғыс хан Бұқара мен Самарқанд арасындағы жолда болатын.

Сырдария бойындағы басқа қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды. Соның бірі Сығанақ қаласы еді. Жеті күнге созылған шабуылға қала тұрғындары табан тірісіп қарсыласты. Брақ көп ұзамай Сығанақ жеңілді. Моңғолдар қаланы талап, халқын аяусыз қырды. Сол сияқты қарсылық көрсеткен Үзкент, Баршынкент қалалары алынып, қарсылық көрсеткен Ашнас қаласының тұрғындары да қырғынға ұшырайды. 1219-1220 жылдар арасында бүкіл Сырдарияның бойындағы қалалар мен қыстақ кенттер моңғолдардың қол астына түседі.

Сыр бойындағы қалалардың қарсылығын жеңгеннен кейін Шыңғыс-ханның әскерлері Орта Азияның ішіне баса-көктеп еніп, 1219 жылдан 1221 жылға дейін моңғолдар бүкіл Орта Азияға ойран салып өтті. Хорезмшах II Мұхаммед Иранға қашып, кейін Атырау теңізі аралдарының бірінде өлді. 1220-1221 жылдардағы қысқа жорықтардың нәтижесінде моңғолдар Хорезм жерін тегіс жаулап, Орта Азиядағы соғыс қимылдарын аяқтады. 1221 жылдың көктемінен бастап соғыс Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Индия мемлекеттерінің жеріне ауысты.

Моңғол қолбасшылары Жебе мен Сүбедей нояндар басқарған 30 мыңдық әскер Солтүстік Иранды басып өтіп, 1220 жылы Кавказға кірді. Олар аландарды, половцыларды және Қалқа өзінінде орналасқан орыстарды (1223 жылы) тас-талқан етіп жеңді. Моңғолдар орыс

жерінің оңтүстік аймағын ойрандап, қазақ даласы арқылы 1224 жылы Шыңғыс ханның Ертістегі ордасына қайта оралды. 1225 жылы Шыңғыс хан Моңғолияға қайтып келді.

Сонымен, 1219-1224 жылдардағы моңғолдар шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс хан империясының құрамына кірді.

Бақылау сұрақтары:

1. Шыңғыс ханның жорықтарында әскери саптардың ұйымдасуы туралы не білесіз?
2. Шыңғыс ханның жорықтарында оған сенімді тірек болған қандай ру-тайпалар?
3. Шыңғыс ханның әскери-жаулаушылық жолына түсуіне әсер еткен жағдайлар?
4. Қазақстанды моңғолдар қай кезде жаулап ала бастады?
5. Қандай қалалар қарсылық көрсетті?
6. Шыңғыс ханның Орта Азияға шабуылының басты себебі?

§5. Алтын Орда мемлекеті: құрылуы, саяси тарихы, маңызы

Қазақстанды жаңа ұлыстарға бағындыру. Шыңғыс ханның өлімінен кейін моңғол жаулап алушылықтары тоқтап қалған жоқ. Қайта серпіле түсті. Моңғол шапқыншылығының сұмдығын сол заманның куәгерлері былай деп суреттейді: « ... бұл адамзаттың басына туған ең ірі де, ұлы зілзала болды» (Ибн Әл Асир). Мұсылман және мәсіх авторларының пікірінше, бұл соғыстар «құдайдың қасіреті» болды (Д.Жувейни). «Олар күн батыстан күн шығысқа дейін, аыналамыздың бәрі дұшпан» (Асыл аңыз) деп санаған. Ұлы шапқыншылықтар нәтижесінде зор империя құрған Шыңғыс хан өзі басып алған жерлерді 4 ұлына үлес түрінде бөліп берді. Ол кіші ұлы Төлеге –Моңғолияның өз жері, және 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын алды.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыға-Ертістен батысқа қарай және «Қойлық пен хорезм шекарасынан Сақсын мен Бұлғардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі» ұшы-қиырсыз аймақты берді. Сөйтіп, оның иелігі Жетісудің солтүстік бөлігін және Төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса Шығыс Дешті-Қыпшақты қамтыды. Рашид Ад-Диннің деректеріне сүйенсек, Жошының ордасы Ертісте болған. Кейін Алтын Орданың құлыуына байланысты Жошы ұлысының саяси өмірінің орталығы Төменгі Еділге ауысқан.

Шығыстың екінші ұлы – Шағатайға –Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі жерлерді, яғни Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауеренахрдың денін қамтыды. Жамал Қарши деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу елі деп аталды:

оның басты қаласы – Алмалық болған. Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Ордасы Жувейни деректері бойынша, түрікше Ұлығ-Иф (Ив) деген атпен, яғни «Үлкен үй», ал нумизматикалық деректер бойынша Орду Әл-Азам деген атпен мәлім болған. Шағатай мен оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді.

Шыңғыс ханның үшінші ұлы –Үгедейге –Батыс Моңғолиямен ұлысының орталығы орналасқан жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағы кірді.

Сонымен Қазақстан аумағы моңғолдардың үш ұлысының ретінде: Ертіс пен батысқа қарай –Жошы ұлыс құрамына, оңтүстік және оңтүстік –шығыс Өзақстан Шағатай ұлысына, Жетісудің солт-бөлігі –Үгедей ұлысына кірді.

Алтын Орданың (Ұлы ұлыс) құрылуы: саяси-әкімшілік құрылысы, этникалық құрамы. 1227 жылы Жошы хан өлгеннен кейін оның ұлысы баласы Батыйдың қолына көшті. Батый хан бірнеше рет батыс елдерге шабуыл жасап, Алтайдан Дунайға дейінгі аймақтың бәрін өзіне қаратады да, бұл жерде Алтын Орда деп аталатын жаңа моңғол мемлекетін құрады. Оның астанасы алғашында Сарай Бату қаласы (Астрахань маңында), кейін одан сәл жоғарырақ-Сарай Берке қаласы болған. (қазіргі Волгоградтың маңы).

Моңғол мемлекеттері негізінен тәуелсіз өмір сүрген, бірақ та ұлы моңғол империясының бір құрамдас бөлігі деп саналған.

Б.Я.Владимирцевтің сөзіне қарағанда: «Империяның барлық жерлері жалпы құрылтайда сайланатын «қаан» (қаған, хақан) деп аталған бір билеушіге қараған, Ал қалған шыңғыс мұрагерлерді ханзадалар ретінде есептеліп, ұлыстық жер иелену құқығын алды. Олардың бәрі ортақ орталық мемлекеттің өзегін құрады».

Ал, XIII ғасырдың 60 жылдары жағдай өзгерді. Осы кезеңде моңғол империясы Алтын Орда, Хулагидтердің иран мемлекеті және Шағатай мемлекеттері өз алдына дербес өмір сүрді. Олар өз саясатын жүргізу барысында ұлы ханың келесімінде сұрамады. Олардың ішінде Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархиялық мемлекет деп қарастырамыз. Мемлекет саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстар үлестік жепрлерге бөлшектенген. Мемлекетте әкімшілік – шенеуніктік басқару жүйесі жұмыс жасады. Олардың ішінде өздері басып алған халықтардың ішінен алдыңғы қатарлы өкілдер де кіргізілген. Елде ханның атынан бүкіл әскери істі беклер-бек басқарған, ал азаматық істерді уәсәншу мен уәзір айналысқан. Беклер-бек дипломатиялық істермен қатар, сот билігінде өз қолына алған. Уәзір орталық үкіметтің атқарушы өкіметтің басшысы, мемлекетте азаматтық тұрғыдан басқару ісінде ханың кеңесшісі болды. Мемлекетте салық жинау жүйесі іске қосылған. Салық жинаушылар –даруғалар деп аталса, сонымен қатар, әрі салық жинау, әрі жергілікті

халыққа әскери бақылауды жүргізуші – басқақтар деген арнайы адамдар сайланған.

Диуан деп аталатын атқарушы өкіметтің орталық орган болған. Салық және басқа да ведомствалардан тұрған, диуаның хатшылары –бітікші деп аталған.

Алтын Орданың билеушілерінің егіншілік және қалалық мәдени аймақтарды басқару жөнінен тәжірибиесі болмады. Сондықтан, Алтын Орда хандары әуел бастан-ақ сауатты және білімді даярлығы бар адамдардан шенеуніктік аппарат құрды. Ол қызметшілердің көбі мұсылмандар (хоезмдіктер, ирандықтар, түркі бұлғарлары, қыпшақтар, қарлұқтар, қаңлылар) немесе буддистерден (ұйғырлар, тибет, қытайлар) тұрды.

1227 жылы Жошы хан өлгеннен кейін оның ұлысы баласы Батыйдың қолына көшті. Батый хан бірнеше рет батыс елдерге шабуыл жасап, Алтайдан Дунайға дейінгі аймақтың бәрін өзіне қаратады да, бұл жерде 1242 жылы Алтын Орда деп аталатын жаңа моңғол мемлекетін құрады. Оның астанасы алғашында Сарай Бату қаласы (Астрахань маңында), кейін одан сәл жоғарырақ-Сарай Берке қаласы болған. (қазіргі Волгоградтың маңы).

Моңғол мемлекеттері негізінен тәуелсіз өмір сүрген, бірақ та ұлы моңғол империясының бір құрамдас бөлігі деп саналған.

Б.Я.Владимирцевтің сөзіне қарағанда : «Империяның барлық жерлері жалпы құрылтайда сайланатын «қаан» (қаған, хақан) деп аталған бір билеушіге қараған, Ал қалған шыңғыс мұрагерлерді ханзадалар ретінде есептеліп, ұлыстық жер иелену құқығын алды. Олардың бәрі ортақ орталық мемлекеттің өзегін құрады». Өтемісқажының «Шыңғыснама» шығармасында «Шыңғыс хан баласы Жошыдан туған Батый, Орда-Ежен, Шайбан»деген үш немересіне Алтын босағалы «Ақ Орда», күміс босағалы «Көк Орда», болат босағалы «Боз Орда» тіккізген. Алтын босағалы Ордағы Батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан етіп қойған екен» деп жазылған.

Батый хан – Алтын Орданы құрушы моңғол ханы, 1227-1255 жылдары Алтын Орданы басқарған. Мұсылман деректерінде Батый хан зор беделге ие болған, іс жүзінде империяны өзі таққа отырғызған Мөңке ханмен бірге басқарған. Түрік тарихшысы Әбілғазының (XVII ғ.) келтірген мәліметтері бойынша Батый «солтүстік елдеріне» -Шығыс Европаға (1236-1242 жж) жасаған Жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің інісі Орда-Еженге «Бұл жорықта сен біздің ісіміздің аяқталуына жәрдемдестің, сондықтан он мың отбасынан тұратын халық саған беріледі» -деп Дешті Қыпшақтың ең көп бөлігін, жоғары Ертісті қоса бергені туралы жазылады. Осы уақыттан бастап, Орда Ежен әулетінің билеушілері Алтын Ордаға тәуелді дегені болмаса, олар құрылтай жиналыстарына бармаған, іс жүзінде тәуелсіз өмір сүрген. Батый хан 1256 жылы 48 жасында қайтыс болған. Оның орнына Алтын

Орда тағына баласы Сартақ тағайындалады. Алайда ол елді басқарып үлгермейді, ол Қарақорымнан Сарайға келе жатқан жолында 1257 жылы белгісіз себептермен өледі. Оның орнына Батыйдың келесі ұлы Ұлақшы отырғызылады да бірақ олда елді басқарып үлгерместен сол жылы қаза табады.

Берке хан кезіндегі (1257-1266 жж) Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясаты. 1257 жылдың аяғында Алтын Орда тағына Берке (1257-1266 жж) отырады. Араб жазушысы Әл-Муфаддал Египет сұлтаны Бейбарыстың Берке сарайына жіберілген елшілерінің жазбаларына қарап ханның портретін береді. Айтуынша, «Бұл кезде Берке хан 56 жаста болатын. Ол сирек сақалды, бет жүзі ақсары, шаштары екі құлағының артына қайрылған, бір құлағында сегізқырлы асыл тасы бар алтын сырға таққан, үстінде жібек кафтан, басында қалпақ және беліне жасыл бұлғар терісіне асыл тастармен әсемделген алтын белбеу, екі аяғында қызыл шегрен тері етік киген» -деп жазады. Берке ханның кезінде Алтын Орда күшейіп ірі мемлекетке айналады. Сонымен қатар, оның басқару кезінде моңғол мемлекетінде ірі өзгерістер болады. Ал, XIII ғасырдың 60 жылдары жағдай өзгерді. Осы кезеңде моңғол империясы Алтын Орда, Хулагидтердің иран мемлекеті және Шағатай мемлекеттері өз алдына дербес өмір сүрді. Олар өз саясатын жүргізу барысында ұлы ханның келісімінде сұрамады. 1259 жылы Ұлы хан Мөңке өледі де, моңғол империясында дүрбелең басталады. Оған себеп Мөңкенің екі ұлы Құбылай мен Арықбұғаның билік үшін таласы болды. Тартыс нәтижесінде екеуіде өздерін хан деп жариялап, Құбылай солтүстік Қытайды, ал Арық бұға Моңғолия жерін бөліп алады. Бұл жағдай Ұлы хандық билікті әлсіретіп, мұны пайдаланған Үгедей мен Шағатай ұрпақтары Жошы ұрпақтарының қолына өткен Мауеренахр аймақтарын қайтарып алады. Құбылай мен Арықбұғаның арасындағы тартыста Құбылай жеңіске жетіп, ол мемлекеттің орталығын Қарақорымнан Пекинге ауыстырады да, қалаға моңғолша Хан-балық (хан қаласы) деген жаңа атау береді. Алайда, Құбылайға Ханбалықта отырып, моңғол империясын түгел басқару өте қиын болды. Шындығында, елді басқаруға шамасы келмеді. Мұны пайдаланған басқа моңғол ұлыстары жеке тәуелсіз билік орнатты. Алтын Орда да тәуелсіз ұлыс ретінде өмір сүрді. 1266 жылы Кавказға Хулагидтерге жорығы кезінде Тбилиси қаласының маңында Берке хан қаза тауып, оның сүйегін Сарай Батуға әкеліп қояды. Алтын Орда тағына Меңгу Темір (1266-1280 жж) отырады. Меңгу Темір тұсында Алтын Орда Моңғол империясының орталығынан біржола оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соға бастайды.. Орта Азия мен Жетісуда Шағатай ұрпақтарының билігін нығайту үшін ұлы ханға қарсы күресінде Хайдуды қолдайды. Қазақстанның оңтүстік-шығысы үш ірі монғол ұлыстарының түйіскен орталығына айналды. Жетісу аумағы үшеуінің арасында саяси бөлініске түсті: солтүстік бөлігі Жошы ұлысына,

оңтүстігі Шағатай ұлысына қарады, Солтүстік-Шығыс Жетісу болса Үгедей ұлысының маңызды орталығы болып есептелді. Ұлыс хандарының астаналары Жетісуға орнатылды. Шағатай ұлысына жататын Жетісу аумағында билікке таласқан Шағатай және Үгедей ұрпақтарының арасында үздіксіз соғыстар жүріп жатты. Шыңғыс әулетінің арасындағы мұндай соғыстарда екі жақ та кешпелі феодалдар арасынан жақтас тауып, оларды да күреске тартты. 1251 ж. Үгедей ұлысы жойылды. Жері Мөңке ханның (Шыңғыс ханның кіші ұлы Төленің баласы) жақтастарына таратылып берді. Шағатай ұлысында да билік қолдан-қолға өтті. Әсіресе Мөңке өлгеннен кейін феодалдар тартысы күшейе түсті. 1260 ж. Арығ-Бұғы мен Құбылай екеуі де өздерін ұлы хан деп жариялады. Үздіксіз шайқастардан жергілікті қалалар мен егіс алқаптары зардап шегіп, тозуға айналды. Рашид ад-Диннің айтуынша, XIII ғ. 60-жылдарында «Арығ-Бұғының тағылық әрекеттерінен Іле алқабында аштық болып, қаншама халық қырылып калған». 1269 ж. ұлы ханнан тәуелсіз Хайду мемлекетінің құрылуы жергілікті халықтан шыққан феодал билеушілердің бас көтере бастағанынын куәсі еді. Осы жылы Талас бойында шақырылған құрылтайда олар отырықшы-егінші аудандарды құрып кетуден қорғау әрекеттерін жасады. Алайда Шыңғыс әулетінің арасындағы толассыз талас-тартыс пен Хайдудың ұлы хан армиясымен ұзаққа созылған соғысы құрылтай шешімін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Хайду ізбасарлары арасында басталған өзара тартыстар XV ғ. алғашқы жартысында Жетісудың экономикалық құлдырауын шегіне жеткізді. Махмуд ибн Уәли Хайду ұлдары мен Шағатайдың шөбересі Доба арасындағы қақтығыстар туралы былай деп жазды: «Біздің аталарымыз өзара соғысып жатқан кезде көптеген адамдар жазықсыз қырылды, аудандар қаңырап калды, иелігіндегі жерлер сағымға айналды, егістік қурап қалды... қалалар мен құрылыстар адамдар жылы орнын тастап, кезбе қайыршыға айналды».

Оның билігі кезінде алдыңғылары сияқты Хулагидтермен соғыстар жалғаса береді. Сонымен қатар, 1271 жылы Алтын Орда Константинопольге жорық жасайды. Бұл жорыққа себеп Византия императоры Ласкаристің Хулагидтермен одақтасып, Алтын Орда және Египет мамлюктерге қарсы шығуы болды. Ласкарис Алтын Орданыңда, мамлюктік Египеттіңде күшейгенін қаламады. Сондықтан Хулагидтермен одақтасуға мүдделі болған. Хулагидтер мемлекетінің құрылуының қысқаша тарихын айта кететін болсақ, Батый ханның көзі тірісінде Хулагу Кавказ аймақтарына аттандырылып, 1251-1256 жж Иран аймағын өзіне қаратады, ал 1258 жылы Араб халифатының орталығы Бағдадты алады. XIII ғасырдың 50 жылдарының соңында Иран елінің аумағында барлық Кавказ өңірін қоса алғанда, қазіргі Әзірбайжан, Армения мен Грузия мемлекеттерінің территориясында Хулағу мемлекеті құрылады. 1263-1264 жылдары алғаш рет Берке хан

мен Египет мамлюктерінің әскерлері Хулагу әскерімен соғысып, соңғысының жеңілісімен аяқталады.

Сонымен, 1266-1280 жылдары Меңгу Темір ханның тұсында Алтын Орда империядан бөлініп, дербестікке қол жеткізеді. Жоғары айтылғандай, Алтан Орданың 1271 жылғы Константинополге қарсы жорықтарынан кейін Византия императоры Ласкарис жеңіліп келісімге келеді. Бұл келісім Алтын Орданың Жерорта теңізі бойындағы қалалармен сауда қатынасын жақсартқан. Мұндай жағдай Қырым бойына орналасқан түркі тілдес халықтармен байланыстың дамуына жол ашты. Әсіресе, Ноғай сияқты қолбасшылардың беделі көтерілген. Бұл болашақта Қазақстанның батыс өңірінен Ноғай Ордасының құрылуына алып келеді. Кейін Алтын Орданың тағына Туда Меңгу (1280-1287 жж), Төле Бұқа (1287-1291 жж), Тоқты (1292-1312 жж) хандар отырады. Бұл жылдары Алтын Орда біртіндеп күшейе береді.

Өзбек хан (1312-1342 жж) және Жәнібек хан (1342-1357 жж) дәуіріндегі мемлекеттің күшеюі. Өзбек хан Алтын Орданың тағына 1312-1342 жылдары отырған. Алтын Орданың бұл кездегі тарихы ішкі қайшылықтарына қоса, орыс княздіктерімен, Ирандағы Құлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезм билеушілерімен үздіксіз соғыстарына толы болды. Алтын орданың XIV ғасырының алғашқы жартысында әсіресе Өзбек хан (1312-1342 жж) мен оның билігінен кейінгі Жәнібек ханның (1342-1357 жж) тұсында құдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шақыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақталды. 1312 жылы Өзбек хан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады. Далалық, түркі-моңғолдық мәдениет Еділ бойы (бұлғарлар) және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық, салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды қабылдай бастайды. XIV ғасырдың II жартысынан бастап Алтын Ордада орталықтандыруға қарсылық күшейе бастайды. Орданың батыс жағында Еділ бойында, Астраханда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті билеушілер күшейіп, Қара теңіз өңірінде Мамай ордасы қалыптасады. Қазақстанның далалық аймақтары мен Түркістан өлкесінде жергілікті билік күшейді. Алтын Орда жеріндегі саяси өзгерістер оның құрамындағы Ақ Орда, Шайбани ұлыстарының дербес бой көтерулеріне мүмкіндік туғызды. XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастайды. 1357 жылдан 1380 жылға дейін таққа 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі өлтіріп, орнын тартып алып жатты.

Ерзен мен Мүбәрак Хожа хандардың иелігінде болған Ақ Орда XIV ғасырдың II ширегінде Алтын Ордадан бөліне бастайды. 1368 жылы Орыс хан Алтын Орданы біріктіру мақсатында Еділ бойына әскери жорықтар жасады. 1374-75 жылдары Сарай қаласын, Астраханды, Кама бұлғарларын бағындырады. Бірақ Мамайдан ығысып, 1376 жылы Сырдария бойына оралады. 1377 жылы Орыс хан өлгеннен кейін, 1380

жылы Тоқтамыс хан Әмір Темірдің көмегімен Алтын Орданың ханы болып сайланады. 1380 жылы Алтын Орданың билеушісі, түменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас – талқан боп жеңілді.

Тоқтамыс хан билігі кезеңі (1380-1395 жж) Алтын Орданың ыдырауының басталуы. Жошы ұрпағы Тоқтамыс хан осы жағдайды пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен юекіте түспек болған ол 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Мәуеренахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Тоқтамыстың күшеюіне және дербес саясат жүргізуіне жол бермеуге тырысқан Әмір Темірмен ара қатынастары нашарлайды. Әмір Темір 1390 жылы Алтын Ордамен әскери-саяси бірлікке ұмтылған Моғолстанға қарсчы шапқыншылық жорыққа шығады. Әмір Темір 1391 жылы 200 мың әскермен Отырар-Йасы-Қарашық-Сауран арқылы Ұлытауға жетіп, Жыланшық, Тобыл, Сақмар, Орал өзендерінен өтеді. 1391 жылы Құндышар деген жерде Тоқтамыс хан әскерін тағы жеңді. Кейін Тоқтамыс Алтын Орданың бірқатар аймақтарын уақытша болса да қалпына келтіруге тырысады. Ақ Орданың басым бөлігі Едіге бидің қолдауына сүйенген Темір Құтлықтың иелігінде қалады. 1395 жылы солтүстік Кавказдағы Терек өзенінің аңғарында Тоқтамыс пен Әмір Темір арасында үлкен шайқас болып, Тоқтамыстың әскері үшінші рет ойсырай жеңіледі. Әмір Темір Алтын Орданың астанасы Сарай Берке, Астрахан, Каффа, Азақ қалаларын қиратып, орыс иелігіндегі Ельц қаласына жетеді. Бұл жағдай бүкіл Еуразиякеңстігінде этносаяси ахуалдың, саяси-әскери күштердің ара салмағының өзгеруіне, оның нәтижесінде орыс княздіктерінің тәуелсіздік алуына әкелді. Әмір Темірдің жойқын жорықтары Алтын Орданың құлдырауына әкелді. Бұл жорықтардың соң мемлекет біржола бас көтере алмады. 1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен кейін Алтын Орда мемлекет өмір сүруін тоқтатты. Алтын Орда бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетеді. Мысалы: Қырым (1428-1792 жж), Қазан (1437-1556 жж), Қасым хандығы (1445-1681 жж), Астрахан (1466-1557 жж), Сібір (1563-1656 жж), Башқұрт (1656-1738 жж) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңде (1465-66-1731 жж) қалыптасты. Бұл ұлыстардың ішінде ең ірілері ХҮ ғасырдың 30 жылдары Еділ мен Днепрдің аралығындағы құрылған Ақ Орда, 20-60 жылдары бөлініп шыққан Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары.

Ортағасырлардағы феодалдық мемлекеттердің саяси құрылысы өзара ұқсас келеді. Олардың ішінде Алтын Орда мемлекетін феодалдық монархиялық мемлекет деп қарастырамыз. Мемлекет саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстар үлестік жерлерге бөлшектенген. Мемлекетте әкімшілік – шенеуніктік басқару жүйесі жұмыс жасады. Олардың ішінде өздері басып алған

халықтардың ішінен алдыңғы қатарлы өкілдер де кіргізілген. Елде ханның атынан бүкіл әскери істі беклер-бек басқарған, ал азаматтық істерді уәсәншу мен уәзір айналысқан. Беклер-бек дипломатиялық істермен қатар, сот билігінде өз қолына алған. Уәзір орталық үкіметтің атқарушы өкіметтің басшысы, мемлекетте азаматтық тұрғыдан басқару ісінде ханың кеңесшісі болды. Мемлекетте салық жинау жүйесі іске қосылған. Салық жинаушылар –даруғалар деп аталса, сонымен қатар, әрі салық жинау, әрі жергілікті халыққа әскери бақылауды жүргізуші –басқақтар деген арнайы адамдар сайланған. Азаматтық басқару билігі түрік әулетінен шыққан «мәлік» деп аталған жергілікті әкімдер арқылы жүзеге асырылған.

Диуан деп аталатын атқарушы өкіметтің орталық органы болған. Салық және басқа да ведомствалардан тұрған, диуанның хатшылары –бітікші деп аталған.

Алтын Орданың билеушілерінің егіншілік және қалалық мәдени аймақтарды басқару жөнінен тәжірибиесі болмады. Сондықтан, Алтын Орда хандары әуел бастан-ақ сауатты және білімді даярлығы бар адамдардан шенеуніктік аппарат құрды. Ол қызметшілердің көбі мұсылмандар (хоезмдіктер, ирандықтар, түркі бұлғарлары, қыпшақтар, қарлұқтар, қаңлылар) немесе буддистерден (ұйғырлар, тибет, қытайлар) тұрды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан территориясы Шыңғыс ханның балалары арасында қалайша бөліске салынған?
2. Жошы ұлысының ерекшелігі және аумағы туралы не білдіңіз?
3. Алтын Орда мемлекеті қай жылы құралды?
4. Алтын Ордадағы әкімшілік басқару құрылымы туралы баяндаңыз.
5. Мемлекеттің өзге елдермен дипломатиялық саясаты туралы деректерге сипаттама беріңіз?
6. Берке хан кезіндегі (1257-1266 жж) Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясаты қандай болды?
7. Алтын Орда ханы Өзбектің (1312-1342 жж) билігі кезінде қандай реформалар жүргізілген?
8. Алтын Ордадағы «Дүрбелең кезең» қай жылдары болды және оның себептерін атаңыз?
9. Тоқтамыс хан билігі кезеңіндегі (1380-1395 жж) Алтын Орданың сыртқы саясаты туралы не білесіз?
10. Алтын Орда мемлекетінің ыдырау себептерін атаңыз?

§6 Монғол жаулаушылығының Қазақстанға тигізген зардаптары

Монғолдар халықты жаппай қырып-жою соғысын жүргізді. Қалалар мен елді мекендер, сәулетті сарайлар мен мешіттер, суландыруі жүйелері әдейі қиратылды, өңделген егістіктер караусыз қалды. Мындаған колөнер шеберлері құлдыққа айдап әкетілді. Халық ашықты. Бұрын болып көрмеген қаталдық, жауыздық әрекеттерге жол берілді. Монғол шапқыншылығы жаулап алған елдерінің экономикалық және мәдени дамуына тежеу салды. Қазақстанның егіншілік және қалалық мәдениеті мешеу қалды. Марко Полоның айтуына қарағанда, монғолдар жаулап алған жерінде қалалардың «әскер енгізуге бөгет жасайтын камал-қабырғалары мен қақпалары болуына рұқсат етпеді. Осылай ауыздықталған халық көнбіс келеді, бас көтере алмайды».

Жетісу қалалары жаугершілік кезінде қиратылған жоқ. Бірақ Жетісудың үстімен өткен қисапсыз көп әскер атының тұяғымен, тонаумен-ақ бұл ауданның шаруашылығына орасан зор зиян келтірілген. Моңғол үстемдігі орнағаннан кейінгі он жылдың ішінде қалалар қиратылып, егістік жер мал жайылымына айналдырылды. Осы оқиғадан кейін отыз жыл өткенде Іле аңғарын басып өткен Вильгельм Рубрук былай деп жазды: «Бұл аңғарда бұрын көптеген қалалар болатын, қазір олардың көбін татарлар (монғолдар) қиратып, мал жаятын жайылымға айналдырған».

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати XVI ғасырда: «Моғолстанның кең-байтақ даласында кезге ілінерлік бір қала немесе елді мекен қалмады, бұл жерде бұрын қалалар болғаны жайлы тек қана кітаптан немесе ауыз екі әңгімеден ғана білуге болады» деп жазды. Монғол феодалдары үстемдік құрған бір жарым мың жыл ішінде бұрын қалалық мәдениеті гүлденген, отырықшы-егіншілік дамыған, халық тығыз қоныстанған Қазақстанның осы бөлігі бұрынғы экономикалық саяси және мәдени маңызынан түгелдей айырылды. Мұның әр түрлі себептері болды. Өзінің стратегиялық жағдайына байланысты Оңтүстік-Шығыс Қазақстан монғол шапқыншылығы жоспарында маңызды орын алды. Ұлыс хандары өздерінің қалың нөкерімен және сан мыңдаған әскерімен осы араны астана етті. Мұнда көшіріп әкелінген, көшпелі мал шаруашылығы салтын сақтаған монғол көшпелілеріне (200 мың адам) кең-байтақ жайылымдар қажет болды. Осының бәрі егістік жерді қысқартуға әкелді. Елді мекендерді қирату, егістік жерді мал тұяғына таптату, бау-бақшалар мен суару жүйелерін жою, қалаларда сауданың тыйылып, олардың көрші қалалармен және егінші аймақтармен қатынасының үзілуі - осының бәрі Жетісудағы қалалар өмірінің экономикалық және әлеуметтік негізіне зиянын тигізді. Бұл жерде көп жылдар бойы монғол феодал ақсүйектерінің, қалалық және отырықшы

-егіншілік мәдениетке жаны қас, тәуелді елдің халқын жыртқыштықпен пайдаланатын тобы үстемдік етіп келді. Жетісу аумағындағы саяси жағдайдың тұрақсыздығы да бұл жердегі шаруашылық пен мәдениеттің одан әрі құлдырай түсуіне ықпал етті. Жаулаушылар бұл арада мықты билік те, темірдей тәртіп те, бейбіт тұрмыс та орната алмады. Қол астындағы халықты ауыр салықтар мен төлемдер төлеуге мәжбүр етті: жер салығы, алым жинау, байланыс міндеткерлігі, тұрақты және өтпелі әскерлердің қажетін қамтамасыз етудің жиырма шақты түрі, оның ішінде әскери міндеткерлік - жергілікті халық монғол әскерінің қатарын толықтыру үшін жауынгер беріп отыруға міндетті болды.

Шыңғыс ханның Орта Азияға баратын жолында жатқан Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары мен қоныстары алғашқы құрбандары болды. Моңғол әскерлері отпен өртеп, қылышпен қырып, өзіне жол ашып отырды. Араб және парс деректемелері түрлі елдердің халқын моңғолдар түгелдей дерлік қырып тастаған отызға тарта қалаларының атын келтірсе, олардың ішінде Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сығанақ және Ашнас қалалары туралы да айтылады. Отырар тұрғындары мен оның гарнизондары алты ай бойы қарсыласқаны үшін қаталдықпен кек алынды – моңғолдар қаланы тонады, қамал мен қорғанның дуалын қиратты, қаланың тірі қалған тұрғындарының көпшілігін қырып тастады. Отырар тұрғындарының шағын бір бөлігі, «қылыштан қашып құтылғандары» ғана тұтқынға алынып, қаланы қоршауға алған кезде пайдалану үшін Самарқанд маңына айдап әкетілді. Сығанақты жеті күн бойы үздіксіз шабуыл жасап алғаннан кейін басқыншылар оның халқын түгел қырып салған. Сырдарияның төменгі ағысындағы Ашнастың халқы да осындай жағдайға душар болды. Бұл ауданның басқа қалаларында –Жент, Үзгент және Баршынлыкентте халықты мұншалықты қыру болған жоқ, бірақ бұл қалалар моңғол әскерлеріне талап-тонауға берілді. Оңтүстік Қазақстанның басқа отырықшы-егіншілік орталықтарының халқы да зардап шекті. Папа IV Иннокентийдің Күйік ханға жіберген елшісі 1245-1247 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы жүріп өткен. Плато Карпинидің жазған күнделіктерінде сырдария ауданында ол өзінің серіктерімен бірге жермен жексен болған көптеген қалаларды, қирап қалған бекіністерді және қаңырап қалған қыстақтарды көргенін айтады. Ол былай деп жазады: «Біз қанғиттердің жеріне аяқ бастық... Бұл жерден, сондай-ақ Команиядан біз аяқ астында тезекше шашылып жатқан сансыз адамдардың бас сүйектері мен қаңқаларына тап болдық...Бұл адамдар, командарда, қанғиттерде, жер өңдемеген, малмен күн көрген, олар сондай-ақ үй салмастан, шатырларда орналасқан. Татарлар оларды да қырып-жойған, енді солардың жерінде тұрады, ал тірі қалғандарын құл қылып алған».

Француз королі IX Людовиктің моңғол ханы Мөңкеге жіберген

елшісі Рубрук моңғол шапқыншылығынан кейін отыз жылдан астам уақытта 1253-1255 жылдары Қазақстан арқылы өтеді. Осы сапарында Вильгельм Рубрук егіншілік мәдениеттің күйрегені туралы, Жетісудағ, атап айтқанда Іле алқабындағы қалалардың ғайып болғаны туралы алғашқылардың бірі болып мағлұматтар қалдырған. Ол былай жазады: «Біз оң жағын биік тау қоршаған, ал сол жағында айналасы 25 күншілік теңіз бе, әлде көл ме, шалқып жатқан өте әсем жазықпен жүрдік... Жазықта бұрын көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өздерінің малын бағуға жағдай жасау үшін татарлар (моңғолдар) қиратып жіберген, өйткені онда ең тамаша жайылымдар болған». Жошы мен Шағатайдың адамы көп «ордулары», яғни сарайы, нөкерлері, қалың әскері бар негізгі ордалары Жетісуда орналасқан. Бірнеше ондаған жылдар бойы жаулап алынған жерлерде «көшпелі мал шаруашылығының басымдығын» нығайтқан көшпелі моңғолдар тобы осылай қарай ағылған. Ұлыстар құрылғаннан кейін бұл жағдай одан бетер күшейген. Нәтижесінде, көшпелі мал шаруашылығы егіншілік ығыстырып шығарды, егіншілік болмаған соң қалалар құлдырап кетті. Уақыт өте келе, Шағатай, Үгедей және Жошы ұрпақтарының арасында толассыз соғыстар басталды. Ортағасырлық автор Рашид ад-Дин былай деп жазады: «XIII ғасырдың 60 жылдарында Арығ-Бұға» әскерлерінің халықты қысқаны соншалықты, Іле алқабында ашаршылық басталып, кәштеген халық қырылып қалды». Сонымен, бұрын отырықшы – егіншілік мәдениеті дамыған, моңғолдарға дейінгі уақытта 200-ге тарта елді мекендер болған ауданда XIII-XIV ғасырларда жиырмадан аспайтын шағын қоныстар ғана қалған. XIV ғасырдан кейін Шу алқабында жеті ірі қоныстан тек Аспара ғана тіршілігін тоқтатпаған екен. Шу аңғарында ежелгі ірі қалалардан Баласағұнда құрып кеткен. Мұхаммед Хайдар Дулати : «Енді тіпті Баласағұнның аты қатысты жер де беймәлім, оның қалдығының қайда екені де белгісіз»-деп жазады. В.В.Бартольдтің айтуынша, Баласағұн XIV ғасырға дейін белгілі болған, бірақ өзара кескілескен соғыстар кезінде басқа қалалармен бірге біржола қиратылып жіберілген.

Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстарына кіріп, олар да ондықтарға, жүздікке, мыңдыққа, он мыңдыққа бөлінді. Олар моңғол ақсүйектерінің жаңа үлестері және жаңа әскери бөліністер болды. Бқлайша бөлу жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымын ескере отырып, жүргізілді, сондықтан, мұның өзі ұзақ уақыт бойы орнығуына себепші болған маңызды фактор еді. Бағындырылған халықтар хан үйіне тиесілі деп саналды. Оларға ауыр салықтар салынды, міндеткерліктер жүктелді. Отырысқы халықта әскери борышын өтеуге тиіс болды. Жергілікті халық құшыр салығын, жер салығы-харадж, әскерге арналған-тағар, төтенші салық – авариз, ваковтық салықтар төлеуге міндеттелді. Барлығы джалпы саны

жиырмадан астам салық түрлері болған.

Моңғол шапқыншылығының бірқатар жағымды әсері де бар. Моңғол билеушілері сауданың өркендеуіне, халықаралық қатынастардың жақсаруына үлес қосты, байланыс және көлік қызметін жаппай енгізді. Бұрын бір-бірін білмейтін халықтар арасында сауда және мәдени байланыс орнатылды. Ұлыстар арасында сауда керуендері, елшілік адамдары жүріп жатты, саяхатшылар жер түбіндегі алыс елдерге барып, Еуропаға бұрын белгісіз болып келген азиялық елдер мен халықтар жайлы мәліметтер таратты.

Моңғолдар бір орталықтан басқару идеясымен бұрын бастары бірікпей келген туыстас тайпаларды жақындастырды. Көшпелі тұрмыс салтын Шыңғыс ханның «Жаса» деп аталатын, жаңа жағдайда бейімделген қарапайым құқықтар жиынтығы реттеп отырды. Кейіннен қазақтың «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасағанда «Жасаны» да пайдаланған. Мемлекеттіліктің көптеген түрлері де кейіннен Қазақстанда, моңғол дәуірінен соңғы кезеңде пайда болған мемлекеттерде пайдаланылды. Моңғол шапқыншылығы Қазақстан аумағындағы этностық процесстерге үлкен әсерін тигізді. Дегенмен, Шыңғыс хан мен оның ізбасарлары жүргізген соғыстар жаулап алынған елдердің ғана емес, Моңғолияның өзінің де өндіргіш күштерінің құлдырауына алып келді.

Бақылау сұрақтары:

1. Моңғол жаулаушылығы нәтижесінде Қазақстанда қандай қалалар қиратылды?
2. Араб және парсы деректемелерінде моңғолдар қырып салған бірнеше қалалар айтылады, ал онда қазақ жеріндегі қай қалалар туралы жазылған?
3. «Отырар апаты» деген қандай оқиға?
4. Еуропалық автор Плано Карпинидің мәліметтерінде моңғолдардың жаулаушылықтары туралы қандай мағлұматтар келтірілген?
5. Моңғол жаулап алушылықтарының әлеуметтік зардаптары қандай болды?

§7 Ақ Орда

Шыңғыс хан Хорезм мемлекеті мен Дешті Қыпшақ даласын бағындырған соң, 1223 жылы қазіргі Түркістан қаласының маңындағы Күлтөбе де ұлы құрылтай өткізеді. Құрылтай аяқталған соң, ол өзі бағындырған ұлан-ғайыр аймақты бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына бөліп берген болатын. Ұлкенұлы Жошыға Ертіс өзенінен Ора тауларына дейінгі өңір, одан әрі «моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар» түгел беріледі. Каспий мен Арал

теңіздерінің төңірегі, Амудария мен Сырдарияның төменгі ағысы бойы да Жошы ұлысына қарайды. Бірақ Жошы оғлан өз ұлысын ұзақ басқара алмайды. 1227 жылы ақпанда аң аулап жүріп, оқыста қазаға ұшырайды. Түркә дерегіне сүйенсек, Жошының он үш ұлы болған. Ал, Рашид ад-Дин, Жамал ал-Қарши және басқадай кейбір деректер бойынша Жошының 40 ұлы болған делінеді. Олардың ішінде тарихта танымал болғандары 14: кейбір деректер бойынша үлкені - Орда Ежен, екіншісі - Батый (орыс деректерінде Бату, шығыс авторлары Сайын деп атайды), үшіншісі –Берке. Олардан кейін Шибан (Шайбан, Сыбан деп те аталады) және Тоқа Темірде бар. 1227 жылы Жошы аяқ асты қаза болғаннан кейін, өзінің мұрагерін атап үлгермеген. Сондықтан «Ұлы Жасақ» заңы бойынша оның орнына тақ мұрагерін Ұлы хан тағайындайды. Осы мәселе бойынша Шыңғыс ордасында кішігірім жиын өткізіледі. «Шыңғыс наме» авторы былай жазады: «Жошы өлгесін оның тұңғыш ұлы Ордана (Орда Ежен), екінші ұлы Батый арасында қайсысы әке мұрагері болмақ деген мәселе төңірегінде қайшылық туды. Ақыры бір анадан туылған екеуіжәне бақа 17 ұлы болып, барлығы қаған атасына келіп жүгінді. Қаған атасы Батыйға алтын босағалы Ақ Орда, Орданаға күміс босағалы Көк Орда, бесінші ұлы Шибанға (Шайбани) болат босағали Боз Орда көтеріп берді»-деп жазады. Сонымен қатар, тарихшы, Шыңғыстанушы Зардыхан Қинаятұлы еңбегінде шығыстанушы В.Г.Тизенгаузеннің аудармасымен жарық көрген Гаффаридің мәліметіне сүйеніп «1224 жылы Ертіс бойындағы Бұқа шошығанда болған ұлы жиында Жошы өзі қатыса алмағанын, бірақ оның ұлдары 18-19 жасар Орда Ежен, 16-17 жасар Батый, 15-16 жастағы Шайбан қатысқанын жазады. Соған қарағанда алдыңғы айтылғандай Орда Ежен Батыйдың інісі емес үлкен ағасы деген шындыққа саяды. Ортағасырлық траихшы Әбілғазының мәлімдеуінше Жошыны аза тұтып болғасын, Батыйды үш күннің ішінде әке тағына отырғызады. Бұған Жошының басқа ұлдарыда, Орда Еженде еш қарсы болмаған деп жазады.

Көшпелілер дәстүрі бойынша, әке иелегіне үлкен ұлы мұрагер болып қалуы керек еді. Бірақ Жошының үлкен ұлы Орда Ежен өз жолын інісі Батыйға ұсынады. Батый өз кезегінде Орда Еженді қатты сыйлаған. Тіпті өз ұлысының Ертістен Арал теңізіне дейінгі шығыс бөлігін басқаруға берген.

Жошы ұлысы моңғол дәстүрі бойынша оң және сол қанаттарға бөлінген., олар дербес мемлекеттік құрылым ретінде қалыптасқан. Орда Ежен билеген сол қанат – ата шаңырағы болғандықтан, ежелгі түркілер салты бойынша Ақ Орда деп аталған. Батыста Батый хан көтерген Сары Орда тарихи әдебиеттерде Алтын Орда деп аталып кеткен. Жошы ханның тұңғыш ұлы Орда Ежен сол қанаттың әскери ұолбасшысы, жеке дара билеушісі болған. Қытай тарихшысы Су Би Хай «Ақ Орданың бірінші ханы Орда Ежен» деп жазған. ХІҮ ғасырдағы

парсы тарихшысы Шихаб ад-Дин Абдаллахтың мәлімдеуінше «Орда Еженнің көзі тірісінде тікелей билігінде 10 мың тұрақты жасағы болған». Ордасы Ертіс бойында болды, сәл кейінірек яғни 13010 жылы Баян ханның ұлы Сасы Бұқа тұсында Сығанаққа көшілірген.

Оржа Ежен 1246 жылы Рим папасы Иннокентий IX елшісі Плани Карипини мен бірге Қарақорымдағы Күйікті ұлы хан сайлаған құрылтайға қатысқан. Бірақ 1251 жылы оның ұлысын төртінші ұлы Күнқыран басқарғаны белгілі. Демек, Орда Ежен 1246-1251 жылдар аралығында қайтыс болған. Күнқыран Орда Ежен ұлысын 1280 жылға дейін билейді. Өз ордасын Алакөл жағасынан Сырдария өзенінің бойындағы сығанақ шаһарына көшіруді ұсынған да осы Күнқыран деген мағлұматтар кездеседі. Ол қайтыс болғаннан кейін ұлыс билігі Орда Еженнің ұлы Сартақтай (Сартақ), одан кейін Сартақтан туған Құйыншыға (Қоныша) көшкен. Құйыншы (Қоныша) 20жылдай билік құрып, 1301 жылы қайтыс болады да таққа оның үлкен ұлы Байан отырады. Бұл шешімге оның немере ағасы Құлық (Құбылық) келіспейді. Бұл екеуінің арасында бітіспес күрес басталады. Бізге жеткен деректер бойынша олардың арасында 18 рет шайқас болған. Байан хан Батый сарайындағы Алтын Орда ханы Тоқта (Тоқты) ханнан, Тебриз шаһарындағы Илхандар (Құлағу мемлекеті) билеушісі Ғазаннан көмек сұрайды. Алтын Орданың Ұлы ханы Тоқта бұл кезде Ноғай қолбасшымен арадағы дау-дамайдан кейін жаңа ес жиған. Ноғайдың өзі осы шайқастарда 1300 жылы қаза тапса да, оның қол астындағы халқы Тоқта ханға наразылық білдіруін қоймайды. Сондықтан, Алтын Орда ханы Тоқта хан бұрынғы Ноғай қолбасшыны қолдаған сарбаздардан бірнеше түмен отбасыларымен бірге Байан ханға көмекке аттандырады. Ал Құлық болса Шайбан әулетіне арқа сүйейді. Нәтижесінде Байан хан бастаған әскер Құлықты тас-талқан етіп жеңіп, бұрынғы Ноғай қолбасшының қол астындағы әскерді елдің батыс бөлігіне орналастырады. Олардың арасында арғын, найман, қыпшақ тайпаларының өкілдері де болады. Олар өздерін Ақ Ордамыз деп атаған. Осылайша, XIV ғасырдың басында Алтын Орданың шығыс бөлігінде Орда Ежен ұлысы бірте-бірте Ақ Орда атала бастайды. Ал Орал мен Батыс Сібір аумағында Жошының бесінші ұлы Шибан немесе Шайбан ұрпақтары билік етіп, олар өздерін Көк Орда деп атаған. Байан хан өлгеннен кейін 1309 жылы Ақ Орда тағына оның екінші ұлы Сасы Бұқа отырады. Ол ұзақ уақыт басқарып, 1315 жылы (кей деректерде 1320 жылы) өз ажалынан қайтыс болады. Оның орнына билікке оның ұлы Ерзен хан келеді. Орыс жылнамаларында Ерзен хан өте ақылды, діндар, көреген адам болған деп жазылады. Ол Алтын Орданың ұлы ханы Өзбекпен достық қарым-қатынаста болған. Му,ин ад-дин Натанзи Ақ Орда ханы Ерзеннің Сығанақты көркейтіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршынкентте мешіттер мен медреселер, біраз үйлер салдырғанын хабарлайды. Жылнамашылар жазғандай, «оның кезінде

Түркістан өлкесі нағыз жұмаққа айналған». Ерзен хан Ақ Орданы 10 жылдай басқарған. Ол қайтыс болғаннан кейін 1325 жылы таққа оның үлкен ұлы Мүбәракқожа отырады. Жылнамашылар оны тік мінезде, сараң адам болған сипаттайды. Ол Алтын Орданың ұлы ханы Өзбекке бағынғысы келмей, Ақ Орданы дербес мемлекетке айналдыруға ұмтылады. Сол мақсатпен 1327-1329 жылдары Сығанақ шаһарында өз атынан теңге соқтырып, айналымға шығарады. Алайда, Алтын Орданың ұлы ханы Ақ Орда билеушісінің бұлай тым еркін әрекет етуін кешірмейді. Өз басына қауіп қатер төнгесін Мүбәракқожа Ақ Орда тағын тастап, Шағатай ұлысына қашады. Бірнеше жыл бойы қырғыздар арасында құсалықпен күн кешкен ол сол жақта қайтыс болады. Ал Ақ Орданың тағына Алтан Орданың ұлы ханы Жәнібектің бұйрығымен 1344 жылы Ерзеннің екінші ұлы Шымтай отырады. Шымтайдың Ақ Ордада билік құрған кезі Алтын Ордадағы «дүрбелең кезеңмен» тұспа-тұс келеді. Шымтай хан Берке сарайында өтіп жатқан тақ таласына араласпай, сырттай бақылаушы ғана болады. Айналасындағы Ақ Орда бектері Берке сарайына жорық жасап, ұлы тақты иеленуін, сөйтіп Алтын Ордада тәртіп орнатуын қаншама сұраса да, Шымтай көнбейді. Тіпті, өзінің ұлы Орыс сұлтанның Берке сарайына дереу жорыққа шығуға асыққан жолынан тоқтатады. Шымтай 1368 жылы қайтыс болады да, орнына баласы Орыс хан отырады. Орыс ханның таққа отырған уақыттан бастап Ақ Орданы кқркейтуге бар күшін салады. Сығанақта өз атынан теңге соқтырады. Көптеген жаңа құрылыстар салынады. Бұрынғы алтын Ордаға тиелді Тоқа Темір ұрпақтары билейтін Маңғыстау түбегі де, Шибан ұрпақтары билейтін солтүстік өңірлер де ақ Ордаға бағынады.

Орыс хан таққа отырғаннан кейін 4 жыл өткенде 1372 жылы Сығанақ шаһарында Ақ Орда бектерінің құрылтайын шақырады. Мұнда Берке сарайына жорыққа аттану мәселесі талқыланады. Осы жиында Алтын Ордадағы дау дамайларға араласып жүрген бірқатар нояндар Орыс ханды қолдап, Алтын Орданың шекаралс аймақтарын түгел қосып алу жоспарланады. Тек Маңғыстау билеушісі Тоқа Темір ұрпағы Тайқожа ғана мұндай жорыққа қатысудан бас тартады. Сондықтан Орыс хан Тайқожаны өлім жазасына кеседі.

Орыс ханның Берке сарайына жорығы 1374 жылы басталады. Ақ Орда сарбаздары осы жылы көктемде Қажы Тархан (қазіргі Астрахань) шаһарына келіп кіреді. Содан Еділдің бойымен жүріп өтіп, Берке сарайын бағындырады. Бірақ Еділдің арғы бетінде қолбасшы Мамайдың билігі орнаған болатын. Алтын Орда да Мамайды қолдаушылар да көп болады. Сондықтан, өзінің басты қарсыласы Мамай мен Орыс ханның арасында бірнеше рет қақтығыстар болады. Тіпті солтүстіктегі Литва королі Витовт да Мамаймен одақтас болған және оның Алтын Ордадағы билігін күшейтуіне қолдау көрсеткен.

Осы кезде 1376 жылы Тайқожаның ұлы Тоқтамыс Әмір Темірдің

қолдауымен Ақ Ордаға шабуыл жасап, Орыс хан Сығанаққа қайта оралуға мәжбүр болады. Тоқтамыстың үлкен қолмен Сауран қаласына жақындап қалғанын естіген Орыс хан 1376 жылы оған қарсы екінші ұлы Құтылықбұқаны аттандырады. Сауран түбінде үлкен шайқас болып, шайқас кезінде Құтылықбұқа қаза табады. Бірақ Ақ Орда әскері Тоқтамысты тас талқан етіп жеңеді. Әмір Темір Тоқтамысқа қайтадан мол әскер беріп, қайтадан Ақ Ордаға аттандырады. Оған қарсы Орыс ханның үлкен баласы Тоқтақия қарсы шығып, тағыда үлкен шайқас болады. Онда да Тоқтамыс Ақ Орда әскерінің тас-талқан болып жеңіледі. 1377 жылдың көктемінде Ақ Орда ханы Орыс хан қайтыс болады. Оның орнына таққа үлкен ұлы Тоқтақия отырады. Тарихи жылнамаларда ол «өте ақылды, сабырлы билеуші еді» деп жазылған. Бірақ ол небары 3 ай ғана басқарады да, билік Орыс ханның басқа баласы Темірмәлікке ауысады. Жылнамаларда ол «қызыққұмар, қызба жан» деп көрсетіледі. Сол сияқты соғыс тәсілін өте жақсы меңгергені туралы, 1376 жылы ұрыста аяғынан жараланып, бір аяғын сылтып басатындығы айтылған.

Тоқтамыс тағыда Әмір Темірден көп әскер алып, Сығанаққа аттанады. Қалаға жетпей Отырардың түбінде Ақ Орданың ханы Темір Мәліктің әскерімен кездесіп, оңбай жеңіледі. Кейін 1379 жылы Әмір Темір мен Тоқтамыстың біріккен әскері үтпеген жерден Ақ Ордаға шабуыл жасап, Темірмәлікті шайқас кезінде өлтіреді де, оның бас қолбасшысы маңғыт руының бегі Балтышақ тұтқынға алынады. Балтышақтың екі ұлы болған: ілкені-Иса, кішісі –Едіге. Тоқтамыс Исаны (Исабек) өз әскерінің бас қолбасшысы етіп тағайындайды. Бірақ оның інісі Едіге өз әкесін өлтірген Тоқтамысқа жүрегі жылымайды. Ақыры Едіге Самарқандағы Әмір Темірге қашып барып, бұдан кейінгі Алтын Ордадағы дүрбелеңдерге белсене араласа бастайды.

1380 жылы Тоқтамыс Сығанақты басып алып, онда өзін хан деп жариялайды. Тарихи деректерде Орыс ханның ұлы Құйыршық (Қойыршақ), немересі Темір Құтлұқ және Едіге мырза Әмір Темірге қарай кетедіде, орталығын Сығанаққа көшіреді деп жазылады. 1380 жылы 8 қыркүйекте Донның сол жағалауында, яғни енді Қыпшақ даласы ішінде Куликово шайқасы өтеді, бұл шайқаста Мамай әскері жеңіліске ұшырайды. 1381 жылы Тоқтамыс Мамайдың әскерін талқандап, Алтын Орда тағын басып алады. Тоқтамыс Алтын Ордаға Ақ Орда және Көк Орданы қосады, осы арқылы Днепрден Алтайға дейінгі Жошы ұлысының барлық территориясын өз билігі астына алады. 1382 жылы Тоқтамыс Мәскеуге жорық жасайды да, орыс княздіктерінің вассалдығын күшейтеді. Алтын Орда қайтадан бірігіп, күшейе түседі. 1383 жылы Тоқтамыс Хорезмді жаулап алып, Әмір Темір империясының аумағына көз аларта бастайды. Сөйтіп Әмір Темірмен арасында қақтығыстар басталады. 1388 жылы Әмір Темір Тоқтамысты Хорезм аймағынан ығыстырып шығарады. 1391 жылы қыпшақ

даласына енген Әмір Темір әскері Кондурча(Құндызшы) өзенінің жағасында Тоқтамысты талқандап, Самарқандқа қайта оралады. Тоқтамыс Литваға қашады.

Дешті Қыпшақтағы Сығанақ, Отырар, Яссы, Сайрам, Сауран қалалары Темірдің иелігіне өтеді. 1393 жылы Тоқтамыс Сарайға қайта оралады. 1395 жылы Тоқтамыс Литва князі Витовттың көмегімен Алтын Орда тағына қайта отырғанын жариялайды, бірақ Терек өзені бойында Әмір Темір әскері келіп Тоқтамысты тас талқан етіп жеңеді. Шайқас барысында Алтын Орданың көптеген қалалары қиратылады. Әмір Темір енді Ақ Орда мен Алтын Орда тағына Орыс ханның баласы Қойыршақты қояды. Оның Алтын Ордадағы билігі бір жылға да жетпей өледі. Өйткені, 1396 жылы Балтышақтың ұлы Едіге мырза оның орнына өзінің туған жиені Тоқа Темірдің ұрпағы Темірқұтлықты отырғызады. Ес жүзінде Алтын Ордадағы билік Едігенің қолына көшеді. Едіге би Алтын Орданы да, Ақ Орданы да қатар бастақарады. 1419 жылы Едіге мен Тоқтамыстың кіші ұлы Қадырбердінің арасындағы Сарайшық қаласының маңында болған ұрыста бұл екеуіде өледі. Осы кезде Едігенің қол астында яғни тәрбиесінде болған Орыс ханның немересі Қойыршық ханның баласы Барақ оғлан Самарқандағы Ұлықбекке (Әмір Темірдің төртінші ұлы Шаһрухтан туған немересі) келіп паналайды. Ұлықбек оны құшақ жая қарсы алып, әскер беріп, Сығанаққа аттандырды. 1419 жылдың тамызында Барақ оғлан қалың әскермен Самарқандтан шығып, көп ұзамай Сығанақты басып алады. Одан әрі Еділ бойындағы Алтын Орда ханы болып отырған Тоқтамыстың немересі Ұлығ Мұхаммедтің сарайына жорық жасайды. Барақты Еділ мен Жайық аралығында бітлік етіп отырған маңғыт ордасындағы Едіге бидің үшінші ұлы Мансұр би қолдайды. Нәтижесінде, Барақ маңғыттардың және Ұлықбектің қолдауымен 1423-24 жылдары Алтын Орда ханын талқандап, билікті өз қолына алады. Бірақ көп ұзамай, Ұлық Мұхамед қайта әскермен келіп, оны Сарайдан қуып шығады. Бұл оқиға Ұлық Мұхамедтің 1428 жылы наурызда түрік сұлтаны ІІ Мұратқа жолдаған хатында жазылады. Ұлық Мұхамедтен жеңілген Барақ бар өшін, алуын маңғыт Мансұр биден алады. Екеуінің арасында қандай жағдай болғаны белгісіз, бірақ деректерде 1426 жылы Мансұр би Барақтың қолынан өледі деп жазылады. Сөйтіп, маңғыттар мен Ақ Орда ханы Барақтың арасында жауластық пайда болады. 1428 жылы Барақ хан Еділ мен Жайық бойындағы маңғыт жұртына қайтадан жорыққа шығады. Алайда, оның әскерінің құрамында маңғыт Мансұр бидің кегін қайтарғысы келіп жүрген ноғайлы билеріде болады. Осы жорығында сол өз әскерінің ішінедегі ноғайлылардың сақындығы мен қастандығынан Барақ хан, оның немере ағасы Болат сұлтан қаза табады. Деректер бойынша шайқас барысында, маңғыт ноғайлы Айнас бек жараланған Барақтың артынан қуып, оны құлатып, басын алды деп жазады. Осылайша, 1428 жылы

Орыс ханның немерелері Барақ пен Болат сұлтан өлгеннен кейін Ақ Орда ыдырап кетеді де, оның орнында бірнеше ұсақ хандықтар рпайда болады.

Сонымен 240 жылдай өмір сүрген мемлекеттің, яғни, Ақ орда хандары өз теңгелерін соғу дәстүрін сақтаған. Сығанақты орталықа айналдыру Орта Азия мен Хорезмнің отырықшы аудандарымен байланыстардың кеңеюіне жәрдемдесті. Бұған сонымен қатар Алтын Орданың орталығы –Еділ бойындағы қала өмірінің тіршілігінің тоқтауы мен сауда жолдарының өзгеруі едәуір әсер етті.

Мұсылман хронологиялық шежіресі бойынша Ақ Орда хандары мынадай реттілікпен беріледі: Орда –Ежен, Сартақ, Қоныша, Байан, Сасы-Бұға, Ерзен, Мәбарак, Шымтай, Ұрыс хан, Қойыршақ және соңғы ханы Барақ.

Орда Ежен ұрпақтары Сыр өңірі қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күрес жүргізеді. Сонымен бірге далалық аудандардың көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің және сыр өңірі жазирасының отырықшы аудандарының халқы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды қалпына келтіру күшейген. Ақ Орда билеушілерінің орталығы ретінді Сығанақ қаласының алынуы тегін емес еді. Ақ Орданың хандары 1) Ертістен Сырдарияға, Алтайдан Ұлытау мен Аралға дейінгі далада экстенсивті мал шаруашылығын сақтап, ұстана отырып,және дәстүр бойынша жазғы және қысқы жайылымдарға көшіп-қонудың қалыптасқан тәртібін орнықтырып,

2) Сырдың орта ағысының, Таластың, Шудың отырықшы-егіншілік өңірлері мен Ұлытау даласының шаруашылық және мәдени өмірін қалпына келтірудің бағытында бірқатар істер жүргізді.

3. Жергілікті феодалдық үстем таптың экономикалық және саяси жағдайының нығаюы негізінде Ақ Орда билеушілері Мүбәрак-Қожа ханнан (1320-1344 жж) бастап Алтын Ордадан біршама тәуелсіздіктің өзінен де біржола қол үзді.

XIV ғ.аяғы-XV ғ. басындаға сыртқы саяси ауыр жағдайлар мемлекеттің ішкі қарқыстар кезінде Ақ орда едәуір әлсіреп кетті. 20 жылдарда Орыс ханың немересі Барақ хан өз әулетінің билігін бірсыпыра уақыт қалпына келтіреді. 20 жылдардың аяғында Шығыс-Дешті Қыпшақтың үлкен бөлігі билігі Шайбани ұрпақтары Қазақстанның оңтүстік аудандарыныда өз биліктерін сақтап қалды.

Моңғол зардаптары біртіндеп жойыла бастады. XIV ғ. Қазақстанның оңтүстігі мен оңт-шығыс қала мәдениеті, егіншілік, қолөнер өндірісі жандана түсті. Бірақ саяси күрес жалғаса берді. Алтын Орда да үсті-үстіне халық көтерілістері өрістеді. Мұны пайдаланған Жошы мен Шағатай ұстыстарында түрік билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда өздерінің саяси билігін орнату жолында күрес жүргізді. Соның нәтижесінде XIV ғасырда солт-шығыс орталық және

оңт Қазақстан аумағында Ақ Орда Алтын ордадан біржола бөлініп шығады, онымен қатар оңт-шығыс Қазақстан мен Қырғызстан аумағында Моғолстан п.б. Ал XIV ғ. Басында Алтан Орда иелігіне Еділ бойындағы дала, Еділдің батыс жағындағы жерлер, Қырым, солтүстік Кавказ бен Солт Хорезм кірді.

Ақ Орда ұлы моңғол империясынан кейінгі Қазақстан аумағындағы жерілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақ Орданың Алтын Ордадан оқшаулану қай уақытқа сәйкес келеді?
2. Сығанақ қаласында өз атынан теңгелер соқтырған Ақ Орда ханын атаңыз?
3. Мұбарак хан қай жылдары Ақ Орда ханы болды?
4. Орыс ханның Еділ бойына жорығы қай жылдары болды және қандай нәтиже берді?
5. Ақ Орданың Әмір Темір империясымен қарым-қатынасы қандай болды?
6. Ақ Орданың соңғы ханы Барақ пен маңғыт бектері арасындағы қарым-қатынастар туралы айтып беріңіз.

§8 Моғолстан мемлекеті

XIV ғ. орт. қарай Шағатай ұрпағы мемлекеті дербес мемлекетке айналып батыс моғол және шығыс моғол деп екіге бөлінеді. Шығыс аймақтарындағы көшпелі шонжарлар хижра бойынша 748 жылы, ал біздің жыл санауымызша 1347-1348 жж. Шағатайдың тікелей ұрпағы Тоғылық Темірді хан көтерді. Сөйтіп, басты билік Дулат тайпаларының әмірлерінің қолына көшеді. Дулаттар сол кезде Жетісуда ең ірі, беделді әрі ең көп аймақта қоныстанған. Сонымен қатар, олар Ш.Түркістанның отырышқы-егіншілік аймақтарына да өз ықпалын жүргізеді. XIII ғасырда-ақ Шағатай көзі тірісінде өз мемлекетін ұлыстарға бөлген. Содан дулат тайпаларының басшысы Ортөбеге Ш.Түркістанды (Маңлай Сүбе) береді. Кейін бұл жерге оның баласы Полатшы билік еткен(ордасы Ақсу қаласы). Ол өз жөнінде Мауеренахрдан бөлек тәуелсіз хандық құрғысы келеді. Сол арқылы феодалдық қақтығыстарды тоқтатуды көздейді. Моғол шонжарлары Ш.Түркістанда, Жетісуда өз билігін нығайтқанымен дәстүрді бұзуға, Шыңғыс әулетінен билікті тартып алуға батылы бармады. Сондықтан Поладшы таққа Шағатай әулетінен Дува ханның немересі 18 жастағы

Тоғылық Темірді қояды.

МХДулати еңбектері бойынша Моғолстан шекарасы: «ұзындығы мен көлемі 7-8 айлық жол. Шығыс шеті қалмақтардың жерімен шектеседі және Барыскөл, Емел және Ертісті, солтүстікте оның шекарасы Көкшетеңіз (Балқаш) Түркістанмен, Ташкентпен шектеседі. Оңтүстігінде Ферғана уалаятымен, Қашқар, Ақсу, Шалыш және Тұрфан мен шектеседі. Оның шекарасының ұзындығы сауда керуенінің үш айшылық жолына жетеді және тоқсан күншілік асуы бар». Моғолстан шекарасы ешқашан тұрақты болмаған.

Моғолстан термині «моғол», «моғұл» этнонимінен құралған, бұл сөз Орта Азияда осылай жазылатын болған. Халқы түгел түркі тілінде сөйлеген. Деректерде моғолдарға түркі атауыда, моғол атауы да бар ірі тайпалар жатқызылған. Олар: дулаттар, қаңлылар, керейттер, аргинидтар, баариндер, арлаттар, барластар, бұлғашылар және т.б.

Моғолстан мемлекетінің құрылысы дәстүрлі ұлыстық жүйені сақтаған. Мемлекеттік бірлікті сақтауда саясатта Тоғылық Темір ислам дінін тірек еткен. Дінді таратуда көптеген шаралар жүргізген. М.Х.Дулати мәліметтері бойынша 1 күнде 160 мың адам исламды қабылдаған (сыртқы саясаты туралы ауызша баяндау). Ол өз билігін Мауеренахрға жүргізбекші болған. Тоғылық Темірдің Мауеренахрға 1-ші жорығы 1360 ж баст (ақпан-наурыз). Ол Сыр өзенінен өтіп, болашақ билеуші Әмір Темір иелігіне келеді. Өзі ойлағандай бұл өңірдің билеушілері оған қарсылықсыз біртіндеп беріле бастады. Алғашқы болып Әмір Темір Тоғылық Темірмен келісімге келеді. Бұл одақ Әмір Темірдің билікке ұмтылуы әрекеттерінде басты тірек болған.

Алайда моғол әскерлері қолбасшылары арасында (деректерде керейт, аргинуд, қаңлы тайпалары әмірлер мен бектері бүлік шығарып, Моғолстанан кетіп қалады.) Кикілжің болып, бытыраңқылық туғызады. Бұл Тоғылық Темірдің Мауеренахрды жаулап алу жорықтарын тоқтата тұруға әкеледі. 1360-1361 жж бұл бүліктер әскери күшпен басып жаншылады, 1361 жылы көктемнен бастап жорықтар қайта жанданды. Жойқын жорықтан сескенген Мауеренахрдың ірі әміршілерінің бірі Қажы Барлас Хорасанға қоныс аударып, Әмір Темір екінші рет вассалдығын мойындайды. Нәтижесінде, Тоғылық Темір бүкіл Мауеренахрды басып өтіп, оңтүстіктегі Құндыз өңіріне дейін жетеді. Мұнда жылдың соңына дейін болып, суық түсе Самарқанға оралады. Ол өзінің баласы Ілияс-Қожаны Мауеренахрдың билеушісі етіп қалдырып, Тоғылық Темір Моғолстанға оралады. Алайда, Ілияс-Қожа билігі әлсіз болып шықты. Моғол әскерлері онымен үнемі санаса бермеді. Мұндай аулауыздықты пайдаланған Әмір Темір Мауеренахрда күш жинай бастайды. Осы қызметі үшін оған Кеш қаласы мен оған іргелес жерлер берілді. Моғол ханының саясаты Әмір Темірдің билікке келуін жеңілдетті.

1361 жылы көктем айларында Тоғылық Темір Мауераннахр жаңа

жорық ұйымдастырды. Мауераннахрдағы ықпалды әмірлердің бірі қажы Барлас Хорасанға қашты. Тоғылық Темір өз әскерімен оңтүстіктегі Құндыз қаласына дейін жетіп, көктем-жаз айларын сонда өткізді. Күзде Самарқандқа оралды. Мауераннахрдың билігіне баласы Ілиясты қалдырды. Моғолдар өздері жаулап алған жерлерді тонаушылыққа ұшыратты. Билікқұмар Әмір Темір халықтың моғол билеушілеріне наразылығын пайдалана отырып, Ілиясқа қарсы жымысқы әрекеттер жасай бастады. Тоғылық Темірдің қайтыс болуына байланысты Ілияс Моғолстанға қайта оралды. Қайтар жолда Ілияс Қожа әскері, Әмір Темірдің әскеріне кезігіп қалды. Екеуінің арасында болған шайқас барысында Ілияс Қожа жеңіліп, тұтқынға түсті. Алайда, Әмір Темірдің есіне Тоғылық Темірдің оған жергілікті тайпалармен болған күресте көмектескені есіне түскен болу керек, Ілиясты босатып, Моғолстанға кері оралуға мүмкіндік берді.

Билеушілер арасында болған бұл оқиға ұмытылған жоқ. Моғолстанның билігіне келген Ілияс Қожа 1365 жылы Әмір Темірге қарсы жорық жасады. Сырдарияның жағасында Чиназ бен Ташкент қалалары аралығында тарихшылар «Батпақ шайқасы» деп атап кеткен оқиға болды. Шайқас жүріп жатқан кезде жаңбыр жауып, жер батпаққа айналып, шайқасушыларға көп кедергі келтірді. Шыңдалған моғол әскерінің жеңуіне Шамс ад-Дин Дулат басқарған тың әскердің көп көмегі тиді. Әмір Темірдің әскері кері шегінгенде көп адам батпақ пен лайға тапталған еді. «Тарихи Рашиди» шығармасында «майдан даласында он мыңдай адам қаза тапты» деп жазады.

Осылай Самарқандқа баратын жол ашылғаннан кейін, моғол әскері жергілікті халықты тонауға кірісті. Сербедарлардың рухани қозғалысының мүшелері қала тұрғындарына басшылық жасай отырып, моғол әскеріне қатты қарсылық көрсетті. Қоршаудың ұзаққа созылуы моғол әскерін әлсіретті. Сондай-ақ жылқылардың арасында аусыл ауруының кең таралуынан шығын көбейіп, «төрт салт аттыға бір аттан ғана қалды». Моғолдар қаланы тастап кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп, моғол хандары Шағатай әулетінің Орта Азиядағы үстемдігін қайта қалпына келтіре алмады.

Әмір Темір бұл жағдайды пайдалана отырып Моғолстан жеріне көз сүзе бастады. Жаулап алушыларға қарсы Қызыр Қожа (1388-1389 жж.) мен оның баласы Мұқан хан (1408-1416 жж.) күрес жүргізді. Бірақ бұлардың ешқайсысы Әмір Темірдің жаулап алу жорықтарына қарсы тұра алмады. Моғолстан әскері жаулап алушылармен болған бірнеше шайқаста жеңіліс тапты. Моғолстан мемлекетінде ыдырау процесі басталып, XV ғасырдың соңына дейін созылды. 1433-1462 ж. Уәйіс ханның ұлы Есен Бұға Дешті Қыпшақ халқының бір бөлігін Жетісуға көшірді. Осы жерде түркі тайпаларынан қазақ халқы, ал Тянь-Шанның бөктерінде қырғыз халқының қалыптасу процесі басталды. Шығыстан ойрат-қалмақтардың жорықтары бұл мемлекеттің

әлсіреуіне әсер етті.

Моғолстанның соңғы ханы 1514 ж. билікке келген Жүністің немересі Әбу Сейіт хан еді. Ол Қашқарияға кетуге мәжбүр болып, Шығыс Түркістанда жаңа «Моғол» мемлекетінің негізін салды. Құлаған Моғол мемлекетінің ендігі тарихы қазіргі Қазақстанның географиялық аумағынан тыс жерде өрбіді.

Бақылау сұрақтары:

1. Моғолстан мемлекетінің негізі қай жылы қаланды?
2. Моғолстан мемлекетінің тарихы туралы деректерді ата.
3. Моғолстан мемлекетінің тарихындағы маңызды оқиғаларды көрсетіңіз?
4. Әмір Темірдің Моғолстанға шапқыншылық жорықтары туралы не білесіз?
5. Моғолстанның даңқты хандары туралы не білесіз.

§9 Әмір Темір империясы және оның Қазақстанға басқыншылық жорықтары

Моғолстанның Мәуеренахр аймақтарын жаулап алуы қарсаңында Батыс Түркістан облыстары өзара бөліске алынған. Бұлардың қатарында деректемелер сүлдүз тайпасының әмірі Баянды, жалайыр тайпасының әмірі Баязидты, барлас тайпасының әмірі Қажыбекті, жасауырдың басшысы Қызыр әмірді, найман тайпасының әмірі Хамидті атайды; Хамид наймандарға қоса адхойлардың, шұбырғандардың да әмірі болған.

Әмір Темірдің толық аты – араб дәстүрі бойынша Темір ибн Тарағай Барлас. Шағатай және моңғол тілдерінде «темір» (берік, қатты) деген мағына білдіреді. Ол Шыңғыс тұқымы болмағандықтан ешқашан хан лауазымын ала алмаған. Бірақ 1370 жылы шыңғыс тұқымдарының туысы ретінде оған Темір Гурхан атағы беріледі. «Гурхан» моңғолдың «куругэн» (көреген) немесе хургэн, күйеу бала дегенді білдіреді.

Парсы деректерінде иран тілінде Тимур-э Лянг яғни Ақсақ Темір деп аталады. Кейін бұл атау орыс және басқа халықтардың арасында кең Тимурлан, Тимурланк деген атпен тарап кеткен.

Белгілі Самарқанд сценаристі Әмір Темірдің биографиясына арналған жаңа фильм түсірген. Оның өмірі Шыңғыс ханның биографиясына өте ұқсайды. Ол Самарқанд, Герат, Шираз, Тавриз қалаларында тұрған. Ол қалаларда оқымысты ғалымдармен әңгімелесіп, тарихи шығармаларды көп оқыған. Ол тіпті өзінің тарихты білгірлігімен ортағасырлық тарихшы, философ және ойшыл Ибн Халдунды таңқалдырған.

Әмір Темір 1336 жылы 9 сәуірде Орда Азиялық Кеш қаласына қарасты (қазіргі Шахрисабз қаласы, Өзбекстан) Ходжа-Ильгар ауылында дүниеге келген. Оның балалық және жасөспірім шағы осы Кеш қаласы мен оның таулы төңірегінде өткен. Жастық шағында аңшылық пен ат жарыстар, әскери ойындарды жақсы көрген. 10 жасынан бастап әкесі Тарағай бектің қызметшілері, Темірдің атабектері әскери қару мен спорттың барлық түрлеріне тәрбиелеген. Әмір Темір туралы алғашқы тарихи мәліметтер 1361 жылдан бастап айтылады. Әкесі Мұхаммед Тарағай немесе Турғай, әскери адам және ұсақ жер иеленуші қатарына жатады. Ол барлас тайпасының көсемі, Шыңғыс ханның баласы Шағатайдың беделді көмекшісі ірі феодал – Қарачара ноянның ұрпағы болып табылады. Деректерде Тарағай бек мұсылмандық дәстүрді қатты ұстанған, және оның рухани ұстазы шейх Шамс ад-дин Кулялдың шәкірті деп жазылады. Оның екі әйелі болды. Алғашқысы (бәйбіше) Темірдің анасы Текина хатун. Екінші әйелі Қадақ хатун, қарындасы Ширинбек-аканың шешесі болды. Мұхаммед Тарағай 1361 жылы қайтыс болып, ол Кеш қаласында жерленген. Әлі күнге дейін оның денесі осы жерде жатыр. Темірдің өзінен үлкен апасы Кутлуг Туркан-ака және қарындасы Ширин-бек-ака, жас кездерінде дүниеден өтіп, Самарқандағы Шахи Зинда қорымында жерленген. Ортағасырлық «Му'изз ал-ансаб» шығармасында Темірдің тағыда үш інісі: Джуки, Алим шейх және Суюргатмыш дегендер болған деп жазылады.

Темірдің рухани көсемдері кезінде Тарағай бектің ұстазы болған сопы шейх Шамс ад-дин Кулял, сонымен қатар Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы болып табылатын шейх Мир Сейид Береке өмірлерінің соңына дейін оны қолдап, ақыл беріп, демеп отырған. Мир Сейид Береке 1370 жылы таққа отырған кезінде Темірге биліктің белгісі барабан мен туды табыс ете отырып, оның болашақтағы тамаша теңістері туралы болжаған. Сонымен қатар, Темірдің барлық жорықтарында қасында болып, 1391 жылғы Тоқтамыспен болған шайқастарында батасын берген. Кейін 1403 жылы Темірдің мұрагері Мұхаммед-Сұлтан мезгілінен бұрын қайтыс болғанда Темірмен бірге қайғырып, оның жерлеу ғұрыптарын өткізген. Мир Сейид Береке өлгенде Гур Эмир мавзолейінде жерленген. Кейін Әмір Темірдің өзі де осында ұстазының аяқ жағына жерленген. Деректерде Әмір Темірдің тағы бір ұстазы – Сагарджи Абу Саид есімі аталады. Темір Орта Азиядағы танымал әсем ғимараттардың бірі Рухабат мавзолейін осы ұстазы Абу Саидтың моласының үстіне тұрғызған деп жазылады.

Алтын Ордадағы Тоқтамысқа қарсы 1391 жылғы жорығында Әмір Темір шағатай тілінде ұйғыр әріптерімен 8 (сегіз) жол және 3 (үш) жол арабша Алтын –Чуку тауларына құран сөздерін ойып жазуды тапсырады. Тарихты бұл жазу Темірдің Қарсақпай жазуы деген атпен қалған. Қазіргі кезде бұл жазба жазылған тау тасының бір бөлігі Санкт-

Петербуркте Эрмитажға қойылған. Оны жақсы таныған Әмір Темірдің замандасы Ибн Арабшах 1401 жылы: «парсы, түрік және моңғол тілдерін басқалардан артық білді» деп жазды. Пристон университетінің зерттеушісі Сват Соучек өзінің монографиясында: «Ол барлас тайпасынан шыққан түрік. Тимурдың ана тілі – түрік (шағатай) тілі, сонымен қатар өзін қоршаған мәдени ортаға қарай парсы тілінде жақсы меңгерген» деп жазған.

Деректер бойынша Әмір Темір мемлекетінің заңды құжаттары екі тілде жүргізілген: парсы және түрік.

Испан елшісі, саяхатшы Руй Гонзалес де Клавихо Мәуеренахрдағы Темірдің сарайында болып былай деп жазып қалдырған: «Мына өзеннің арғы бетінде (Амудария) Самарқанд патшалығы аяқталады, ал жері Моголия (Моғолстан) деп аталады, олардың тілі мугаль тілін бергі жақта ешкім түсінбейді, өйткені олар парсы тілінде сөйлейді. Ал сеньор Темірлан өзінің жанында мугаль тілінде оқып жазатын бірнеше жазғыштар, оқымыстылар ұстайды».

Әлішер Новаидың айтуынша Темірдің өзі өлең жазбаған, бірақ поэзи, прозаны сүйіп оқыған және көптеген бейіттерді жатқа білген.

Әмір Темірдің деректер бойынша 18 әйелі және 21 күңі болған. Олардың ішінде ең сүйіктісі Әмір Хусейннің қарындасы Ұлджай Туркан-ага болған. Кейбір дерек көздерінде оның сүйікті әйелі Казан ханның қызы – Сарай Мульк ханым деп жазылады.

Әмір Темірдің ХІҮ ғасырдың 70 – 90-жылдары Моғолстанға, Ақ Ордаға және Алтын Ордаға жасаған басқыншылығы. Әмір Темірдің билікке ұмтылысы оны 1360 – 1370 жылдардағы тақ таластары шайқалтқанымен, әлі де құдіретті Алтын Ордамен бетпе-бет келтірді. Бірақ онымен соғыспас бұрын Әмір Темір өзінің солт. мен шығыстандағы ең жақын көршілері – Ақ Орда мен Моғолстанды нысанаға алды. Ол бұл істе өзіне Ақ Ордадан қашып келген Тоқтамысты пайдалануға ұмтылып, оны әскерімен жасақтап, 1374 – 1376 жылдарда үш рет Ақ Ордаға аттандырды. Темір Мәліктің 10 мыңдық әскерін 1376 жылда Сығанақ түбінде талқандағаннан кейін Әмір Темір Сауранда Тоқтамысты таққа отырғызып, оны Дешті Қыпшақтың билеушісі деп жариялады. Бірақ 1377 жылда Темір Мәлік көп әскермен келіп, Сауранның түбінде Тоқтамыс әскерін талқандады. Әмір Темір Тоқтамысты өзінің әскербасыларымен бірге Ақ Ордаға тағы да аттандырды. Ол Ақ Орданың басты қаласы – Сығанақты басып алды.

1371 жылда Әмір Темір Моғолстанға әскер аттандырды, ол бұл жолы Алмалыққа дейін жетті. Мұның артынша Әмір Темірдің өзі бастап жорыққа шығып, Ыстықкөл өңіріне дейін келіп, көптеген тұтқын мен олжа түсіріп қайтты. 1375 жылда Әмір Темір әскері Моғолстанға тағы да жорыққа аттанып, Шарын өзен шатқалында Қамар әд-Динмен шайқасты. Қамар әд-Дин жеңілгеннен кейін Әмір Темір әскері

моғолдарды Іле өзеніне дейін қуып, Самарқандқа олжамен оралды. Әмір Темір Моғолстанға жорығын 1377 жылда жалғастырып, Қамар әд-Дин әскерін Қаратау етегінде және Ыстықкөлге таяу маңдағы Бұғым шатқалында талқандады. Бұдан кейін Қамар әд-Дин Алтын Ордадағы билікті қолына алған Тоқтамыспен Әмір Темірге қарсы одақ құрды. Мұндай одақ Еңке төре мен Қызыр қожа хан тарапынан да қолдау тапты. Ақ Орда мен Моғолстан билеушілерінің күш біріктіруіне жауап ретінде Әмір Темір 1389 жылда Моғолстанға және 1390 – 1391 жылдарда Ақ Орда мен Алтын Ордаға жорықтар жасады. 1389 жылда Әмір Темір әскері Тарбағатай өңірінде Еңке төренің әскерін талқандады. Шығыс Түркістанды паналаған Қызыр қожа Әмір Темірден жеңіліс тауып, оған тәуелділігін мойындады. Іле өзен бойында жеңіліс тапқан Қамар әд-Дин Алтай өңіріне бет алды. Моғолстанды талап-тонап, оның билеушілерін қуып шыққан Әмір Темір Дешті Қыпшақтағы Тоқтамысқа бет бұрды. 1391 жылда Әмір Темір 200 мың әскерімен Тоқтамысқа қарсы жорыққа аттанды. Жайық өзенен өтіп, 18 маусымда Тоқтамыс әскерімен Құндызша деген жерде шайқасқа түсіп, талқандады. Самарқандқа қайтар жолда Ақ Орда ұлыстарын талап-тонады. Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы жорығын 1395 жылда жалғастырып, Солтүстік Кавказда, Терек өзен аңғарында оның әскерімен шайқасқа түсті. Жеңілген Тоқтамысты Әмір Темір әскері Елекке дейін қуып, содан кейін Алтын Орда қалаларын ойрандады. Алтын Орданың Еділдегі астанасы Сарай-Берке, Еділ бойы мен Қырымдағы ірі қалалар – Астрахан, Каффа, Азақ тағы басқа қирады. Бұл соққы Алтын Орданың саяси құлдырауы мен ыдырауын тездетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Әмір Темірдің өмір сүрген уақытын атаңыз?
2. Моғолстан мен Әмір Темірдің қарым-қатынасы қандай деңгейде болды?
3. Әскери басқару жүйесі туралы деректер бар ма?
4. Темірдің Алтын Ордаға жорықтарының себебі неде және нәтижесі қандай болды?
5. Әмір Темірдің түркі халықтарының рухани - мәдени өмірін дамытуға қосқан үлесі?

§10 Шайбани Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті)

XV ғасырдың 20 жылдары Ақ Орданың әлсіреуі мен құлдырауы тұсында оның территориясында бірнеше тәуелсіз ұлыстар пайда болды. Мысалы Аралдан солт қарай Сарысу мен Жем өзендері аралығында Шайбани Жұмадық хан ұлысы, одан батысқа қарай Газы би бастаған Маңғыт ұлысы, Атбасарда және Тобыл –Есіл аралығында Махмуд Қожа хан, Атбасардың сол жағы Мұстафа хан, Тура аймағында Кепек би мен

Адаб-бек Бүркіт билік етті. Сонымен қатар, Тобыл, Ырғыз, Жайық өзендері аралығында жазғы жайылымы, Арал теңізі бойы, Шу, Сарысу өзендерімен Сырдарияның төменгі ағысында қысқы қоныстары орналасқан Шайбани ұлысы дербес аймақ ретінде саналған. Шығыс Дешті Қыпшақта жеке билеушілерге қарсы 20 жылдай уақыт алған ұзақ күрестен кейін Шайбани ұрпағы Әбілхайыр билікке келеді.

Ақ Орданың өрлеуі кезінде Шайбани ұрпақтары өз иеліктерін сақтап қалып, онда Шайбани ұлысы жеке ұлыс ретінде өмір сүрген. Махмуд ибн Уәли өз еңбегінде бірнеше Шайбанилық билеушілерді атайды. Мысалы: Баһадүр, Жошы-Бұқа, Бадағұл Оғлан, Минг Темір, Пулад, Ибрахим, Дәулет Шайх тб. Және ол хандардың бәрі «сол заманның хандарына, әуелі Алтын Орда, кейін Ақ Орда хандарына бағынды» деп жазады. Ал ХҮ ғасырдың I ширегінде Ақ Ордадағы бүліктер мен тартыстар кезінде Шайбани ұрпақтары бөлектеніп, тәуелсіз билік ете бастаған. Дәулет Шайх өлгеннен кейін билікті Суфи хан, кейін оның ұлы Жұмадық хан (1425-1428 жж) қолына алады. 1428 жылы Жұмадық хан маңғыт әмірлерімен және Жошы ұрпағы Қажы Мұхаммедпен Жайтар-Жалқын деген жерде болған үлкен шайқаста қаза табады да, әскерінің сапындағы 16 жасар Әбілхайыр маңғыттарға тұтқынға түседі. Бірақ көп ұзамай олар оны босатып жібереді. Өлтірілген Жұмадық ханның орнына 1428 жылы, хижра бойынша 833 мешін жылы Тура аймағында (Батыс Сібір) 17 жасар Шайбани ұрпағы Әбілхайыр 200 дей ру басылардың қолдауымен хан көтеріледі. Оның қол астындағы мемлекеті Әбілхайыр хандығы немесе Көшпелі өзбектер мемлекеті деп аталады. Өзбек атауы жөнінде әр түрлі болжамдар бар. Мысалы 1-ден бұл атау жергілікті ру-тайпалар өзі қойып, өзін-өзі осылай атап кеткен десе, 2 –ден 1312-1342 жылдары Алтын Орданы ханы болған Өзбек ханның атымен байланыстырады, 3-ден Өзбек деген кісі аты, ХІҮ ғасырда этноним атауына айналған деп есептеледі. Мұсылман деректерінде хандықта «тоқсан екі баулы өзбек» халқы тұрған, яғни елде 92 ру тайпалық бірлестік болған. Сонымен қатар мемлекет бір деректерде жері мен халқының атауына байланыста «Қыпшақ хандығы» деп те аталады. Тарихшы Рузбихани «... хандықтың негізін үш халық: шайбанилықтар, қарақалпақтар және қазақтар құрайды, олардың ішінде ең көбін қазақтар құрайды» деп жазған. Әбілхайыр хандығының территориясы: бастысында – Жайық, шығысында Балқаш, оңтүстігінде Арал теңізі мен Сырдың төменгі ағысы, ал солтүстігінде Тобыл мен Ертіс өзені аңғарларын алып жатты.

Әбілхайыр Жошы ханның бесінші ұлы Шайбани ханның ұрпағы болып табылады. Ханның шежіресі: Шыңғыс хан → → → Банийал баһадүр → -бұқа → → → Ибраһим → → . Осман Кухистани (Тарих -и Абулхаирир хани) өз еңбегінде Әбілхайырды хижра бойынша 816 айдаһар жылы дүниеге келген деп жазады. Ол жастайынан жетім

қалып, Шайбанның басқа ұрпағы Жұмадық ханның қолында тәрбиеленіп, оған қызмет жасап жүріп, билік үшін күресте ерекше көзге түседі. Деректер бойынша Әбілхайырды қолдаған тек сұлтандар ғана емес, көптеген ру тайпалар көсемдеріде, батырлар мен мұсылман діндарлары да болды. Ол арқа сүйеген ру тайпалар: қият, маңғыт, чинбай, йиджан, каанбайлы, табгут, бурман, кошчи, утарчы, найман, тубай, таймас, шад, қытай, барақ, ұйғыр, қарлұқ, кенегес, үйсін, қоңырат, құрлауыт, туман, меңгі тб. Әбілхайыр хан тарихында маңғыттар өте күшті орын алады. Едігенің немересі Нураддиннің баласы Уақас би Әбілқайырмен өте жақсы достық қатынаста болған. Қадырәлі бек Жалайри бұл екеуі бір кеседен ас ішкен деп жазады. Алайда, Әбілхайырдың бақталасы Мұстафа ханның айдап салуымен екеуінің арасындағы достығы бұзылады. Әбілхайыр өзін қолдаған көшпелі қоғамның көңілін табу үшін олардың мүддесіне сай қызмет етуге тиісті болды. Ең алдымен одан шығудың жолы жаңа жерлерді жаулап алу деп түсінді. Тарихшы Бартольд: «Ең аз қозғалған қала мәдениеті – деп жазды- Өйткені Шайбани ұрпақтары өздерінің көшпелі әскери дәстүрін қатаң ұстанған, сондықтан Шыңғыс династиясының құлдырауы кезеңінде үнемі жаулаушы жиһангер ретінде роль атқарды» -деп жазады.

Әбілхайырдың біріктірушілік саясатына қарамастан, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы саяси жағынан бытыраңқы болып қала берді. Ақ Орда хандары ұрпақтарының билігі сақталып қалған Ақ Орда жерінің оңтүстік аудандары –Сыр өңірін, Қаратау аудандарын бағындыру Әбілхайырдан мейлінше көп күш-жігер мен уақытты талап етті. Ал Сырдарияның төменгі ағысында, солт Арал өңірі даласында, Жем және Жайық өзені аралығында, Қажы-Тархан аудандарында дербес иеліктер Кіші Мұхаммед ханның ұлдары Тоқа Темір Ахмед хан мен Махмуд хан ұрпақтарының ұлыстары сақталды.

1430 жылы Тобыл өзені бойында Шайбани Махмуд Қожа ұлы арасында ірі шайқас болады. Ұрыс алаңынан талқандалып, қашуға әрекеттенген Махмуд Қожа ұсталып, Әбілхайыр бұйрығымен өлтіріледі. Ал оның әйелі айдай сұлу Ағанақ бикені мұсылман дәстүрі бойынша Әбілхайыр өзі алады. Одан әрі маңғыт әмірі Уақас биді талқандап, ХҮ ғасырдың 40 жылдарында Ертіс Солтүстік-батыс Балқаш өңірін қосып алады. Әбілхайырдың мемлекетті күшейту саясатында басты бәсекелес болған Ахмед пен Махмуд хандар иелігіне, яғни Тоқа Темір ұрпақтарына қарсы 1431 жылы Әбілхайыр көп әскермен жорыққа аттанып, Кухистанидің айтуы бойынша Екретуп деген жерде кескілескен шайқас болады. Ахмед пен Махмуд хандар тас талқан болып жеңіледі. Олардың бас ордасы Орда Базар қаласы Әбілхайырдың қолына көшеді. Онда Әбілхайырдың атына Құтпа оқылып (хандық билігін мойындау үшін оқылатын дұға), оның атынан теңге соғыла бастайды. 15 жыл өткеннен кейін 1446 жылы Атбасарда

Мұстафа ханды талқандайды. Алайда, бұл кезде көп ұзамай Ахмед пен Махмуд хандар өз иеліктерін қайтару үшін жаңа жорықтар ұйымдастырады. Олардың сәтті жорықтары нәтижесінде Астрахань, Жайық, Жем өзендерінің сағалары, солт Арал жағалауы солардың қолына көшеді. Махмуд Бин Уәлидің айтуынша «... Мұхаммед хан өлгеннен кейін балалары Ахмед, Махмуд хандар, Джувак сұлтан және Башпақ сұлтандар бірігіп, Әбілхайырды түпкілікті күйрете талқандауға әзірленеді». Шығыс Дешті Қыпшақ аймағында орталықпен байланыс біртіндеп әлсірей береді. Әбілхайырдың көңілі оңтүстік пен оңт-шығысқа ауып көздегені Мауеренахр аймағы болды. Ол 1430 жылы Хорезмді басып алып, Үргенішті тонайды. 1446 жылы Ұлықбектің иелігіндегі Смарқанд пен Бұқара маңындағы аймақтарды тонап, Сырдың орта ағысындағы бірқатар қалаларды басып алады. Сығанақ өз еркімен біріліп, кейін бірене соң бірі Аққорған, аркөк, Созақ, Үзгент қалаларыда оған қосылады. Өйткені, Мауеренахр билеушілерімен Шығыс Дешті Қыпшақ аймағының билеушілері арасындағы үздіксіз соғыстардан әбден қажыған қала әмірлері өз қауіпсіздігі үшін осындай шешімге келеді. Отырар, ясы, Сауран және Сайрам қалалары Ұлықбектің қол астында қалады. Ал Сығанақ Әбілхайыр хандығының астанасына айналады. Бұған дейін елдің астанасы қызметін Тура немесе Чимги Тура қаласы, кейін Орда Базар қалалары атқарған. Әбілхайырдың Сыр бойындағы бірнеше қалаларға қол жеткізуі Шайбан ұлысы мен Орда Ежен ұлыстары арасындағы қақатығыстарды одан әрі шиеленістірді. Өйткені, Әбілхайыр қалалар емн оның төңірегіндегі алқаптарды тонауы Орда Ежен ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар иелігіндегі көшіп-қонып жүрген қазақтардың мүдделеріне қайшы келді.

XV ғасырдың 20-30 жылдар Іле және Ыстықкөл жаңғалауларында өздерін ойраттар деп атаған қалмақ тайпалары келіп жетті. Ал 50 жылдары олар Сырдария маңына жақындады. Аймақтардағы территориялар үшін күрес Моғолстан, темір ұрпақтары билеушілерімен қатар Әбілхайырдың иелігіне де қауіп төнді. Ақырында 1457 жылы Әбілхайыр мен Үз Темір тайшы арасында Сығанақ қаласы маңында Көккесене деген жерде қанды шайқас болады. Әбілхайыр хан талқандалып, Сығанаққа қарай шегінеді. Үз Темір тайшы Сыр бойындағы көптеген қалаларды еркін толнап, ірі әкімшілік және сауда орталықтары Түркістан, Шахрухия және Ташкент қалаларының маңы толықтай күйретіледі. Халқы күйзеліске ұшырайды. Бұған шыдамаған Әбілхайыр Үз Темір тайшымен келісім шартқа қол қояға мәжбүр болады. Шарт бойынша өз немересі Махмуд сұлтанды Үз Темірге аманатқа береді. Ол жоңғарлардың қолында жеті жыл болады. Ал тайшының өзі Әбілхайырдың қалаларын қалдырып, Шу өзеніне қарай кетеді. Одан әрі қалмақ жеріне көшеді. Ал Әбілхайыр хан тек 60 жылдардың басында ғана Сыр бойына қайта оралып, өз жеріне

орналасады. 1468 жылы қазақ сұлтандарына қарсы Жетісу жорығы кезінде Алматы маңындағы Аққыстау деген жерде Әбілхайыр қаза табады. Ол өлгеннен кейін оның мұрагерлері Көшпелі өзбектер мемлекеті билігін сақтап тұра алмайды. Кейін қазақ хандығының нығаюына байланысты Шайбани әулетінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі тоқтайды.

Сөйтіп 40 жылдай өмір сүрген Әбілхайыр хандығы құлайды:

1 ден, Шыңғыс әулетінің арасындағы толассыз қырқыстар мен алауыздықтардан;

2 ден, ру- тайпалардың ақсүйектерінің оқшаулануға ұмытылысынан;

3 ден, билеуші әулеттер мен қарапайым көшпелі және жартылай көшпелі халықтар арасындағы қайшылықтардан;

4 ден, ішкі және сыртқы соғыстардан мемлекет күйреді.

Бақылау сұрақтары:

1. Шайбани Әбілхайыр билікке келгенге дейін бұрынғы Жоша ұлысының аумағында қандай кіші ұлыстар болған?

2. Хандықтың этникалық құрамы қандай болды?

3. Әбілхайыр ханның билікке келуі неше жылға созылған?

4. Әбілхайыр хандығындағы көшпелі тайпалар наразылығы немен байланысты?

5. Екіретүп шайқасы туралы не білесіз, кімдердің арасында болды?

6. Хандықтың әлсіреуіне қандай жағдайлар себеп болды?

§11 Ақ Орда, Моғолстан және Көшпелі өзбектер мемлекетінің саяси-әкімшілік құрылысы

Ақ Орда, Моғолстан және Әбілхайыр хандығы моңғол империясы құрамындағы ұлыстар санатында болған. Бірақ «Ұлыс» ұғымымен қатар мемлекет немесе хандық деген дәреже алған. Мемлекеттердің құрамындағы этникалық-аумақтық топтар мен бірлестіктерді белгілеу үшін деректерде алуан түрлі терминдер қолданылған. Әсіресе, ХІҮ-ХҮ ғасырларда үлкен-үлкен бірнеше аутақтық топтар мен берлестіктер болып, олардың әрқайсысы феодалдық иеліктер сипатында болған. Деректерде олар ұлыс, ел, қабиле, ұрық, оба, ал ру-тайпалық бөлімдер ел, аймақ, тайпа, қауым, табақа деп жазылған. Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілхайыр хандығының мемлекеттік және әкімшілік

құрылысы бірдей болды. Бұл үшеуіндеде мелекеттің жоғары билеушісі «хан» деп аталған. Оларға қарасты ұлыстардың, тайпалық бірлестіктердің билеушілері ханға вассалдық бағыныштылықта болған. Олар тайпаны хан атынан басқара отырып, соғыс болған жағдайда өз қарамағынан жасақ ретінде әскер шығаруға, ханға салық төлеп тұруға міндеттенген. Ақсүйектердің өкілі ретінде олар өздеріне тәуелді халыққа саяси, сот- әкімшілік міндеттер мен экономикалық билікті қоса жүргізген. Ал өз қолында әскери күші көп ақсүйектер кей жағдайда ханға бағынбай жеке, дербес билікке ұмтылған. Өздеріне одақтастар іздеп, ханды тақтан тайдыруға, мемлекеттік төңкерістерге қатысқан, хан тағына өз үміткерлерін шығарып, оларды қолдап, үнемі мемлекетте қырқыстар тудырып отырған. Ханның ақылдасатын оның ең жақын туыстар мен ақсүйектерден тұратын «Хан кеңесі» жұмыс жасаған. Моғолстанда ол «Мәжіліс» деп аталған. Елде мемлекеттік кеңселер ретінде диуандар мен дафтарлар (қаржы ведомствалары, салық басқармасы және кеңселер) болған. Мемлекеттік істерде ұлыс бегілер аса маңызды рол атқарған. Ол тақты мұралану, армияны басқару, көрші мемлекеттер мен дипломатиялық қатынастар жасау туралы мәселелерді шешуге қатынасқан. Олардан кейінгі лауазым иелері – атабектер, яғни тақ мұрагерін тәрбиелеушілер. Сол сияқты жоғары қызметтегі лауазым түрі наиб-жиналыстар мен мерекелердегі тәртіп пен рәсімдеуді қадағалаушылар, жасауылдар, сарай қызметінің басшылары-ішік аға басы, хан кеңесшілері-инақтар, аңшылық бастығы-миршикар сияқты қызметтер болған.

Мемлекеттердің құрамындағы қалаларды басқару өте сақ және күрделі жүйемен жүргізілген. Қала немесе аймақтың хан қойған билеушісі- Даруға деп аталған. Мемлекеттік құжаттардың барлығы ханның мөрімен бекітілген. Мемлекеттерде моңғол дәстүрі бойынша қос қанатты әскери сап жүйесі сақталған. Олар бароңғар және жоңғар немес сол қанат және оң қанат. Мемлекеттерде сонымен қатар, көкілташтар (аталық), әмир-и шикар, михман даруға, худай, мубашир, басқақ сияқты лауазымдар маңызды орын алған. Жалпы, Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілхайыр хандығының мемлекеттік және әкімшілік құрылысы жеткілікті дәрежеде тұрақты, саяси құрылымды мемлекеттер болды деуге толық негіз бар. Олардың мемлекеттік әкімшілік жүйесі билеуші үстем таптың мүдделерін қорғауға бағытталды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ортағасырлық мемлекеттердің әкімшілік құрылысында қандай ұқсастықтар болды?
2. Мемлекеттердегі әлеуметтік жүйе туралы не білесіз?
3. Әмир-и шикар, михман даруға, худай, мубашир, басқақ дегендер кімдер, қандай қызмет атқарған?
4. Көрсетілген мемлекеттерде қандай міндеткерліктер болған?

5. Ортағасырлық феодалдық мемлекеттерде салықтың қандай түрлері кең тараған?

§12 Ноғай Ордасы

XV ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның солтүстік-батыс және орталық аймағында екі үлкен иеліктің – Ноғай Ордасы мен Әбілхайыр хандығының пайда болуына әкелді. Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік-батыс бетінде бірнеше тәуелсіз феодалдық иеліктер құрылып, олардың арасында билік үшін күрес толассыз жүрді. Ноғай ордасы тарихи деректерде Маңғыт ұлысы деп аталады. Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін Батыс Қазақстан жеріне іргелес аймақта пайда болған мемлекеттік бірлестік. Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солтүстік-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батыста Қазанға дейін, оңтүстік - батыста Арал, Каспий теңізіне дейін, кейде Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі алқапты қамтыды. Ноғай Ордасы алғашында осы бірлестіктің негізін қалаған маңғыттардың атымен «Маңғыт Ордасы» аталған. «Ноғай» атауы бұдан кейініректе, алғаш орыс жылнамаларында 1479 жылы, кейін шығыс деректерінде 1500 жылдары пайда болған.

Бұл атаудың шығу тегі туралы көптеген зерттеушілер XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай иелігіне қараған ұлыс халқы «ноғай», «ноғайлы» аталғандықтан деп санайды. Тарихи жазба деректерге қарағанда Ноғай Ордасының негізін Едіге қалаған. Ол 15 жыл (1396 – 1411) Алтын Ордадағы билікті түгелдей өз қолына ұстаған тұста иелігіндегі ноғай ұлысы даралана бастады. Кастилия елшісі Р.Г. Клавихоның жазбасында Едіге Ордасы 200 мыңнан астам жасақ ұстағаны айтылады. Ол Алтын Орданы өзі қойған хандар арқылы басқарып, «бектер бегі» немесе «ұлы әмір» атағына ие болған. Ибн Арабшахтың айтуынша, оның жиырма баласының әрқайсысы жеке иеліктерде билік жүргізіп, әскер ұстаған. Ноғай Ордасының даралануы XIII ғасырдың 2-жартысында басталып, Нұр әд-Диннің (1426 – 40) тұсында аяқталды.

Орталығы – Жайық өзенінің төменгі саласы, Сарайшық қаласы болды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін пайда болған өзге де ордалар сияқты Ноғай Ордасының этникалық құрылымынан гөрі, саяси құрылымы басым еді. Бас билікті «бектер бегі», әмір атқарды. Негізгі бұқарасы «ұлыс адамдары» (ноян, мырза, князь, т.б.), «қара халық» деп аталды. Хан тағы тек Шыңғыс хан әулетінің ғана үлесі болса да, Ноғай Ордасының саяси үстемдігі, экономикалық тіршілігі маңғыт әмірлерінің, яғни Едіге ұрпағының қолында болып, билік атадан балаға көшіп

отырды. ХҮ ғасырдың орта шенінде ноғайлар Сырдарияның орта ағысындағы қалаларды басып алып, Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде Едігінің ұрпақтары Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы, т.б. басты рөл атқарды. Ұлыстар мен ру-тайпалар арасында билік үшін, жайылымдық жер үшін үздіксіз күрес жүрді. Халқының негізгі кәсібі көшпелі мал ш. болды. Ноғай Ордасының құрамына енген тайпалар (маңғыт, алшын, жалайыр, қаңлы, керей, қыпшақ, найман, ар-ғын, тама, т.б.) кейіннен қазақ халқының этн. құрамын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Ш.Ш. Уәлиханов Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халқының туыстығы туралы «бауырлас орда» деп атаған (қ. Қазақ-ноғай қарым-қатынастары).

ХҮ ғасырдың аяғында Ноғай Ордасы орыс мемлекетімен саяси және сауда-экон. байланыстар орнатып, ноғай билеушілері Мәскеу мен Қазан базарларына жыл сайын мыңдаған жылқы мен қой өткізіп тұрды. ХҮІ ғасырдың екінші жартысында Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей жаулап алғаннан кейін Ноғай Ордасы әлсіреп, бірнеше ұлыстарға, ордаларға бөлінді. Солтүстік Кавказда Кіші Ноғай Ордасы, Жем, Ойыл жағалауларында Алты ұлыс Ордасы құрылды. Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ноғай Ордасын құрып, 1557 жылы Орыс мемлекетіне бағынды. Еділ қалмақтарының шабуылынан кейін 1634 жылы ноғайлар Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ноғай Ордасымен бірікті де, Қырым хандығына тәуелді болды. Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін қазақ жерінде қалған ел Қазақ хандығы құрамына енді.

Ноғай Ордасының саяси ұйымы феодалдық-иерархиялық жүйеге негізделген. Орда басында тайпа және ру өкілдері сайлаған – Би тұрды. Бидің ұлдары және би руының басқа да өкілдері – мырза деп аталды.

Ноғай Ордасындағы екінші адам – Нұраддин болды. Сақталынған тарихи деректерде төмендегідей мәліметтер кездеседі. «Биден» кейінгі титул «Нұраддин мырза» деген атақ болған. Бұл атақты иеленген адам Ноғай Ордасының Қырым жағындағы Еділдің жағасын қорғауға тиіс болған. Өйткені ол «...жерлердің иелері бізге үнемі дұшпандық көзқараспен қарайды» деген түсінік болған.

Үшінші лауазым – кековат. Бұл кірістер мен алымдарды жинап, реттейтін қызметкерлер тобы. ХҮІ ғасырдың ІІ жартысынан бастап жаңа қызмет-табуға енгізілді. Өз кезегінде бұл қызметтегі адамдар Нұраддин мен Кековаттық құқықтарды пайланып отырған. Ноғай Ордасында билер де, мырзаларда өздерінің қызметкерлерін

иемденеді. Олар емілдештер деп аталады. Едіге би тұсында оған қызмет еткен мұндай адамдар саны -12-ге жеткен. Негізінен емілдештер би, мырзалар үйіне жақын орналасқан, елшілікке жіберіліп, әскери істерді басқаруға пайдаланылған. Алайда, әскери істерді батырлар – какаштар және тектандар ұйымдастырылған.

Ноғай Ордасында күнделікті басқару істерді – Қара Дуан органы

ұйымдастырып, ол Ноғай Ордасының астанасында орналастырылды. Оның қызметіне дипломатиялық хаттарды жүргізу, шетел елшілерін қабылдау би және финанстық тапсырыстарды орындау, дипломатиялық алқасы кеңесінде хатшылық істі атқару, шетелдіктерден транзиттік сауда алымдарын жинау, бидің қол астындағы халықтан салық жинау, сот функциясын атқару т.б. жатқызылды. Бұл ұйымды Қара Дуан атағын иеленген шенеунік басқарды.

Қара Дуанның уәзірі қызметін – Тоқа Дуан атқарды, ол көбінесе бидің кеңес бөлімін басқарды. Бұл орган сырттан келген қонақтарды қарсылады. Бұдан басқа Қара Дуанға бағынатын басқа да шенеуніктер - афыздар болды, бұлар көбіне салық жинаумен шұғылданды. Би өз билігін жүргізуде осы феодал ақсүйектерге көбіне арқа сүйеп отырды, сөйтіп, бұл соңғылары оған вассал ретінде бағынды.

Би, сонымен бірге, өз жанынан сыртқы және ішкі саясатты айқындап отыратын маңызды орган – Би Кеңесін құрып, оның құрамына Ноғай Ордасының жоғарғы қызметтегі адамдары, қызмет сословиесінің өкілдері, емілдештер, қызмет атқарушы мырзалар т.б. кірді. Кеңесте сонымен бірге әртүрлі ұлыстардың бастылары – Қарашайлар көп мөлшерде болды.

Ноғай Ордасының ең маңызды ішкі және сыртқы саясаттағы мәселелерін шешу үшін Үлкен Кеңес – Қорныш шақырылып отырды. Оның мәжілістері салтанатты түрде ашылуға тиісті болды. Оның шешімі Тоқа Дуан арқылы жарияланды. Ал мемлекет ішіндегі ағымдағы мәселелерді қарау үшін – Кіші Кеңес – Дөңгелек (круг) шақырылды.

Жалпы, XIV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасында қалыптасқан саяси-қоғамдық жүйе басқа да көшпелі халықтардағы сияқты ертефеодалдық қатынастарды қалыптастырып бұрынғы патриархалдық-рулық қоғамның белгілерін де сақтап қалды. Ноғай Ордасы түркі халықтары тарихында үлкен із қалдырды. Қазақ, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуында Ноғай Ордасына кірген тайпалардың үлесі өте мол. Олардан аса үлкен мәдени мұра қалды; қазақ халқы арасында осы кезең Ноғайлы дәуірінің әдебиеті, ноғайлы мұрасы деген атпен сақталып қалған. Ноғай Ордасы Еділ мен Жайық арасындағы жерді мекендеді. Орталығы Жайықтың төменгі саласындағы Сарайшық қаласы болды. Ноғай Ордасының негізін қалаған Едіге 1396-1411 жж. Алтын Ордада бүкіл билікті өз қолынан шығармай, оны өзі тағайындаған хандар арқылы басқарды. Ол 1399 жылы Литва-Польша әскері мен Тевтон ордені рыцарьларының біріккен жасақтарына күйрете соққы беріп, 1408 ж. орыс әскерлерін талқандап, Мәскеуге дейінгі жерлерді бағындырды. Ноғай ордасы маңғыттардан тұрды. Оның құрамында қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын т.б. болды.

Оның басшылары арасында билік үшін күрес болып жатты. Нәтижесінде Ноғай орасы құлап, орнына Қазан, Қырым, Астрахан хандықтары құрылды. Көшпенді халқы Қазақ Ордасына қосылды. Ноғайлы кезеңінен Қазақ даласына атағы шыққан Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған жыраулар мен Жиренше шешен, Қарашаш ана тәрізді ақылгөйлер, сонымен бірге көп томнан құралатын «Қырымның Қырық батыры» туралы ұзақ жыр дастан қалды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ноғай Ордасының алғашқы ханын атаңыз.
2. Ноғай Ордасындағы саяси мәселелерде маңызды рол атқарған түркі тайпаларын білесіз бе?
3. Алтын Орда және Киев Русі мемлекеттерімен қарым-қатынасы қандай болды?
4. Ноғай Ордасының әкімшілік басқару жүйесі туралы айтып беріңіз№
5. Ноғай Ордасындағы билеушінің титулы қандай?

§13 IX ғасырдың II жартысы-XIII ғасырдың басындағы материалдық және рухани мәдениет

Ортағасырдың дамыған кезінде (X-XII ғғ) отырықшы мәдениеттің дамып, қалалар саны көбейді. Бұрын Оңтүстік Қазақстанда 30 қаланың орны белгілі болса, кейінгі зерттеулер бойынша олардың саны 37-ге жеткенін айта кету керек. Қалалар санының өсуінің себебі: біріншіден, Шығыстың экономикалық, мәдени байланыстар жүйесінің қатысуына байланысты қалалар маңызының артқандығы; екіншіден, қала маңында жартылай көшпелі мал өсірушілердің отырықшылана бастауында.

Оңтүстік Қазақстанда қалалардың топтаса орналасқан жері –Арыс өзенінің Сырдарияға қосылатын тұсындағы сағаларындағы, қалалық отырықшылық мәдениет қанат жайған Жетісу аймағындағы қалалар туралы көптеген деректер бар.

Қалаларды негізгі үш топқа бөліп қарастыру керек:

1 топ көлемі 30 гектардан асатын қала жұрттары (Испиджаб, Отырар, Сауран т.б.)

2 топ 10 гектардан 30 гектарға дейінгі қалалар (Бурух, Хурлуг т.б.)

3 топ 10 гектарға жетпейтін қалалар (Бұл қалалар бастапқы екі топқа қарағанда көп кездеседі). Қала құрылысындағы өзгерістер негізінен Отырар, тараз, Талғар, Баба-Ата, Құйрықтөбе қалалары құрылыс орындарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған. Ортағасырда Қазақстан қалаларында сәулет өнері

дамыды. Оның түрлері мен құрылымы жетілдірілді. Сол кезден бастап сәулет құрылыс дәстүрлері мен жаңа идеологиялық /исламдық/ ұштасуы жаңа топологиялық негіз қалыптастырды. Ол ХХ ғасырдың басына дейін сақталды. Құрылыс өнер түрлерінің жаңаруы Қазақстан мен Орта Азия үшін жаңа стильды болды. Қоғамдық және діни үйлердің сәулеті ислам жержелеріне сәйкес діни кешен ретінде дамыды. Олардың сәулеттік ұйтқысы жинақы немесе алаңдардың шетіне орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған. Араб-парсы деректемелерінде Х ғасырдың өзінде Оңтүстік қазақстанмен Жетісудың мешіттері бар қалаларын атайды. Кейбір құрылыстар осы кезге дейін сақталған. (Мысалы, бір кезде

соборлы мешіт болған Боран мұнарасы. Ол Х ғасырдың аяғы немесе ХІ

ғасырдың басында Жетісу халқы жаппай мұсылмандандырылған кезеңде салынған). Талас аңғарының Діни құрылыстары арасында Тараз қаласының батыс

жағында 18 шақырым жердегі Бабаджа қатын мен Айша Бибі кесенелері ерекше назар аудартады. Бабаджа қатын кесенесі –күйдірілген кірпіштен шаршылап салынған порталдары бар әсем күмбезді ғимарат. Кесене көп қырлы аласа барабанға қойылған шатырлы күмбезбен жабылған. Күмбез сыртынан күйдірілген текшелермен қапталған. Кесене Х-ХІ ғасырларда салынған деп жобаланады. Оның қасында Айша Бибі кесенесі ішінара сақталған. Қазіргі кезде Күмбезі құлап қабырғалары ғана тұр. Қабырғаларға терең аркалы жақтау қуыстарсалынған. Кесене ХІ-ХІІ ғасырларда салынған деп есептеледі. Ортағасырларда іргелі құрылыстар туралы сәулеттік археология қосымша құнды мағлұматтарды беретіндігі даусыз. Қазақстанның оңтүстік аумағы және Жетісудағы қазба жұмыстар барысында мешіттер мен моншалар аршылған. Кедер саналатын Құйрықтөбе қаласының жұртынан ең ертедегі мешіттің орны қазылды. Жалпы шығыс қалаларында моншалар мешіттен кейінгі ең адам көп жиналатын орын болған және көрнекті құрылыс кешеніне жатады. Сонымен қатар ол емдеу орны деп саналған. ІХ-Х ғасырлардағы дәрігер Закария ар-Рази моншаның ағзаға ықпалын суреттеу келе, моншаларды жақсы кескіндемелермен безендіруді ұсынған. Ол уайымнан арылтып, қаумалаған қалың ойдан сергітіп, хайуандық, рухани және табиғи залалды қуаттарды әлсіретеді деген. Отырар рабадынан ХІ-ХІІ ғасырларға жататын екі ірі монша аршылған. Моншалар зерттеушілердің айтуынша Орта Азияға Жерорта теңізі аудандарынан келіп ерте дегенде VIII ғасырда пайда болса керек.

Ортағасырлық қалардың құрылыс кешендерінің ерекшелігі оларда кірпішті тігінен, жалпағынан орналастыру немесе жалпы қатардан жылжытып қалау арқылы суретшілер алуан түрлі өрнекті және жарық әсемдігіне қол жеткізген. Сонымен бірге, кірпішті

«қырынан» қалау жер сілкінісіне қарсы тісіл деп саналған. XI ғасырдан бастап оюлы және жылтыратылған кірпіштер кеңінен енгізілген. Ол XI-XII ғасырлар шегінде кеңінен қолданылған сәулеттік терракотаның бастапқы үлгісі болатын. Құрғатылған балшыққа ою-өрнек салып, оны кейіннен күйдірілген ерте заманнан белгілі оймыштау мен әшкейлеуге жануарлар әсем бейнелерін салу жалғастырылған. Сүйір аркалармен қоршалып, артқы аяқтарымен тұрған жануарлардың схемалық бейнесі бар оюлы тақтайшалар, түрлі арыстан бедерлерімен басылған терракоталық тақталар ерекше әсер қалдырады. Олар X-XII ғасырлардағы Қызыл өзен үйлерінен табылған. Қалаларда қолөнершілік жақсы дамыған. Оны мына кестеден анық көруге болады.

XI ғасырда аса көрнекті ақын Ж. Баласағұн «Қолөнермен айналысатын шеберлер әлі де бар, оларды өнер тамған саусақтары асырап отыр, дүниенің тізгінін ұстап отырғанда солар. әлемдегі ғажайып атаулының бәрі солардың шеберлігінің нәтижесі» деп жазады. Қазба жұмыстары кезінде әсіресе, күйдірілген саздан жасалған бүтін ыдыстар көбінесе, олардың сынықтары жие табылады. Олардың ішінде дән сақтайтын 200 литрлік үлкен ыдыстарда, жылтыр газурьмен әшекейленген жасыл және қоңыр қаймамен боялған шырақтарда бар. Саз балшықтан ұсақ ыдыс аяқ жалқы мүсіндері сияқты балалар ойыншықтары да жасалған. Сүйектерден бұйым жасау өнері ерекше өркендеді. Түрлі үлкен әшкейлер, түймелер мен доғабастар жасалды. Қала орнынан сүйектен жасалған шахмат фигуралары да табылды. Талғар қаласынан Орта шығыста жасалған аса көркем металл бұйымдарда табылды. Атап айтқанда, сондай олжалардың бірі-қанатты сақтар бейнесі салынған мыс табақша.

Бақылау сұрақтары:

1. Ортағасырлық маңызды сауда орталықтары болған қалаларды атаңыз?
2. Қалаларда қандай қолөнер бұйымдары жасалып, шет жерлерге саудаға жіберілген?
3. Отырықшы жер шаруашылығы Қазақстанның қай аймағында басым болды?
4. Сырдари бойындағы қалалардың ортағасырлық мемлекеттер үшін қандай маңызы болды?
5. Қазіргі кезде қала орындарынан археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған қандай құнды жәдігерлер бар?

§14 Қазақстанның XIV-XV ғасырлардағы экономикасы мен мәдениеті

Мал шаруашылығы. ХІҮ-ХҮ ғасырларда халықтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Тарихи құжаттарда мысалы, Сығанақтан шыққан ХҮ-ХҮІ ғасырдағы грамоталарда «Тұратын мекендер (дихнишин), жартылай отырықшы қыстақтар(кишлакнишин), және көшіп жүретін (сахранишин) аймақтар» деп атап өтіледі. Жер аумағы мен құрылымына қарай (бір немесе бірнеше отбасы, бүкіл руымен) көшпелі және жартылай ккшпелі мал шаруашылығы түрлі сипатта болды. Мысалы Маңғыстаудың шөлді даласында және Арал маңындағы мал өсірушілер жыл бойы көшіп жүрген, олардың тұрақты мекендері болмаған. ХІІІ-ХҮ ғасырлардағы саяхатшылар мен тарихшылардың айтуынша (П.Карпини, В.Рубрук, Ибн Баттута, Әл-Омари т.б) Қазақстан аумағында көп тараған мал шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы екендігін жазған. Олар мал өсірумен қатар, егіншілікпен, мал азығын дайындаумен айналысты. Шаруашылықтың бұл түрі Батыс Қазақстан, Орталық, оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда да кең тараған. Жетісуда өлкенің географиялық ерекшеліктеріне байланысты көшіп-қону бағыты біршама қысқа болған. Көші-қон бағыттары Аралдың солт маңайына, Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Қаратаудың баурайында орналасқан қыстаулардан Ұлытау жазығы, Торғай, Ырғыз, Тобыл өзендерінің аңғарларында жайлауларға дейінгі аумақты қамтығын. Соның ішінде ең шұрайлысы Сарыарқа саналған. ХІҮ-ХҮ ғасырларда Дешті-Қыпшақ пен Жетісуға жорық жасаған Орта Азиялық билеушілер (Темір мен оның ұрпақтары т.б.) соғыста қора-қора қой мен үйір-үйір жылқылар, түйелерді қолға түсіруді мақсат еткен. Бұл жорықтар мен соғыстардың басты мақсаты болған. Тарихшы Әбілғазы «Жошы ханның Дешті Қыпшақ жерінен әкесіне сыйлық ретінде әр түрінен жиырма мың (20 000) –көк, боз, торы, қара, шұбар жылқылар жібергенін» жазады. Мирхондтың айтуынша «1425 жылы Темір әскерлері «санаса, сан жеткіліксіз» жандықты (анғам-қой мен ешкі), мүйізді ірі қараны, мініскер және жүк артылатын малды (түйе) қолға түсірген» деп жазған. Тарихи деректерде ХІҮ-ХҮ ғасырдағы қазақ даласының халқы жылқы мен қой өсіргенін айтады. Тек оңтүстік пен оңт-шығыс Қазақстанда мүйізді ірі қара өсіргенін жазады. М.Х.Дулати Моғолстан билеушісі Сайид Әлидің өзінің үш ұлына 500 мыңға дейін қойды мұраға қалдырғанын айтады. Сонымен қатар деректерде соғыс қаупіне үнемі дерлік әзір тұратын малшылар елдің терең түкпіріне, адам аяғы бармас қиын жерлерге көшіп отырған. Әдетте, тайпа мен рудың қару ұстауға жарамайтын жауынгер емес мүшелері (бала-шаға, қарттар) көшіп кетіп отырған, ал қалған ер-азаматтар қарулы жасақ құрып, жаудың шабуылын тойтарып отырған. Үнемі төнген соғыс қаупіне қарамастан олар көшіп-қонудың бағытын тұрақты сақтаған. Әл-Омари «Татарларда егістіктің көлемі қте шағын, бидай мен арпа аз егіледі, дәнді дақылдан тары егіліп, азық ретінде пайдаланылады»-деп жазса, ХҮ ғасырдың ІІ жарт саяхатшы

Иософат Барборо керісінше, «Дешті Қыпшақ малшыларының егістікті өңдеуге зор мән беретінін» айтады. Ол «Ақпан айының аяғына қарай Орданың егіншілікпен айналысатын барлық тұрғындарына қажетті құрал-саймандарын әзірлеп, дайын отыруы хабарланады, наурыз айының қолайлы бір күні әркім өзі қалап алған жер үлесіне барып... жерді жыртып, астықты толық егіп болғанша, көктемгі науқан толық аяқталғанша сонда болады» деп жазады.

Халық негізгі азықтық өнімдер-етті, сүтті, майды, қымызды мал шаруашылығынан алып отырған. Мал шаруашылығынан киім-кешек, ертұрманғ үй заттары (киіз, текемет, қайыс ыдыс-аяқ) дайындалатын шикізат (тері, жүн, сүйек) та алған. Деректерде 1365 жылғы ұрыста моғол жауынгерлерін нөсер жауыннан қорғап, Темір іскерлерін жеңіп шығуға үлкен септігін тигізген жүннен тоқылған шапандар мен ат жабулары туралы айтылады. М.Х.Дулати еңбегінде көшпенділердің жүннен киім дайындау әдістерінің бірнешеуін келтірген.

Дешті Қыпшақта жылқы маңызды сауда көзі болған. Мысалы Ибн Баттута XIV ғасырдың 30 жылдары даладан сатуға алты мың (6000) жылқыдан тұратын сауда керуені аттандырылатынын жазады. Жылқы, мүйізді ірі қара, түйе саудасы жайлы И.Барборода жазып қалдырған. Қыпшақ жылқыларын Ресей, Үндістан, Парсы елдері сатып алып отырған. Мысалы, «Мәскеу жылнамалар жинағы» еңбегінде бір жылда яғни, 1474 жылы қыпшақтардан 40 мың жылқы сатып алғаны туралы жазылған.

Көшпелілерде азық өнімдерін және үй кәсіптеріне арналған шикізат алудың қосымша көзі жабайы аңдар мен құс аулау, кейбір жерлерде балық аулау болған. Мысалы Батыс Қазақстанда ноғайларда аңшылық пен балық аулау күнделікті кәсіп саналған.

XIII-XIV ғасырда моғол жаулаушылығынан кейін қазақ даласында мал шаруашылығының үлесі артып, егіншілік пен қала мәдениеті тоқырауға ұшыраған. Моғол билеушілер қой мен жылқы өсіруге аса мән берген. Сондықтан жергілікті дәстүр бұзылып, мал шаруашылығының көшпелі түрі орныққан. Тек XIV-XV ғасырларда ғана жергілік экономика тұрақталып, егіншілік ошақтары жандана бастаған. Мал шаруашылығының жартылай көшпелі түрі дамып, далада мүйізді ірі қара малдың үлес салмағы артқан.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастар, керуен жолдары, сауда және ақша айналысы. Қазақстанның оңтүстігі мен оңт-шығыс аудандарының тұрғындары егішілікті қалпына келтіріп, бұл Сыр бойында қала өмірінің жандаруына себепші болды.

XV-XVII ғасырларда қалалар феодалдардың саяси-экономикалық жағынан нығая түсуіне себепші болды. Егістік жерлер мен жайылымдық алқаптарды иеленушілер сонымен бірге қаладағы билік етуші үстем тапқа айналды. Егіншілікпен осынша тығыз байланыста болған Сыр өңірі қалаларында сауда мен қолөнер едәуір дәрежеде

дамығанымен де олар ауыр салық салу жолымен де қолөнер кәсіпшілігі мен саудадан кіріс келтіріп отырған феодал билеушілерге толық тәуелді болды. Қалаларды жаулап алған ортағасырлық билеушілер мысалы тарихтан белгілі Моғолстан, Ақ Орда хандары, Мұхаммед Шайбани және қазақ хандары алынған қаланы билеп-төстеп ерсілі қарсылы өз туыстарына үлестірген. Сыр өңірінің қалалары қазақ хандарының қолына көшуіне байланысты хан тегінің мүшелері-сұлтандар жекелеген қалалар мен уалаяттардың билеушілеріне айналды. Сөйтіп қалаларды пайдаланудың үлестік жүйесі пайда болған. Өзбек және қазақ хандары Түркістандағы өз туыстарына берген қалаларды сойырған түрінде бергені деректерде расталады. Бірақ деректерде сойырғал деп емес, сыйға берілген деп жазылады. И.П.Петрушевский «Иран мен Орта Азиядағы көшпелі феодалдар отырықшы егіншілерге үстемдік ету нысаны және осы соңғыларын қанау нысаны болды» деп жазады. Қалалар мен ауылдардағы отырықшылар ауыр қанауға ұшырады. Көшпелілердің отырықшы аудандарға келуі егінші және көшпелі халық мүдделерінің қатты қақтығысқа түсуіне әкеліп соқты. Жаулап алушыларды қолдай отырып, жергілікті шонжарлар өздерінің иеліктерін сақтап қалды және олардан әр түрлі артықшылықтар: салықтан босатылған тархандық лауызымын, сыйға тартылатын жаңа жерлер, суландыру арықтарын алып отырды.

XV ғасырда тархандар билігі ерекше күшейді. Ал мұсылман дін басыларына вакфтық жерлер берілді. Олар өз кезегінде жаңа билеушіне құрметтеуге қала халқын үгіттеді. Мысалы, Әмір Темір Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесін Абдоллах ханнан вакфтық жер ретінде үлеске алған. Ал 1598 жылы Әбу-л-Хасан Сығанаки мазарының вакфын бекіткен, кейін оның жаңа билеушісі 1634 вакфты Убайдолла ханға бекіткен. Қалаларды үлеске алуда әкімшілік өкілдер: калантарлар (қалалық полиция қызметінің бастығы), кедхуд (ауыл бастығы) және басқаларда айтылады. Олардың бәріде шартты түрде мильк жер учаскелерін иеленген. Деректерде XV-XVII ғғ Түркістан қалаларындағы жерлердің пайдаланылуы туралы мәліметтер жоқ деуге болады. Қалаладағы салық төлеуші сословиенен бірге шаруалар деректемелерде «ра'ийат» деген жалпы терминмен аталады. Негізінен бұлар көбіне егінші шаруалар болып келеді. Ортағасырлық грамоталарда қала маңындағы шаруаларды шарик (парсыша-қатысушы, жолдас, серіктес) және қаранде (парсыша себу, егу) деп екі терминмен атаған. Оның ішінде шарик термині көптеген авторларда «қожа» терминімен қатар жүреді. П.Иванов бұл сөзді «қожадан жерді жалға алған шаруалар» деп аударады. Қалаларда қала халқына салынған ең ауыр салық «тағар» деп аталған.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан территориясындағы көшпелі тайпалардың тұрмысы

- туралы қандай деректер бар?
2. Шығыстың нарративтік шығармаларында қалаларды қандай терминмен атаған?
 3. Қалалардағы салық төлеушілер мен шаруалар деректерде қалай жазылған?
 4. Сойырғал деген не?
 5. Ортағасырлық дін өкілдеріне қандай жағдайлар жасалған?

III Т А Р А У

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ.

§15 Қазақ халқының этногенезі

Ағылшынның белгілі биологы әрі философы Д.Холденнің айтуынша, адам-Жер бетіндегі ең көп бейнелі, яғни көп нұсқалы түр. Адамдардың белгілі бір аумақпен және шығу тегінің бірлігімен байланысты биологиялық жиынтығы шартты түрде алғанда нәсілде немесе антропологиялық тұрпатта болады. Бұл физикалық және генетикалық сипаттамалар негізінде анықталады.

Қазіргі кезде ҚР Ғылым академиясында қазақтардың этногенезі мен нәсілдік генезі проблемаларын Қазақстанның ежелгі халқының этносы мен мәдени дәстүрлерінің тарихы мен тығыз байланыста алып, кешенді зерттеу үшін мейлінше бағалы негіз болатын мол антропологиялық бірегей материал жинақталған. Бұл материалдары хронологиялық реті оншама үзілмей төрт мыңжылдыққа жуық уақытты (қазіргі заманнан қола дәуірін қоса алғанда) қамтиды. Қазіргі және ертедегі адамдардың биологиялық тарихы, яғни этногенездік қалыптасуы физикалық антропологияның мынадай бөлімдері бойынша қарастырылады: 1) тірі индивидуумдардың антропометриясы (бас мен денесін өлшеу);

- 2) серология (қан топтары);
- 3) одонтология (тіс морфологиясы)
- 4) дерматоглифика (қолдың алақандары мен саусақтарындағы тері бедері);
- 5) краниология (бас сүйек морфологиясы);
- 6) ертедегі халықтың палеоантропологиясы (қазып алынған сүйек қалдықтары).

ҚР Ғылым академиясы ғалымдарының мәліметінше қазіргі қазақтар арасынан кешенді бағдарлама бойынша жиналған антропологиялық материалдардың жалпы саны соңғы 30 жыл ішінде 50 мың адамнан асқан (Бұл 1998 жылғы мәлімет, қазір одан да көп болуы керек). Экспедиция жағдайында жүргізілген зерттеушілердің назарында басты субъект барлығы ауылдың адамдары және өздерін сол жерлердің тұрғындарымыз деп ұғынады. Яғни ғылыми тілді айтқанда, тарихи отанының этнотарихи жағынан қалыптасқан халықтың бір бөлігі болып табылады.

Классикалық антропология бөлімінің деректері бойынша қазақтардың жалпы саны 4 мың адамнан асатын еркектер мен әйелдердің 40-тан астам шағын тобы зерттелді. Зерттелген контингенттің жас шамасы еркектерде 18-60, әйелдерде 18-55 жас аралығы.

Қазіргі қазақтардың нәсілдік сомантологиясы бойынша алынған негізгі нәтижелер олардың шашы мен көзі қара, терісінің түсі ақшыл, беті мен денесінің үшінші түк басуы шамалы, мұрнының және бет сүйегінің шығыңқылығы орташа, бет әлпетінің биік (еркектер үшін 128,5 мм және әйелдерде 121,3 мм) және жалпақ (тиесінше 148,3 және 139,3 мм), айқын аңғарылатын брахикефалды, яғни бастары жалпақ (индекс 85,0), бойының орташа (ерлер 166,2 см және әйелдер 153,6 см) және салмағы 67,1 және 53,4 кг болуымен сипатталады. Жалпы алғанда қазақтардың әр түрлі аумақтық топтарының гомогендігі байқалған. Оларға ең алдымен диалектілік, этнографиялық және субэтникалық айырмашылықтар жатады. Диалектикалық жағынан Қазақстанның батыс өңірінің тұрғындарының солтүстік-орталық-оңтүстік диалектілік аймақтарының өкілдеріне қарағанда өзгешелеу сарын байқалады. Ұлы жүз және Орта жүз ұрпақтарының арасында антропологиялық айырмашылықтар азырақ, ал Кіші жүзде туып өскендердің мейлінше елеулі алшақтығы байқалған.

Қазіргі Қазақстан аумағының шеңберіндегі нақты аймақтық шоғырлануына сәйкес, нәсілдік құрылымы жағынан – қазақтар – аралас тураноидтық (оңтүстік сібірлік) нәсілдің қазақстандық нұсқасына жатады. Бұл нәсілдің құрамынан мамандар жоғарыда аталған нұсқадан басқа тағы да екі: тьянь-шаньдық және алтай-саяндық шағын нұсқаларға бөледі. Олардың бағдылы өкілдері қырғыздар мен хакастар деп танылған.

Резус-фактор жүйесінің деректері бойынша қазақтар арасында жағымсыз-резустен гөрі жағымды-резус реакциялы адамдар әлдеқайда көп екен. Оларға D аллелінің біршама жоғары болуы тән. Бұл аллелдің Шығыс Европа халықтарының таралуына жетпейді, бірақ Орталық Азия тұрғындарынан әлдеқайда көп екендігі анықталған. Салыстырмалы таралудың гендік құрылымының көрсеткіштері бойынша қазақтар қазіргі моңғолдардан – төрт балл, Орта Азияның байырғы тұрғындарынан – бес балл, Шығыс славяндарынан он балл айырмашылықтары бар екен. Дерматоглификалық, яғни қол саусақтарының терісі өрнектері бойынша зерттеу барысында әр өңірден 10 мыңнан астам адам қатысқан. Нәтижесі бойынша барлық тұрғын гомогенді деп табылып және моңғолоидтық-европеодтық топтардың ұштасатын жерінде екені, яғни бұдан текті популяцияға жататыны анықталған.

Қазіргі антропологиялық зерттеуде адамның тіс морфологиясының ерекшеліктері де өте маңызды. Тіс жүйесінің морфологиялық құрылысы биологиялық және тарихи ақпараттың аса маңызды көздерінің бірі. Бұл зерттеуге 5 мың адам тартылған. Олар тістердің 30 мыңнан астам түбірін талдауға мүмкіндік берген. Қазақтардың шағын топтары бойынша алынған нәтижелер негізінде қазақстандық тұрғындар дербес тарихи-табиғи қауымдастықты құрайды деген қорытынды жасалған. Қазақтардың тіс морфологиясында «шығыстық белгілердің» «батыстық» ерекшелектерге қарағанда басымырақ екендігі анықталған.

Бүгінгі антропология ғылымында Қазақстанның барлық аймақтарындағы қазақтарға тікелей қатысты репрезентативтік краниологиялық сериялар жинақталған, мерзімі XIX-XX ғасырлар деп белгіленетін бас сүйектердің жалпы саны 300-ге жуық. Қазақтардың зерттелген бас сүйектері сериясы бойынша : бас сүйек қауашағы төмен (130,8 см), маңдайы біршама кең (96,3 см), бас сүйектің брахикрандық көрсеткіші (83,4), бетінің биіктігі (75,1 мм), бетінің диаметрі өте жалпақ (143,7 см), көлденең жалпақ бетті, көз шарасы биік (35,3 мм), мұрын сүйектері шығыңқылығы орташа (24,9 °) болуымен сипатталады. Қазақтардың краниологиялық ерекшеліктерін шектес аумақтардағы бас сүйектердің басқа да ұқсас серияларымен тор аралық деңгейде салыстарғанда нәтиже күтілгендей, қазіргі евразиялық этникалық құрлымдар ауқымында алғанда, бұған дейінгі соматологиясы, серологиясы, дерматоглификасы және одонтологиясы бойынша бұрынғы деректер мен сәйкес келетінін көрсетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ағылшынның ғалымы Д.Холденнің тұжырымдамасы туралы өз ойыңызды білдіріңіз.
2. Серология ғылымының зерттеулері бойынша қазақ халқының

- генетикасы туралы қандай пікірлер бар?
3. Краниология зерттеулері барысында қандай эксперименттік болжамдар жасалған?
 4. ҚР Ғылым академиясы ғалымдарының мәліметінше қазіргі кездегі қанша адам антропологиялық зерттеулерге қатысқан?
 5. Резус-фактор жүйесінің деректері бойынша қазақтар арасында қандай реакциялы адамдар гені бары анықталған?

§16 «Қазақ» терминінің шығуы жөніндегі тарихи тұжырымдар

Екі жүз жылдай уақыт бойы зерттеушілер «қазақ» терминінің шығу төркінін түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасауда. Алайда, Қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікір қалыптаса қойған жоқ. Қазақ сөзіне үндес терминдер Қазақстаннан шалғай аймақтардан да кездескен. Ғалымдар Византия императоры Константин Багрянородныйдың (X ғ. орта шені) Кавказдың солт.-батысында жатқан «Казахия елі» деп айтқан мәліметтерін келтіреді (Н.М. Карамзин, А.Вамбери, т.б.). Осының негізінде Қазақ халқы X ғасырдан бастап белгілі болған деген тұжырым жасалды. Бірақ, түпнұсқада (грекше) «з» әрпі емес, «с» әрпі берілген. Демек, ел атауы касихия деп оқылуға тиіс. В.Минорский Константин Багрянородный хабарын түсіндіре келе, Касихия деп касогтар айтылатынын дәлелдеді. Қазахия және Қазақ халқы атауына зерттеушілер мұсылман дүниесінің жазба деректемелерін де тартты. Мысалы, араб тарихшысы Әбу-л-Хасан Әли әл-Масудидің «Өсиет және қайта қарау кітабы» деген шығармасында Кубань өзені маңындағы кавказ халықтары мен тайпаларының атаулары арасында кашак этн. қауымы – әл-касакия жазылған. Неміс шығыстанушысы И.Маркварт бұл екі терминнің бір ғана этнос – касогтардың атауын беретіндігін анықтады. Авторы белгісіз парсы тілді «Худуд әл-алам» деген геогр. еңбекте Қара теңізі жағалауында орналасқан Касаг қаласы туралы (этно. қауым емес) деректер келтірілген. «Повесть временных лет» шығармасында Святослав (965) пен Мстиславтың (1022) касогтармен жүргізген соғыстары туралы мәліметтер бар. Касог термині алғаш VIII ғасырдың аяғы – X ғасырдың басында монах Епифанийдің шығармасында ауызға алынады. Бұл ақпардан касак, касихия, касак, кашак, касог атаулары алдыңғы орта ғасырлардағы белгілі бір шағын кавказ тайпасын (немесе тайпалар бірлестігін) білдірудің әр алуан түрлері болғаны байқалады. Қазақ этнонимінің касог, касихия (казахия) атауымен байланысы туралы пікір мейлінше декларативтік сипатта, олардың арасындағы тарихи сәйкестік әлі де болса зерттелуі тиіс.

Қазақ этнонимының туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу айтыстарына айналды. Түсіндіретін түпкілікті пікір алайда

қалыптасқан жоқ. Қазақ сөзіне үндес терминдер Қазақстаннан шалғай аймақтардан да кездеседі.

Қазақ деген термин ертедегі екі тайпалық (каза және саха) одақтардың атынан шыққан. Олар сонау ықылым заманда алып одақ құрып сонау Мысырға дейін жаулап алған. Сонда Каза-саха деген қала салынған.

Кейбір ғалымдар (Н. М. Карамзин, А. Вамбери т.б.) Шығыс Ромей империясының императоры Константин «Қызылтуған» (X ғ. орта шені) берген мәліметтер бойынша Казахия елін Кавказдың солтүстік-батысында орналастырады (Қырым хандығы мезгілінде Қарачу немесе Қарачай деп белгілі аймақ).

Көне Русьтегі жазылған «Повѣсти временныхъ лѣтъ» жылнамасында Святослав (965) пен Мстислав (1022) князьдері касогтармен соғыс жасайды. Ал касог терминін, алғаш рет VIII ғ. аяғы – IX ғ. басында монах Епифаний келтірілген. Жоғарыдағы мәліметтерге қарағанда касах, казахия, касак, кашак, касог алдыңғы орта ғасырларда Кавказдағы шағын тайпа, немесе тайпалар бірлестігін білдіретін алуан түрлері болғаны байқалады. Қазақ этнонимінің жоғарыда көрсеткен касог, т.б. атауларымен барлық жағынынан байланысы әлі де зерттеу борышы боп тұр.

Фин алтайшысы Г. И. Рамстедт және А. А. Семёнов қазақ терминін «Қасиетті жылнамада» (XIII ғ.) моңғ. хасаг-терген арба ұғымы бар сөз тіркесінен шығарады. Ал Қазақстанды қоныстаған түркі тайпалар осы қоссөзді пайдаланғанына ешбір тарихи мағлұмат табылмаған.

Әйгілі түркітанушы В. В. Радлов Енесай өзенінің төңірегіндегі көне түркі мұраларынан көне түркіше: қазғақым оғлым – «менің асырап алған ұлдарым» деген тіркесті тапқан. Қазғақ және қазақ сөздерінің дыбыс және мағына ұқтастығына сүйеніп, В. П. Юдин ғ дыбысы соңыра түсіп қалып, қазақ терминіне айналды деп болжам шығарған. Бұл көзқарас түркі тілдерінің тарихи фонетикалық заңдылықтарымен үйлеспейтідіктен, мамандар тарапынан қолдау табылмады.

И. Маркварт шығыс мәтіндерден үш қарлық тайпасын хасактар (хаски) деп оқыған. Бірақ, В. Минорский басқа мұсылман деректерімен салыстырып, қарлықтардың тайпалық атауының мәтін аралық оқылуына елеулі түзету жасады. Бұл ретте, хасактардың орнына баскил деген конъюнктура енгізілді. Араб саяхатшы Әбу Дулаф «Рисала» («Жазба») шығармасындағы харлұқ сөзін хазлақ деп оқып Н. Н. Пантусов та қателікке ұшырады.

Парсы-тәжік әйгілі Фирдоусидің Шахнама дастанында қазақ халқы және қазақ хандары туралы айтылған екен. Кейбір ғалымдар, А. Левшиннен бастап, нағыз қазақ халқының құрылуын X ғасырға жатқызады. Дастанда қазақ терминіне қатысты ешқандай маңызды ақпар жоқ екендігін көптеген шығыстанушылар (С. Г. Кляшторный, Т. И. Сұлтанов т.б.) атап көрсетті.

Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған «қазақлық» «қашақ» деген атаудан шықты дейді. «Қазақ» термині 1245 жылы Мамлюк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде (түрік-араб) сөздігінде кездеседі. Мұнда «қазақ» деген сөз басы бос кезбе деген мағына береді. Бұл семантикалық ұғым бойынша «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына беріледі, яғни еншісі бөлек, үлкен ұлдардың ата шаңырақтан бөлініп уақытша ру, тайпалардан кетіп, күнкөріс үшін әскери жорықтарға қатысуын санаған.

«Қасиетті жылнамада» (XIII ғ.) айтылған бұл қоссөзді ұғым арбаны білдіреді. Кезінде А.А. Семенов қолдаған бұл көзқарастың еш дәлелі жоқ. Себебі, синхрондық тұрғыдан алғанда да, тарихи перспективасы тұрғысынан алғанда да, «хасаг-терген» термині Қазақстанда мекендеген түркі тілділер арасында арбаның атауы ретінде көрініс таппаған. Енисейден табылған VIII ғасырдағы ертедегі түркі ескерткішінен В.В. Радлов «қазғақым оғлым» (менің асырап алған ұлдарым) деген тіркесті оқыған. Сыртқы ұқсастығы жағынан ғана емес, сонымен қатар «қазғақ» және «қазақ» терминдері мәндерінің жақындығы негізінде В.П.Юдин «қазғақым» ұғымындағы «ғ» дыбысының VII – VIII ғасырларда түріктердің ауызекі сөзінде қолданылуы әбден мүмкін, ал кейініректе түсіп қалуы ықтимал деген пайымдау айтты. Бұл көзқарас түркі тілдерінің тарихи фонет. заңдылықтарымен үйлеспейтіндіктен, мамандар тарапынан қолдау таппады. Маркварт шығыс деректерінен үш қарлұқ тайпасын «хасактар» (хаски) деп оқыған болатын. Бірақ, Минорский мұсылман деректемелерін байыппен қарап шығып, текстол. және салыстырмалы-тарихи талдау жолымен қарлұқтардың тайпалық жөніндегі контекстің оқылуына елеулі түзетулер енгізді. Бұл ретте, «хасактардың» орнына «баскиль» деген негізделген конъюнктура енгізілді. Араб саяхатшысы Әбу Дулафтың «Рисаласындағы» («Жазба») «харлұқ» сөзін «хазлақ» деп дұрыс оқымаған Н.Н. Пантусов та қателіктерге ұрынды.

Фирдоусидің (935 – 1020) «Шахнамасында» Қазақ халқы және Қазақ хандары туралы айтылғаны жөнінде А.Левшиннің пайымдауы негізінде кейбір ғалымдар Қазақ халқының құрылуын X ғасырға жатқызады. Дастанда «қазақ» терминіне қатысты ақпарат жоқ екендігін кейін көптеген шығыстану-шылар (С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов, т.б.) баса көрсетті. Негізінен, ұсынылатын

болжамдардың көп жағдайларында салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылды. Сонан соң, этнонимдер нақты – тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығында емес, қайта оқшау алып қарастырылды. Соның ішінде этникалық құбылыстардың өзі – этностағы уақыт жағынан өзгерістер ескерілмеді. Әдетте, этнонимнің пайда болуы халықтың құрылу уақытымен сәйкес келе бермейді (мыс., қырғыз этнонимі мен қырғыз халқын, түрікмен этнонимі мен түрікмен халқын, русьтер мен орыстарды. Зерттеу жұмыстарында этноним мен этностың нақты-тарихи жағдайлардағы арақатынасы мәселелерін талдап шешу қажеттігін түсіну барлық уақытта бірдей бола бермейді. Ал, белгілі бір этноним этностың (тайпаның, тайпалар одағының, халықтың, ұлттың) әр түрлі жай-күйін білдіре алады. «Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіз бар. Бірқатар түркітанушылардың пікірінше, ол бастапқыда Шығыс Дешті Қыпшақта таралған. А.Н. Самойлович уақыты жағынан оны XI ғасырға жатқызады. 1245 жылы мамлюктер билеген Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі.

«Қазақ» ұғымының пайда болу уақыты XIII ғасырдан ертерек кезге жатады, бұл жөнінде жанама мәліметтер болғанымен, алайда жазбаша ескерткіштерде хронологияны нақтылайтын ешқандай да тікелей деректер жоқ. Ол түркі тайпалары арасында да, араб шығысының (су'лұқ), Еуропаның (норвег викингілері), Русь (бродник) және т.б. қоғамдарында да орын алды. Әрбір жағдайда осы әлеуметтік құбылыстың мәні бірдей болғанымен, терминнің өзіндік ерекшелігі байқалып отырды. Әбу Бәкір Ахмед әл-Хамадани деген араб географының «Китаб ахбар әл-Бұлдан» («Өзге елдер туралы әңгімелер кітабы») шығармасында оғыз ханзадасы Балқиқ ибн Жабғудың мынандай әңгімесі келтіріледі: «Менің аталарымның бірі, патша болған әкесіне ашуланып, одан бөлініп кетіпті. Ол өзіне келгендерді, жасақтарды және талап-тонауды ұнататын басқа да адамдарды серік етіп алыпты. Ол елдің шығысы жағына бет алып, адамдарға шабуыл жасап, өзінің және өз серіктерінің жолында кездескендерін қолға түсірген». Қазаққа айналудың осы классикалық суреттеуінде автор «қазақ» терминінің синонимі ретінде арабтың «су'лұқ» сөзін алса керек. «Салақа» деген атпен әрекет жасайтындар бәдәуилерде тайпада өзіне орын таба алмаған, сондықтан топтар құрып, талап-тонау арқылы бақытын іздеуге аттанған кедей және алғыр адамдарды білдірген. Терминдер айырмашылықтарына қарамастан, екі түрлі көшпелі қоғамдардағы Қазаққа айналудың институтының мазмұны жағынан сәйкес келуі аңғарылады. Бірақ, автор арабтың «су'лық» терминінің оғыз синонимін келтірмейді. Оғыздарда мұндай ұғым сол кездің өзінде-

ақ қыпшақтар ортасы қабылдап алған «қазақ» термині болуы мүмкін. XIII ғасырда хорасан түрікмендері арасында антропоним құрамында «қазақ» термині ұшырасады. «Данишкеде-и Маққул у Манқул» кітапханасы қолжазбасы бірінің колофондағы белгіде былай деп жазылған: «Бұл қолжазбаны Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Әли ат -Туркмани әл-Қазақи сатып алған, Хижраның 660 жылы» (1262). Бұл тікелей жеке есімдегі әл-қазақи сөзін, этн. тегін (түрікменнің) көрсететін басқа нисбамен қосарластыра ұштастырылған нисба ретінде қабылдаған жөн. Әл-қазақ терминінің түрікмен этнонимімен ұштастырылуы бұл ұғымның әдеттегідей әлеум. сипаты болмай, қайта этн. сарыны болған деп санауға мүмкіндік береді. З.У. Тоғанның пікірінше, мұнда хорасан түрікмендері қоғамындағы қыпшақ қазақтарының өкілі айтылып отыр. Рашид ад-Дин Раб-и-Рашидидің хорезм-хорасан жазбасына жататын «Вақфнаме» деген жазбаша құжатында сөзсіз этникалық сипаты бар «қазахлу», «қазахлар» атауының кездесуіне қарағанда, бұл аймақта Қазақтар айтарлықтай топ болған. Баяндалған материалдар IX – X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» атауымен әлеум., ал XI – XII ғасырларда этникалық әлеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұдан моңғол шапқыншылығынан бұрынғы уақытта Қазақ этносының қалыптасуы туралы, оның бер жағында қазақ халқының құрылуы жөнінде тұжырым жасауға болмайды. XI – XII ғасырларда Қыпшақ хандығында этникалық процестердің даму барысында Қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады. Моңғолдардың жаулап алуы қыпшақ тайпаларының едәуір топтарын Дешті Қыпшақ шегіне бытыратып жіберді. Қыпшақтардың орын ауыстыруы Қазақ терминінің орын алуына және оның әмбебап мәнге ие болуына себепші болды. «Қазақ» сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді айту үшін қолданылады. Қазақ сөзі – ерікті, кезбе, дала рыцары (Ш.Уәлиханов, М.Қозыбаев, т.б.) секілді мән-мағынаға ие. Мұсылман деректемелерінде XIV ғасырдың басында байырғы дәстүрлер жаңғыру барысында қыпшақ тайпасы ұйытқы болған жергілікті этникалық негізде алғашқы ірі мемлекет Ақ Орда құрылды. Оның құрамы жағынан негізінен Қазақ халқы болса да, атау ретінде деректемелерде кейінірек жазылып, анықталды. XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқы құрылған соң, халықтың этногенез процесінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этникалық маңызға ие болды. Керей хан мен Жәнібек хан 1457 – 69 жылдар аралығында өздеріне қарасты тайпалармен Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Шу өңіріне көшіп барып, жеке Қазақ хандығын құрды. Мұндағы түркі тілдес тайпалар тарихи деректерде алғашқыда «өзбек-қазақ», кейінірек «қазақ» атауымен түпкілікті атала бастады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ халқының халық болып қалыптасуы қай кезден басталды?
2. Этносаяси қауымдастық деген не?
3. «Қазақ», «Алаш» атауларының шығуы туралы қандай тарихи аңыз-әңгімелер бар?
4. Енисейден табылған VIII ғасырдағы ертедегі түркі ескерткішінен В.В. Радлов «қазғақым оғлым» деген сөздерді оқып, оның аудармасын қалайша түсіндірген?
5. Қазақ сөзі – ерікті, кезбе, дала рыцары деген мағына беретіндігін қазіргі кезде қай ғалымдар ұстанады?

§17 Қазақ жүздерінің құрылуы, этникалық аумақтар

Қазақстан тарихы – талай ғасырларға созылған елдің бірігу тарихы, жердің тұтастығының тарихы. Бұл тұрғыда ел президенті Н.Ә.Назарбаев өз ой-түйінін былай тұжырымдаған болатын: «Халықтың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына шаруашылық жүргізу, талабына орай руға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына саяси институттарды қалыптастырды. Әкімшілік басқарудың қажеттігіне орай бірігу мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен, эволюциялық жолмен қақтығыссыз өтті».

Шындығында, ХVIII ғасырда «Қазақстан территориясы Жетісу, Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан болып үш түрлі шаруашылық аймаққа бөлінді де, олардың әрқайсысының өз жайылымдары, қатысулары болды. Олар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп аталды.

Нақты тарихи деректердің жоқтығынан қазіргі кезеңде жүздердің пайда болуы тарихы өте шиеленісті мәселелердің бірі болып отыр. Негізінен Кіші жүздің қалыптасуы жөнінде алдымен Ш.Уәлиханов «Қазақтың түп тегі» және Шәкәрімнің «Шежіре» еңбектеріне сүйенеміз. Ш.Уәлиханов Кіші жүзді қалыптастырған ру-тайпалары туралы былай деп жазған: «Оғыз дәуірінде Шыңғыс ханға дейін 400 жыл бойы Дон, Еділ, Жайық өзендері аралығындағы кеңістікте халықтар өмір сүріп, олардың елі Дешті Қыпшақ атанған. Византия билеушісі Константин Богрянародный бұл түрік халқын Печенектер, яғни Атил (Еділ), Геих (Жайық), және Танайс (Дон) өзендері өңірінің ежелгі тұрғындары деп атаған. Шығыс тарихшыларының еңбектеріне қарағанда, Шыңғысқа дейін ақ олардың өз хандары болған. Ал монғол үстемдігі кезінде бұл тайпалар өздері көшіп-қонып өңірде өз құқын қамтамасыз ету үшін одақтар құрып, оған Шыңғыс тұқымынан ханзадалар шақырып, хан

етіп жариялап отырған. Сөйтіп, әр алуан рулардан шыққан тегіне қарамай саяси дербес қауым ұйысты». Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша жүздер осылай құрылып, осылай қалыптасқан. XIV-XV ғасырларда шаруашылық біртіндеп қалпына келіп, көшпелі шаруашылық аймақтар арасындағы сауда-экономикалық байланыстар нығая түсті. Сөйтіп тайпалардың бірігу процесі жүрді. Ал, XIV ғасырдың аяғында Батыс Қазақстан жерінде Ноғай Ордасы құрылды. XV ғасырдың ортасында Ноғай көштері Сібірден Түменге дейін, Арал маңайына, Сырдария алқаптарына дейін барған. Осы территорияларды мекендеген қыпшақ, қаңлы, найман, үйсін, қоңырат тайпалары, маңғыт, алшын, қытай, ас, тама руларымен қатар Ноғай халқының құрамына енді. Бұлар Кіші жүздің негізін құраған басты ру-тайпалары еді. Қазақ жүздерінің құрамына кірген рулардың аталмыш мемлекеттердегі рулармен көші-қоңы ғана бір еді. Ал, тіл, заттық мәдениет, тұрмыс, халық ауыз әдебиеті, наным-сенім тұрғысынан алғанда, қазақ жүздерін құраған рулардың бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ болатын. Негізінен қазақ жүздерінің құрылуын қазақ өлкесінде орын алған саяси әлеуметтік қозғалыстар тарихынан іздеу қажет. XV ғасырда қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібектердің өз әулетінен билікті тартып алған, Шәйбан Әбілқайырға наразы болғаны және артынан көшіп кеткені белгілі. Монғол ханы Есен Бұға оларды жақсы қарсы алып, оларды өз дұшпандарына қарсы пайдалану үшін қауіпті аудандағы жергілікті тайпаларға басшы етіп сайлаған. Осы тайпалар болашақ қазақ мемлекетінің құрамына енген тайпалар еді. Осы кезде Кіші жүз «Көшпелі Өзбектер мемлекетінің» – Әбілхайыр хандығының қол астында болған. Ал, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Ақ Ордада Шыңғыс тұқымдарының арасында тартыс басталып, бүкіл хандықта берекетсіздік бет алды. Осы кезде ел сұлтандарына наразы болған бірқатар ру-тайпалар Керей және Жәнібектің қол астына келді. Қасым хан Сарысу мен Сырдарияның орта және төменгі ағыстарындағы, Аралдың солтүстігіндегі алқаптарын, Қаратау сілемдерін мекендеген қазақ ру-тайпаларын өз билігіне алды. Қасым ханның баласы Тақырдың тұсында қазақ хандығы бытыраңқылыққа ұшырап, саяси ролінен айрылады. Қасым ханның ұлы Хақназар қазақ руларының басын біріктіріп, территорияны қалпына келтіреді. Біріктірушілік саясат жүргізудің нәтижесінде қазіргі Кіші жүз территориясы қосылды. Бұл жерлер бұрынғы Ноғай ордасының қол астында болатын. Бұл территориялардың қазақ хандығына қосылуы жөнінде сол кездегі Ноғай мырзасы Исмаил орыс патшасы ІУ Иванға «Менің немерелес туыстарым Жайықтың арғы бетінде қалып, қазақ ханына қосылып кетті» – деп жазады. Сонымен қатар, 1568 жылы Ноғай ордасына келген орыс елшісі Семен Мальцев Хақназар ханның Ноғай жерінің бір бөлігін басып алғанын хабарлайды. Үш жүздің «жүз» деп аталған кезі міне осы Хақназар тұсында болса керек. Хақназар Тақыр тұсында

бытырай бастаған қазақ ру-тайпаларының басын біріктіріп, мемлекетті нығайтуда мақсат еткен. Сонымен қатар, қазақ тайпаларын біріктіру үшін белгілі саяси шаралардың бірі – ру басыларымен жиналыс жасап, келісіп отырған, өйткені, қазақ қоғамында ру басыларының ролі тіптен зор болған.

Деректер бойынша Төле би үш жүзге енші бөлгенде әр руға таңба үлестірген. Осы үлкен жиналысқа 300-дей ру басылары қатысқан. Сонымен «қазақ қоғамындағы саяси шаруашылық бірлік ру, ал саяси әлеуметтік және әкімшілік-территориялық ұйым және әскери ұйым ретінде орын алды. Ал жүздер осы ірі одақтық тайпалардан тұрды».

Ф.Энгельс тайпалық одақтар туралы былай деген: «Тайпалық одаққа бірігу қажеттіліктен туды. Бұл олардың шағын тайпаға, руға бірігіп үлкен территориялық аумақтық халықты құруына негіз жасады». Ең алдымен тайпалардың және шағын рулардың бірігуі сыртқы жаулардан қорғану мақсатында болды. «Біріккенді жау алмас» дегендей олар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірлесіп өмір сүру қажет екенін түсінді. Тайпалық одақтардың ұйтқысы ірі тайпалар болды. Ш.Әмірбеков бұл жөнінде «жүздерде ірі тайпалардың аттары мен Ұлы жүз – Үйсін, Орта жүз – Арғын, Кіші жүз – Алшын аталуы да осыдан болса керек» деп көрсетеді. Сонымен қазақ мемлекеті біртіндеп қалыптасқан және ірі тайпалық одақтардың бірлестігі болды.

Хақназар ханның біріктіру саясатын ашып көрсетуде Ә.Кекілбаев тарихи деректерге, халық шежіресіне сүйене отырып жазған «Үркер» романында қазақтың Үш жүзін Үш жүз еткен Хақназар хан деумен қатар: «Моғолстаннан бөлінген тайпаларды Ұлы жүз, Сарыарқадан ауып барған Ақ Орданың тайпаларын – Орта жүз, Ноғай ордасынан қосылған Алшындарды Кіші жүз атандырған Хақназар хан» – деген қорытындыға келеді. Хақназардың өзінің алдындағы Тақыр ханның қазақтардан бас тартуын және бөлінушілігін түсінгендіктен, Жайыққа дейінгі және Оңтүстіктің бір бөлігін қосып алған соң, бірінші қолға алғаны жер мәселесі болды. Әр рудың жер иелігін белгілемейінше елде тұрақтылықтың болуы мүмкін емес еді. Сондықтан, Хақназар хан Қазақ хандығының халқын ру-тайпалық, туыстық, территориялық, шаруашылық аймағына байланысты үш жүзге бөліп басқаруға тырысқан болу керек.

Сонымен, алып территория бір орталыққа бағынған мемлекетке айналуына мүмкіндік бермеді. Міне, осы кезеңде жүздер шаруашылық жағынан және географиялық жағынан ерекшеленген территория ретінде көріне бастады. Сөйтіп, Үш жүз пайда болса керек. Ал олардың әрқайсысы өз аймағында ғасырлар бойы қалыптасқан ру-тайпалық жүйесін өздерінің тарихи атауын әлі күнге дейін сақтап келеді. Мұны кейбір ғалымдардың айтуынша руға, жүзге бөлінушілік емес, керісінше, бірлік, туысқандық, біртұтастық, ата салт-дәстүр деп түсінген жөн. Қазақтың шежіре деректері бойынша, Кіші жүз құрамы үш ірі рулық

бірлестіктен тұрады он екі ата – Байұлы, алты ата – Әлімұлы және Жетіру.

Бұдан басқа тарихтың әр кезінде қазақ халқының құрамына еңген Үш жүзге қосылмайтын араб тектес Қожа мен Сунақ, монғол тектес Төре және Төлеңгіт рулары Кіші жүзде көптеп кездеседі.

Ұлы жүзге жататын рулар: үйсін, албан, ысты, шапырашты, ошақты, суан, дулат, қаңлы, сіргелі, сіргелі, жалайыр, шанышқылы.

Орта жүздің рулары: (Г.Волконскийдің мәліметі бойынша) арғын, наймандар, қыпшақтар, керей, уақ және қоңырат.

Кіші жүздің рулары: 3 тайпалық бірлестік – Алты ата Әлімұлы, Он екі ата Байұлы және Жетіру.

Алты ата Әлімұлы: шекті, шөмекей, төртқара, кете, қаракесек, қарасақал.

Байұлы: адай, шеркеш, есентемір, таз, ысық, беріш, байбақты, тана, масқар, алаша, алтын, жаппас.

Жетіру: табын, тама, кердері, керейт, телеу, рамадан, жағалбайлы.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың қазақ жүздері туралы алғашқы зерттеулері берілген мақаласы қалай аталады?
2. Ғалымдардың пікірі бойынша қазақ жүздері қай уақыттан бастап қалыптасты?
3. «Үш жүз» атауы қандай мағына білдіреді?
4. Ортағасырларда жүздердің құрылуы не үшін қажет болды?
5. Қазақ жүздері туралы алғаш рет хатқа түсірген орыс зерттеушілерін атаңыз.

ІҮ Т А Р А У ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§18 Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары

Қазақ хандығының пайда болуы туралы басты деректер:

1. М.Х.Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегі (аударған Вельяминов-Зернов). Парсы тілінде жазылған, оны Мұхаммед Садық қашқар тіліне аударған. Ресейде 2 үлгісі сақталған: бірі парсы тіліндегі үлгісі Петербург университетінің қолжазба қорында, екіншісі - қашқар тіліндегі нұсқа - Ресей ҒА Азиялық мұражайында сақтаулы. Еңбектерде 1456-1537 жылдар аралығында қазақ тарихы сөз болады.

2. "Жылнамалар жинағы" Қадырғали Жалайри (XVIII ғ.).

3. "Тарих" авторы Махмуд Шорас (Шайбани ханның замандасы)

4. Хандемірдің қолжазбасы. Ол ұлы парсы тарихшысы Мирхондтың баласы (В.Зернов аударған).

5. "Мехман наме-ий Бухара", авторы Рузбехан (Шейбани замандасы). Орыс тіліне аударған Салеев.

6. "Зубда-Туль- Асар", авторы Насруллахи, парсы тілінде. Аударған Салеев.

7. "Абдулла-наме, авторы Хафиз Таныш, парсы тілінде. Абдулла ханның замандасы. Орыс тіліне аударған Вельяминов-Зернов.

8. "Тарих и-алям-орай-Аббасы", авторы Ескендір Мунши, Шайбани хан замандасы. Аударған В.Зернов.

9. "Шаджараи-тюрк" авторы Абылғазы Бахадүр сұлтан. Хиуа ханы. (1644-1664 жж.). Еңенк өзбек тілінде, орысшаға аударған Саблуков, Демезон. Ол өзі тақтан бас тартқаннан кейін 1663 жылдан бастап, 1664 жылы өлгеннен кейін баласы жалғастырған. Сонымен қатар, Камал ад-Дин, Әли Бинаидің "Тарих-и гузида-ий нусрат-наме", "Шайбани-наме", Шадидің "Фатх-наме" еңбектерінде қазақ хандығының алғашқы тарихы жөнінде құнды мәліметтер жазылған.

Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан территориясында XIV- XV ғ.

болып өткен әлеуметтік –экономикалық және этникалық – саяси процестердің заңды қорытындысы болды. Тарихи әдебиетте В.В.Вельяминов-Зерновтан бастап, Шығыс-Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының 1 бөлігін Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шу мен Талас өзендерінің жазығына көшуі Қазақ хандығы құрылуының басталуы болды деген пікір бар.

Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы төтенше маңызды оқиға болды. Ол ұлан – байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктуде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда

аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті – қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоңыс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Бұл оқиғанның мән-жайы мынадай болатын: 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өкімет үшін өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілхайыр құрған «көшпелі өзбектер» мемлекеті пайда болды. Осы мемлекеттің территориясы XV ғ. орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі Ұлан байтақ жерді алып жатты. Алайда бұл мемлекеттің ішіндегі өкімет үшін күрес бір сәтте толастаған жоқ. Әбілхайыр хан өзінің саяси душпандарын-Жошы әулетінен шыққан султандарды құдалауын тоқтатпады. Өкімет үшін күрес барысында Дешті – Қыпшақтан өздерін қолдайтын жеткілікті күш таба алмаған Ұрыс ханның шөберелері-Керей мен Жәнібек XV ғ. 50 жылдары орта шенінде қарамағандағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарихи -Рашиди” атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-қыпшақ Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан султандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Манғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарың берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі –ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Сүйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер- «қазақтар» деп атады. Қазақ султандары 870 жылдары (1465-1466 жж.) билей бастады». Сөйтіп, 1465-1466 жылдыры Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес қазақ хандығы құрылды. Осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолдынала бастады..

Қазақ хандығының нығаюы. Тарихи деректемелер алғашқы қазақ хандарының хандықтың территориясын кеңейтуге, Сырдария өңіріндегі қалармен Шығыс Дешті – қыпшақтың қырдағы аудандарындағы өз билігін нығайтуға бағытталған белсенді сыртқы саясаты туралы баяндайды. Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 60 жылдырдың соңында қазақтар мекендеген бүкіл территорияның біріктіру жолында ойдағыдай күрес бастады.

Қазақ хандығының саяси –экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қарату төтенше маңызды еді. Осы орайда, қазақ хандығының алдына **3 үлкен тарихи міндет қойылды:**

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті – Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.

2. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстінен орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркестан) т.б. қалалары қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық берік база болатын.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті – Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілқайыр хан еді. 1468 жылы қыста ол қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа атанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілқайырдың қаза болуы қазақ хандығының ңығайуына және территорияның көлемінің кеңеуіне үлкен себеп болды. Ол өлгеннен соң, оның елігінде қиян-кескі феодалдық қырылыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының» шаңырағы шайқалды, ірі шиеліністер басталды. Оның қарамағындағы үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей мен Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қоңысы Шығыс Дешті-Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандары Әбілхайыр ханың мұрагерлеріне қарсы күресті. Олардың саяси қарсыластары- Ахмед хан мен Махмұд Батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан мен сондай-ақ Ноғай одағын билеген мырзалармен одақтасып, бірге күрес жүргізді.

Әбілхайыр ханың орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар бұл күресте мүлде жеңіліп, өлтірілді, ал Әбілхайырдың немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд султан Астраханға барып паналады. Әбілқайыр ханның мұрагерлермен күресте толық жеңіске жеткен қазақ хандығы Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті –Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. XV ғасырдың 70 жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп, қазақ хандығының территориясын әлқайда кеңейіп, нығайды. Оған тұстұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда, Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани мен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Ол осы соғыстарда бірде Әмір-Темір әулетіне, бірде ноғай мырзаларына, ақырында Моғолстан хандарына сүйенді.

XV ғасырдың ақырында Отырар Яса (Түркестан) Орхон, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниге қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының

солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігіне қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы султан Махмұд биледі. Қазақ хандары Дешті –Қыпшақты басып алуға умтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты. Қазақ хандығының нығайюы Шайбани ханды Шығыс Дешті –Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігінен Мауараннахрға ығысуға мәжбүр етті. Ол 1500 жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мауараннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мауараннахрға енген көшпелі тайпалар бірте – бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы Дешті –Қыпшақтағы өзгешіліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті –Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-бірте Мауараннахрдың байырғы тұрғындарына жалпыласты. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс- тіршілігіне ықпал жасай алмаған.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында (1500 жыл) Мұхаммед Шайбани ханның Дешті –Қыпшақтан ығысып жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен қазақ хандығының жерін кеңітіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытыранқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау қола ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында қолданылған «өзбек- қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті –Қыпшақ пен Жетісада қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы арасындағы талас-тартыс неден туды?
2. Қазақ руларының Дешты –Қыпшақтан Жетісуға қоныс аударуына қандай жағдайлар себеп болды?
3. Қазақ хандығының құрылуына экономиканың дамуы қалай әсер етті?
4. Сырдария бойындағы қалалардың қазақ хандығының құрылуы барысында жағдайы қандай еді?
5. Қазақ сұлтандары мен Әмір Темір ұрпақтарының қарым-қатынасы қандай еді?

§19 Қазақ хандығының құрылуы

Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан территориясында XIV- XV ғ. болып өткен әлеуметтік –экономикалық және этникалық – саяси процестердің заңды қорытындысы болды. Тарихи әдебиетте В.В.Вельяминов-Зерновтан бастап, Шығыс-Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының 1 бөлігін Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шу мен Талас өзендерінің жазығына көшуі Қазақ хандығы құрылуының басталуы болды деген пікір бар.

Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы төтенше маңызды оқиға болды. Ол улан – байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктуде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті – қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоңыс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Бұл оқиғаның мән-жайы мынадай болатын: 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өкімет үшін өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілхайыр құрған «көшпелі өзбектер» мемлекеті пайда болды. Осы мемлекеттің территориясы XV ғ. орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі Ұлан байтақ жерді алып жатты. Алайда бұл мемлекеттің ішіндегі өкімет үшін күрес бір сәтте толастаған жоқ. Әбілхайыр хан өзінің саяси душпандарын-Жошы әулетінен шыққан султандарды құдалауын тоқтатпады. Өкімет үшін күрес барысында Дешті – Қыпшақтан өздерін қолдайтын жеткілікті күш таба алмаған Ұрыс ханның шөберелері-Керей мен Жәнібек XV ғ. 50 жылдары орта шенінде қарамағандағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарихи -Рашиди” атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-қыпшақ Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан султандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Манғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарың берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі –ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Сүйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер- «қазақтар» деп атады. Қазақ султандары 870 жылдары (1465-1466 жж.) билей

бастады» . Сөйтіп, 1465-1466 жылдыры Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес қазақ хандығы құрылды. Осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолданыла бастады..

Тарихи деректемелер алғашқы қазақ хандарының хандықтың территориясын кеңейтуге, Сырдария өңіріндегі қалармен Шығыс Дешті – қыпшақтың қырдағы аудандарындағы өз билігін нығайтуға бағытталған белсенді сыртқы саясаты туралы баяндайды. Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 60 жылдырдың соңында қазақтар мекендеген бүкіл территорияның біріктіру жолында ойдағыдай күрес бастады.

Қазақ хандығының саяси –экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қарату төтенше маңызды еді. Осы орайда, қазақ хандығының алдына 3 үлкен тарихи міндет қойылды:

1.Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті – Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.

2.Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстінен орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркестан) т.б. қалалары қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси- экономикалық және әскери- стратегиялық берік база болатын.

3.Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті – Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілқайыр хан еді. 1468 жылы қыста ол қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа атанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілқайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығайуына және территорияның көлемінің кеңеуіне үлкен себеп болды. Ол өлгеннен соң, оның елігінде қиян-кескі феодалдық қырылыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының» шаңырағы шайқалды, ірі шиеліністер басталды. Оның қарамағындағы үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей мен Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қоңысы Шығыс Дешті-Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандары Әбілхайыр ханың мұрагерлеріне қарсы күресті. Олардың саяси қарсыластары- Ахмед хан мен Махмұд Батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан мен сондай-ақ Ноғай одағын билеген мырзалармен одақтасып, бірге күрес жүргізді.

Әбілхайыр ханың орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар бұл күресте мүлде жеңіліп, өлтірілді, ал Әбілхайырдың немерелері

Мұхаммед Шайбани мен Махмұд султан Астраханға барып паналады. Әбілқайыр ханның мұрагерлермен күресте толық жеңіске жеткен қазақ хандығы Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті –Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. XV ғасырдың 70 жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп, қазақ хандығының территориясын әлқайда кеңейіп, нығайды. Оған тұстұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда, Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани мен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Ол осы соғыстарда бірде Әмір-Темір әулетіне, бірде ноғай мырзаларына, ақырында Моғолстан хандарына сүйенді.

XV ғасырдың ақырында Отырар Яса (Түркестан) Орхон, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниге қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігіне қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы султан Махмұд биледі. Қазақ хандары Дешті –Қыпшақты басып алуға умтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты. Қазақ хандығының нығайюы Шайбани ханды Шығыс Дешті –Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігінен Мауараннахрға ығысуға мәжбүр етті. Ол 1500 жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мауараннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мауараннахрға енген көшпелі тайпалар бірте – бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы Дешті –Қыпшақтағы өзгешіліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті –Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-бірте Мауараннахрдың байырғы тұрғындарына жалпыласты. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс- тіршілігіне ықпал жасай алмаған.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында (1500 жыл) Мұхаммед Шайбани ханның Дешті –Қыпшақтан ығысып жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен қазақ хандығының жерін кеңітіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытыранқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау қола ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында қолданылған «өзбек- қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті –Қыпшақ пен Жетісада қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ сұлтандары не себептен Көшпелі өзбектер мемлекетінен бөлініп кетті?
2. Алғашқы құрылған қазақ хандығы мен Моғолстан мемлекетінің қарым-қатынасын сипаттаңыз?
3. Қазақ хандығының алғашқы жылдарында мемлекеттік билік қалай бөлінді?
4. Алғашында хандықтың құрылған жылдары билеушілер қандай міндеттер қойды?
5. Қазақ хандығының құрылуының алғашқы жылдарында Дешті –Қыпшақта қандай жағдайлар болды?

§20 XV ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығы

XV ғасырдың аяғында Отырар Яса (Түркестан) Орхон, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниге қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігіне қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы сұлтан Махмұд биледі. Қазақ хандары Дешті – Қыпшақты басып алуға ұмтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты. Қазақ хандығының нығаюы Шайбани ханды Шығыс Дешті – Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігінен Мауараннахрға ығысуға мәжбүр етті. Ол 1500 жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мауараннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мауараннахрға енген көшпелі тайпалар бірте – бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы Дешті – Қыпшақтағы өзгешеліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті – Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-бірте Мауараннахрдың байырғы тұрғындарына жалпыласты. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс- тіршілігіне ықпал жасай алмаған.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында (1500 жыл) Мұхаммед Шайбани ханның Дешті – Қыпшақтан ығысып жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен қазақ хандығының жерін кеңітіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытыранқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау қола ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында

қолданылған «өзбек- қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті –Қыпшақ пен Жетісада қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Бақылау сұрақтары:

1. XV ғасырдың соңында Қазақ хандығының қол астында қандай қалалар болған?
2. Қазақ ханы Жәнібектің елді біріктіру жолындағы күресі қалай аяқталды?
3. Қазақ хандары мен Мұхаммед Шайбани арасындағы күрес немен аяқталды?

§21 Қасым ханның билігі кезіндегі Қазақ хандығы

Егер XV ғасырдың 70-80-ші жылдары Қасым үнемі Бұрындық ханның жанында жүріп, «оған бағынып, бұйрықтарын орындап жүрсе», сол ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап, одан іргесін аулақ сала бастайды. Қалыптасқан саяси жағдай Бұрындық пен Қасым арасын күннен-күнге салқындата түседі.

XV ғасырдың соңғы жылдарында Қасым-ның әскери қолбасшылық қасиетімен қатар, мемлекет қайраткері, шебер дипломат ретіндегі қырлары айқындала түседі. Бұған Қасымның жеке бастың мүддесінен гөрі мемлекеттілік мүддесін артық қоюы және осы соңғы мүддеге сай іс-әрекет жасап, шешім қабылдауы, оны жүзеге асыруы дәлел бола алады.

Қасым ханның қазақ халқы алдында, қазақ мемлекеттілігін нығайтуда сіңірген еңбектерінің бірі – XV ғасыр соңында Сыр өңірінің біртіндеп қазақ халқының этникалық аумағына енгізе бастауы болды. Ал XVI ғасыр басындағы ханның аса бір рөлі қазақ жеріне басқыншы болып келген Мұхаммед Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңуден айқын көрінді.

1496 жылы Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Сыр өңірінің бір шетіне табан тіреген Шайбани хан Мауреннахрдағы саяси бытыраңқылықты ұтымды пайдалана отырып, 1500 жылы Самарқан тағын бір-бірімен үздіксіз күресіп жатқан Темір әулетінің өкілдерінен тартып алады. Ол 1500-1504 жылдары Орта Азияның бірталай аймақтарын бағындырып, қуатты мемлекет құрады. Бірақ солтүстікте Қазақ хандығының болуы оған үнемі қауіп төндіріп отырғандай көрінеді. Сондықтан да Шайбани хан XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын өзіне бағындыруды басты мақсат етіп қояды. Шайбанилық сұлтанның бірі, кейіннен хан болған Убайдуллах XVI ғасыр басындағы қазақтармен соғыс туралы мәселеде «біздің бүкіл мұсылман әлемін жаулаудағы алғашқы қадамымыз қазақтарды бағындырудан басталады» деп жариялайды. Бұл – 1509 жылы айтылған сөз.

Орта Азия билеушісі XVI ғасыр басында алдымен қазақтарды экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы арнайы жарлық шығарады. Жарлықта қазақтармен толық сауда-айырбасты тоқтату жөнінде айтылады және Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық беріледі. Бірақ бұл шара оған оң нәтиже бергізбейді, керісінше, Қазақ хандығы тарапынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оң көрсету үшін мауреннахрлық дінбасыларына қазақтарды «дінсіздер» деп айтқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдыруға күш жұмсайды. Сөйтіп, ол 1505-1509 жылдар аралығында Қазақ хандығына қарсы үш рет

жорық ұйымдастырды. Бұл үш жорық Шайбани хан үшін біршама нәтижелі аяқталды. Сыр өңіріндегі қазақ сұлтандарының ұлыстары талқандалып, мыңдаған мал мен жан олжаға түсіріледі. Ондай ұлыстардың бәрі Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары болатын. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде Бұрындық хан жау шабуылын біле тұра, Жәнібек хан ұлдарына ешқандай көмек бермей, керісінше, өз басын аман сақтап, ұлысымен шегініп кеткен еді. Ханның бұл әрекеті бүкіл қазақ қоғамында оның беделін төмендетіп жібереді. Осы кезден бастап барлық күштер Қасым ханның төңірегінде топтаса бастайды. Өйткені Шайбани хан алғашқы үш жорықта қазақ елін бағындыруды мақсат еткенімен оған жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтар болу қаупі зор болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған шайқастарда жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады. Мұны сол кездегі тарихшылар да аңғарған. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қасым ханның күшінің өскендігі соншалықты, Бұрындық хан туралы ешкім де ойламады, ол хандықты басқару мен ондағы бүкіл билікті қолына алды» деп жазады.

Шайбани ханның келесі жорықтарынан хабардар болған Қасым хан оған алдын ала әзірленеді. 1510 жылғы Шайбани ханның соңғы жорығында Қасым хан өз Ордасын ішкері қарай, Ұлытау маңына қондырып, Ордада аз күш қалдырып, негізгі күшін кейін шегіндіреді. Оңай жеңіске масаттанған жау қаннен-қаперсіз бірнеше күн бойы Ордада тойлайды. Осы тұста Қасым хан әскерін қарсы шабуылға шығарады. Қазақтардан мұндай қарсы әрекетті күтпеген жау әскері ешқандай қарсылық көрсете алмай, бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Қазақтар жауын Ұлытаудан Сыр өңіріне дейін қуып, Сығанақ түбінде тас-талқан етеді. Шайбани хан әскерінің қалдықтары, деректерде жазылғандай, қорыққанынан арттарына қарауға мұршасы келмей, Самарқанға дейін қашады. Бұған дейін ешбір жеңілістің дәмін татпаған Шайбани хан әскері Қасым хан әскерінен 1510 жылдың қысы мен көктемінде осылай масқара болып жеңіліс табады. Орта Азия билеушісінің бұл жеңілісін сол тұстағы тарихшы Балхи былай деп бағалайды: «Бір сөзбен айтқанда, Шайбани ханның үлесіне ірі жеңіліс тиді. Өзінің ең шырқау биігіне жеткен оның билігі енді құлдырай бастады». Көріп отырғанымыздай, Қасым хан тек қазақ елін құтқарып қана қойған жоқ, сонымен бірге қарсыласы Шайбанидың белін үзіп, омыртқасын опырғандай етіп соққы береді. Орайы келгенде айта кетелік, Қасым ханнан жеңілгеннен соң Шайбани хан өшін айналасындағы өз сұлтандарынан алып, олардың иеліктерінің бәрін

өзгертеді. Өз кезегінде сұлтандар бұған наразы болып, іштей қарсылық білдіреді, бірақ бірден сыртқа шығара алмайды. Сол жылы оның Бадахшанның таулы тайпаларына жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Күзде Мерв қаласында Иран шахы Исмайыл шах әскерінің қоршауында қалғанда қарамағындағы бірде-бір сұлтаннан көмек келмейді. Сөйтіп, 1510 жылы күз айында ол қоршауда қаза табады, ал бірнеше жыл бойы Орта Азияда саяси бытыраңқылық жайлайды. Міне, Қасым ханнан жеңілген Мұхаммед Шайбани ханның тағдыры және ол құрған мемлекеттің тағдыры осылай аяқталады.

Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның беделін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген Қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шайбани хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандауы Қасым ханның қазақ халқы алдында сіңірген үлкен еңбегінің бірі болып саналады. Қазақ жұрты алдында беделінен жұрдай болғанын сезген Бұрындық 1511 жылы Мауреннахрға кетеді. Ешбір деректе жазылмаса да, осы жылдан бастап Қасым ханның ресми хандық дәуірі басталады.

Қасым хан Қазақ хандығын 10 жыл (1511-1521 жж.) басқарады. Қазақ халқы үшін ол осы 10 жыл ішінде бірнеше хан ұрпағы атқаратын іс атқарып кетті. Ол хандық құрған жылдар ішінде қазақ елін, қазақ жұртын іргесіндегі көршіден алыстағы Еуропа халқына дейін танып-біледі.

1510-1513 жылдары Шайбани хан өлгеннен кейін, Орта Азияда саяси бытыраңқылық белең алып, Сыр өңірінде оның ықпалы әлсірейді. Сондай-ақ Жетісу мен Шығыс Түркістанда бір жарым ғасырдан астам өмір сүрген Моғолстан мемлекеті де осы тұста ыдырап кетеді. Осындай Қазақ хандығы үшін қалыптасқан қолайлы сәттерді шебер пайдалана білген Қасым хан Жетісуда, толығымен Сыр өңірінде Қазақ хандығының билігін орнатады. Мұнда бір ескеретін жай, бұл аталған аймақтар ешбір ұрыссыз қазақ халқының этникалық аумағына енеді. Себебі мұндағы тайпалар қазақ халқының этникалық құрамының бірі болатын.

Салыстырмалы түрде айтсақ, дәл осы жылдары орыс халқынын этникалық аумағының қалыптасу үрдісі, сонымен қатар саяси үрдісі бір орталыққа бағындырылған мемлекеттің құрылып жатқан кезі еді. Ал XVI ғасыр басындағы Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу үрдісінің Жетісу, Сыр өңірлерінде бейбіт өтуі бірнеше мән-жайдың бетін ашады. Біріншіден, этникалық үрдістің біртұтас этноаумақта жүруі этникалық компоненттердің этнопсихологиялық жағынан жақындасуын тездетеді. Сол себепті де Жетісу мен Сыр өңіріндегі этникалық топтар саяси кедергілер жойылғаннан кейін өзінің негізгі этникалық ұйытқысына қосылады. Екіншіден, мұндай күрделі этноүрдістің қырғын-соғыссыз, бейбіт түрде өтуіне өз заманының ұлы қайраткері Қасым ханның жүргізген көреген

саясаты тұрды.

Жеке адамдардың тарихи кезеңдердегі орнын Қасым ханның атқарған рөлі арқылы түсінуге және түсіндіруге болады. Түбінде болатын объективті тарихи үрдіс – қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуы мүмкін басқа хандар тұсында басқаша жүрген болар ма еді немесе орыс тарихындағыдай соғыстар арқылы жүрген болар ма еді. Нақты оқиғалы кезеңдерге жеке тұлғалардың араласуы ол үрдісті не тежейді, не тездетеді, бірақ тоқтата алмайды. Біз бұл арада қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы Қасым хан тұсында бейбіт түрде және тез жүргенін көрдік. Қасым ханның қазақ тарихындағы тарихи рөлдерінің бірі осында болса керек.

Қасым хан қазақ халқының аумағын қалыптастырумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де бар күш-жігерін салады. Оған дәлел – 1513 жылғы оның Ташкентке жорық жасауы болды. Осы жылдары Ташкенттің Қазақ хандығына өтуі бірнеше мәселені шешкен болар еді. Біріншіден, Ташкентті алу арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен елдімекендердің бейбіт өмірін сақтау, хандықтың оңтүстік шекарасын қауіпсіздендіру және бір саяси кеңістіктегі Дешті Қыпшақ пен оңтүстігінде Сайрамға дейін Сыр өңірінің этникалық тұтастығын қамтамасыз ету, дамыту болды. Екіншіден, дәл осындай мақсаттар Жетісуға да қатысты еді. Мауреннахр тарапынан Жетісуға және Сыр өңіріне апаратын қысқа және төте жол Ташкент арқылы өтті. Сондықтан да қаланың қазақтарға өтуінің әскери-стратегиялық маңызы болды. Үшіншіден, Қасым хан алдында саяси міндет 1513 жылдың басынан қайта күшейе бастаған шайбанилық сұлтандардың күшін, олардың Ташкент аймағындағы ықпалын әлсірету болды. Міне, осындай маңызды мақсаттар Қасым ханды Ташкентті алуға итермелейді. Жорықтың басталуына Сайрам қаласын өз еркімен Қасым ханға берген Қатта-бектің ұсынысы түрткі болды. Бірақ та Қасым ханның Ташкентке жасаған 1513 жылғы жорығы сәтсіз аяқталады. Кейін шегінген қазақ әскері Ташкенттің солтүстігіндегі қала – Сайрамға келіп тоқтайды. Уақытша болса да бұл қала әскери, стратегиялық маңызға ие болды.

1513 жылдан кейін қайта бірігіп, күшейген Мауреннахрдағы шайбанилық сұлтандар Қазақ хандығының Сыр өңіріндегі ықпалын жою мақсатымен 1516-1517 жылдың қысында жорық ұйымдастырады. Шайбанилық тарихшылар жорықтың ұйымдастырылуын қанша марапаттаса, жорықтың немен аяқталғандығы туралы сонша аузын ашпайды, яғни, біздің ойымызша, шайбанилықтардың тағы да бір ірі жеңілісін жазуға олардың дәті бармаған. Бұл жолы да қазақ ханы Қасым хан жаудан айласын асырып, шайбанилықтарға күйрете соққы береді. 1516-1517 жылғы оқиғадан соң Қасым хан қайтыс болғанға дейін Сыр өңірі мен Жетісу аймағындағы саяси талас-тартыс аяқталып, бейбіт өмір қалыптасады.

Қазақ хандығының оңтүстік пен оңтүстік-шығыс бағыттардағы сыртқы саясатын сәтті аяқтаған Қасым хан 1517 жылдан бастап күш-жігерін батысқа – Еділ, Жайық бағытына қарай жұмсайды. XVI ғасыр басында екі өзен аралығындағы Ноғай Ордасы ауыр саяси дағдарыста болатын. Ру-тайпа көсемдері билік үшін өзара күресте мемлекетті толығымен ыдыратып, бір-біріне бағынбайтын, дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Ноғай мырзаларының өзара күресінен әбден шаршаған ру-тайпалар өздерінің этникалық ортасы, этникалық кеңістіктегі құрамдас бөлігі – қазақ этносына қосыла бастайды. Этникалық бірігу саяси тұрғыдан қолдауға ие болды. Қазақ ханы Қасым хан мұнда да көрегендік танытып, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу үрдісін соғыссыз, бейбіт түрде жүзеге асырады. Тарихшы А.Исиннің зерттеулерінде кейбір ноғай мырзаларының 1519 жылы Еділдің оң жағалауына ығыстырылғандығы жөнінде айтылады. Ал сол жағалауда Қазақ хандығының билігі жүре бастайды да, ол енді Астрахан хандығымен шектеседі. Өз кезінде бұл жағдай Қазақ хандығына Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның батыс бөлігіндегі саяси қарым-қатынастарға белсене араласуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қазан, Қажытархан, Қырым хандықтары және Москва княздықтарымен Қасым хан кезінде дипломатиялық қатынастар орнатылады.

Алтын Орданың мұрагері болуға ұмтылған Қазан, Қырым және Қажытархан хандықтары бір-бірімен күресте өздеріне мықты одақтас іздестіреді. Москва княздығы бұл кезде әлі де болса қуатты емес еді. Сондықтан да күшті одақтас Қасым хан деп танылады. Орыс деректерінде 1520 жылы Қырым хандығында қазақтардан елші келгендігі айтылады. Жазба деректер бұл жөнінде мардымды ештеңе айтпаса да, осы жылдардағы үздіксіз болған байланыстар халық ауыз әдебиетінде жақсы сақталған. Тарихи батырлық жырларда Қырым, Казан хандықтарына байланысты, жекелеген батырларға байланысты көптеген оқиғалар баяндалады.

Бұрынғы Жошы ұлысы, одан кейінгі Алтын Орда жерінде XVI ғасырдың басындағы ең қуатты мемлекет – Қазақ хандығы болды. Оның ханы – Қасым хан еді. Дәл осы кезде Москва княздығы Қазақ хандығымен байланыс орнатуға ұмтылады. Бұл байланыс арқылы Москва қазақтар туралы, Қазақ хандығы және Қасым хан туралы көп мәлімет алуға тырысты. Өйткені енді-енді Алтын Орда езгісінен құтылған Москва княздарының есінде кешегі күн елестері көп еді. Олар Алтын Орда аумағында жаңа қуатты мемлекеттің пайда болуынан қатты сескенді. Мұрагерлікке таласқан үш хандықтың өзара күресі Москваға өте тиімді болатын. Бірақ та 1519 жылдан бастап Қазақ хандығының бұл іске араласуы Москваға өте қауіп туғыза бастайды. Сондықтан да Москва қазақтармен байланыс орнату арқылы олар туралы көп білмек болды. XVI ғасырдың 70-ші жылдарында

құрастырылған патша архивінің тізімінде: «38-жәшік. Онда Қасым хан тұсындағы қазақтар туралы қағаздар бар» деп жазылған. Өкінішке орай, бұл қағаздар бізге дейін жетпей, өртеніп кетті. Москваның Қасым ханға жеке көңіл аударуы, біріншіден, Қазақ хандығының қуаттылығына байланысты болса, екіншіден, оның мемлекет қайраткері ретіндегі рөліне байланысты туындаған деп санаймыз.

Ортағасырлық тарихшылар қазақ хандары ішінде Қасым ханнан басқа ешкімге көп баға берген емес. Бұл жай оның тарихи тұлғасын сол кездің өзінде-ақ көпшіліктің танығандығын көрсетеді. Ал ол туралы қалың қазақ жұрты біле ме екен? Ірі тарихи тұлға туралы замандастарының пікірін тыңдап көрелік.

Захир ад-дин Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мың адам болған» десе, Мұхаммед Хайдар Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ» деп жазады. Ал Қадырғали Жалайыр болса, «Жәнібек хан ұлдары ішінде аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты» дейді. «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігін күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды» деп Махмуд ибн Уәли баяндаса, Хайдар Рази: «1515-16 жылдары Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның халқының саны миллионға дейін жетті» деп хабар береді. Ал Гафари деген тарихшы «Қасым хан Дештінің ханы болды. Шайбани хан екеуінің арасында кикілжіңдер болып, 1509-10 жылы Шайбани хан оған қарсы аттанды, бірақ жеңіліс тапты» деп айтады.

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы жайындағы хабарлар Еуропа елдеріне де жетеді. 1525 жылы Москва княздығы туралы кітап жазған италяндық әдебиетші Иовий Московияның шығысындағы көршілерді жалпы атаумен «татарлар» деп, «олардың территориясы Қытайға дейін созылып жатыр» деп түсіндіреді. Ал 1516 және 1526 жылдары Москвада екі рет болған австриялық елші Сигизмунд Герберштейн «Волга бойындағы бұл патшалық (Қазан хандығын айтып отыр – Б.К.) оңтүстікте және шығыста далалық аймақпен шектеседі. Шығыста олар шайбанилар және қазақтар деп аталатын татарлармен араласып тұрады» деп баяндайды. Бұл тұңғыш рет қазақ деген халықтың Еуропа халықтарына таныстырылуы, белгілі болуы еді.

Қасым ханның тарихи рөлі жоғарыда айтылған ойлармен шектелмейді. Қасым ханның билігі тұсында бұрыннан қолданылып келе жатқан «Дешті Қыпшақ», «көшпелі өзбектер», «өзбек-қазақ» деген әртүрлі мәні бар атаулардың орнына бір ортақ этноним – «қазақ» және этносаяси термин – «Қазақстан» қолданыла бастайды.

1512-13 жылдардағы оқиғаларды баяндайтын Мұхаммед Талибтың «Матлаб ат-талибин» атты шығармаларында алғаш рет «Қазақстан» термині айтылады. Одан кейін 1537 жылғы оқиғаларға байланысты Зайн ад-дин Васифидың «Бадай ал-вакай» еңбегінде де бұл термин тілге тиек болады. «Қазақ», «Қазақстан» атауларының көршілес елдерінің тарихына енуі де Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының нығайғандығына байланысты болса керек.

Жоғарыда келтірген ортағасырлық авторлар мәліметтерінен біз осындай ойларды табамыз. «Қасқа жол» деп аталатын заң – қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтеріледі;
2. Қазақ халқының этникалық аумағы толығымен біріктіріледі;
3. Хандық билік этникалық аумаққа толық тарап, рөлі артады;
4. Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өседі;
5. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейтіндіктен, оны жаңа дәуір талаптарына сай бейімдеу қажеттілігі туады.

Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да, қазақ халқының санасында заң атауының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Ендігі айтар бірер сөз Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде. Шығыс жазба деректеріндегі мәліметтер әртүрлі жылдарды айтады.

Дулати мен Хайдар Рази 1518-19 жыл десе, Гафари және басқалар 1523-24 жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518-23 жылдар аралығындағы кез келген жылды көрсетуде. Оның қайтыс болған жылын анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А.Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

Жоғарыда 1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520-21 жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп естиді. 1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III Василийге жіберген хабарламасында «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды» деп жазады. Бұдан басқа көздер арқылы да Москваға Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек. 1521 жылы маусым айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III Василий «Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар

қай жерде көшіп-қонып жүргенін анықта» деп тапсырма береді. Бұдан көріп отырғанымыздай, Қасым хан 1518 жылы не 1523 жылы емес, 1521 жылдың қысында қайтыс болған. Қадырғали Жалайыри Қасым хан Сарайшықта жерленген деп жазады. Ол түсінікті де, өйткені Қасым ханның соңғы 3-4 жыл өмірі Еділ-Жайық бойында өтеді. Қайтыс болғанда Ұлы хан 75-76 жастар шамасында болады.

Қорыта айтқанда, XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы – елдің саяси бірлігін сақтауы мен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді.

Бақылау сұрақтары:

1. XVI ғасырдың басында Қазақ ханы кім болды?
2. Қасым хан туралы жазылған тың деректерге сипаттама беріңіз.
3. Қасым ханның Ташкентке алғашқы жорығы қай жылы болды?
4. Қасым хан Қазақ мемлекетін дамытуда қандай жетістіктерге жетті?
5. Сыр бойындағы қалалар үшін болған ұрыстарды атаңыз?
6. Қасым ханның кезіндегі халық санының өсуі неге байланысты?
7. Қасым ханның кезінде хандықтың территориялық аумағы қандай болды?
8. Қазақ хандығының Қасым билігі кезінде күш-қуаты мен беделінің артқаны неден көрінеді?
9. Қасым хан сыртқы саясатта қандай бағытты ұстанды?
10. «Қасым ханның қасқа жолы» атынған заңдар жинағы өмірге келді және қандай қажеттілігі болды?

§22 XVI ғ. II ширегіндегі хандықтың саяси ахуалы

Қасым хан тұсында қазақ хандығының нығайғанына қарамастан, ол әлі орталықтанған мемлекет бола қоймады, мұның өзі Қасым хан өлгеннен кейін бірден байқалды. Қазақ хандығын нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсаған Қасым хан қайтыс болғаннан соң, оның мұрагерлері арасында өкімет билігіне таласқан ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстар туды. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде өзара қырқысудың зиянды зардаптары хандықтың жай – күйіне қатты батты. Қазақ билеушілеріне қарсы монғол және өзбек хандарының одағы қалыптасты. Қазақ ақсүйектерінің бір бөлігі ханның баласы Мамашты (Момыш) қолдап хан көтереді. Алайда, өзара қырқысу кезінде Қасым ханның мұрагері Мамаш көп ұзамай қаза

тапты. Тарихи деректер бойынша Мамаш хан кезекті бір шайқаста жау қолынан қаза табады деп жазылады. Енді бір деректе мамаш ханның тұлпары жығылып, қалың нөпір астында қалған деп айтылады. Қалай болғанда, ол соғыс алаңында қайтыс болған. Ол Қазақ хандығын небәрі 1521-1523 жылдары басқарған екен.

Бұдан кейін мемлекет билігі Әдік сұлтанның ұрпақтарына көшеді. Әдік – Жәнібек ханның баласы, Қасым ханның ағасы. Оның ұрпақтары «бес ұл» деп аталып кеткен. Солардың үлкені Тахир болады. Осылайша билікке Қасымның немере інісі Тахир хан (Жәнібектің немересі, Қасымның немере інісі) келеді (1523-1533 жж.).

Тахир хан әскери – саяси істеріне олақ, дипломатиялық дарыны жоқ, қол астындағыларға қатал, қытымыр адам болды. Ол ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстарды тия алмады, бұған қарамастан төңіректегі елдердің бәрімен жауласты. Қазақ хандығымен үнемі дүшпандасып жатқан Шайбани әулетімен ғана емес, қазақ хандығының сенімді одақтасы болып келкен Ноғай ордасындағы маңғыт мырзаларымен де, Моғолстан хандарымен де жауласты.

Ішкі саясатта халыққа рақымсыз қаталдық істеу, сыртқы саясатта дос пен қасты айырмай төңіректің төрт бұрышымен түгел жау болу оны жеңіліске ұшыратты.

Ақ киізге көтеріліп, хан сайланса да, Тахир хан қазақ хандығының барлық жеріне түгел билік жүргізе алмады. Оның тұсында феодалдық қанаудың күшеюінен, оның үстіне Тахирдің қол астындағыларына қаталдығына наразы болған халықтар үнемі одан айырылып көшіп кетіп отырды.

Тахир хан қазақ мырзалары арасындағы өзара тартысты баса алмайды. Сырдария бойында Шайбани әулетіне ұарсы соғыстар сәтсіз аяқталып, Тахирдың Ноғай Ордасымен де қарым-қатынасы шиеленіседі. Осының бәрі ішкі алауыздықты өршітеді. Халық соғыс ауыртпалығына, ханның қатыгездігіне төзе алмай басқа жаққа жаппай көше бастайды. Тахир хан қол астындағы аймақтың көп бөлігінде билігінен айырылады. Оның ықпалы Жетісуда ғана сақталады. Мұнда ол қырғыздармен одақ құрып, моғол ханы Сұлтан Саидтың Жетісудағы өз билігін қайта құрмақ әрекетіне тойтарыс береді. Тарихшылардың пікірінше, Тахир хан ең бақытсыз хан болған. Ол жөнінде Мұқтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» деген еңбегінде: «Бақытсыздығы – жасаған заманында емес, істеген ісінде, ақылының келтесі, мінезінің нойыстығында жатыр. Жеке басы ер, табиғатында қайсар кісі болса керек. Бірақ ел билеушіге ең керегі – парасат пен саясат. Саясаты шамалы, өрісі тар Тахир онсызда жауығып отырған көрші жұрттардың ашық соғыс өртін таңдауына, бәрінің басы бірігіп, жалғыз қазаққа жабылауына жол ашады. Парасатының кемдігінен, рақымсыз тасырлығынан қарауындағы халқын және ығыр қылады. Сыртқы жаудың бетін қайтармақ болып қайтпай соғысады, бірақ үлкен

жеңілістерге ұшырайды, байтақ қоныстардан ғана емес, бар абыройдан да айырылады: халқын ұйыстырмақ болып қатал шараларға барады; бірақ бар жұртты хан орадасынан бездіріп айдалада қалады»-деп жазады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің айтуынша: алғашқы Тахир хан қол астына қараған 1 миллион адамнан кейін 400 мыңдай адам қалған, бастапқыдағы он лек әскерден кейін 2 лек әскер қалған екен. Тахир ханның тұсында Қазақ Ордасы әлсірейді. Ханның өзі де кейбір деректер бойынша, 1529-1531 жылдары Қазақ Ордасына қараған қырғыздар арасында ауыр халде, күйіктен қайтыс болады деп жазылады.

Тахир хан қайтыс болғаннан соң, 1533 жылы қазақ хандығына Әдік сұлтанның келесі баласы, Тахир ханның інісі Бұйдаш (1533-1534 жж.) хан келеді. Деректерде Бұйлаш, Бойлаш, Бойдаш, Бублаш деген атпенде кездеседі. Бұған дейін 1531-1533 жылдары Қазақ хандығының аумағында бірнеше ұсақ хандықтар болған. Айталық, батыс аймақта Ахмет хан, орталықта –Тоғым хан, Жетісуда Бұйдаш хан. Бұйдашта 20-30 мың адамдай іскер болған. Оның билігі қырғыздардың бір бөлігіне ғана тараған. «Тарих-и Рашиди» Бұйдаш хан 1533-1534 жылдан кейін қайтыс болды делінсе, Қадырғали Жалайри ол 1559/60 жылы Мауеренахрға жасаған жорығы кезінде, Барақ ханның ұлы Дербіс сұлтанмен болған соғыста өлді деп жазады. Деректер бойынша, осы соғыста Әдік сұлтаннан тараған 24 сұлтан қаза тапқан.

Ішкі енжарлық қырқыстар -мен феодалдық соғыстар Бұйдаш хан тұсында да туып отырды. Бұйдаш ханның ұлы Бауыш әкесіне қарсы шығып, олардың арасында тақ күресі басталады. Осы кезеңде Қазақ хандығы мен қырғыздардың одағына қарсы бағытталған моғол, өзбек және ноғай билеушілерінің үш жақты әскери-саяси одағы құрылады.

Сөйтіп, қазақ хандығы әбден әлсіреп, бірнеше иеліктерге бөлініп кетеді. Мәселен, Қазақстанның батыс аудандарында Ахмед хан, Жетісуда Тоғам хан болғаны белгілі. Міне, бұл Қасым хан қайтыс болған соң туылған ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстар салдарынан қазақ хандығының 3 бөлікке бөлініп кеткендігінің белгісі.

Бұйдаш хан қаза тапқаннан кейін 1533-1537 жылдары Қазақ хандығы тағына Жәнібек ханның немересі, Жәдік сұлтанның ұлы Тоғым хан отырады. Ол алғашқы күннен бастап, билікті қалпына келтіруге күш салады. Жан-жақтан анталаған көрші елдермен қорғаныс соғыстарын жүргізе отырып, елінің әскерінің қуатын арттыруға ұмтылады. Тахир ханның тұсында Қазақ Ордасына қарсы өзбек ханы Ұбайдолла мен моғол ханы Рашид жорыққа шығады. Түбі бір түркілер өзбек-моғолдар мен қазақ-қырғыздың 1537 жылғы 27 шілдеде Ыстықкөлдің шығыс бетіндегі Сан-Таш дөшен жерде үлкен соғыс болады. Осы қиян-кескі ұрыста қазақ-қырғыз әскері түгел қырылады. Тоғым хан бастаған 37 сұлтан мен оның ержүрек тоғыз ұлы да осы соғыста қаза табады. Сан-

Таштағы соғыс –Қазақ хандығы әскери тарихындағы ең қаралы оқиғалардың бірі. Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы Есім хан қазақ-қырғыздың қаншама ержүрек жауынгерлері шейіт болған Сан-Таш аңғарында ұлан-асыр ас беріп, биік қорым үйгізген деп айтылады. Қадырғали Жалайри Тоғым ханды Шағат деген жерде қайтыс болды деп жазады. Мұхаммед Хайдар Дулати осы шайқастан кейін қазақтар мүлде құрып кетті деп жазады. 1533 жылы Кашмирге кеткеннен кейін Орта Азиядағы және қазақ даласындағы жағдайлардан бейхабар болғанға ұқсайды.

Тұтас алғанда, ХҮІ ғасырдың 20-50 жылдар аралығы қазақтар үшін ауыр сынақ жылдары болды. Осы кезеңде мемлекеттегі шкі тартыс пен сыртқы жаулармен сәтсіз соғыстар салдарынан Қазақ хандығы бұрынғы күш қуатынан айрылып, Орталық Азияның саяси дамуындағы бұрынғыдай әсерлі күш болудан қала бастайды. Ішкі таласта көп халық, оның ішінде ондаған билеуші өкілдер ақаз болады. Қазақ хандығы батысы мен оңтүстігінде ауқымды жерлерінен айырылып, кейбір ру-тайпалары көрші елдерге тәуелді болып қалады. Сөйтіп, Қасым хан қайтыс болған соң қазақ хандығына туылған саяси дағдырыс 15 жылға созылды. Ішкі енжарлық қырқыстар мен феодалдық соғыстардың ауыртпалығы және күн санап күшейген феодалдық езгі мен қанау халық бұқарасын қатты күйзелтті. Сонымен қатар қазақ хандығын да әбден әлсіретті.

Бақылау сұрақтары:

1. Қасым ханның билігінен кейін хандық тағдыры не болды?
2. ХҮІ ғасырдың ІІ ширегінде хандықтың аумағы қалай шешілді?
3. Хандар арасындағы тартыстардің басты себебі неде?
4. Қасым хан дүниеден озғаннан кейін оның мұрагері кім болды?
5. Таһир және Бұйдаш хандардың кезіндегі қазақ хандығының жағдайы неге әлсіреді?
6. 1537 жылғы Сан-Таш аңғарындағы үлкен ұрыс кімдердің арасында болды?
7. Тоғым хан қай халдары Қазақ хандығының билеушісі атанды?
8. Қасым ханнан кейін хандықтағы саяси дағдарыс қанша жылға созылды?

§23 ХҮІ ғасырдың ортасындағы қазақ мемлекеті. Хақназар хан.

Қасым ханнан кейінгі бүліктердің салдарынан әлсіреген хандықты нығайтып, біріктіруге Қасым ханның баласы Хақназар хан (1538-1580 жж.) әрекет жасады. Анасы Қаныкей ханым. Жастай жетім қалған Хақназар таққа әкесі өлгеннен 20 жылға жуық уақттан кейін отырады. Хақназар қазақ хандығын 42 жыл биледі. Қазақ хандығының 300

жылдық тарихында Хақназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, әскери-саяси істері жағында қажырлы да қабілетті қайраткер болды. Оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті.

Хақназар хан таққа отырған соң хандық үкіметтің билігін нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсады. Өзінен бұрынғы Тахир хан және Бұйдаш хан тұсында бытыраңқы жағдайға түскен қазақ хандығын қайта біріктірді.

Ноғай ордасындағы феодалдық топтардың күресін пайдалана отырып, Хақназар ноғай мырзаларының көбін өз жағына шығарып алып, Жайық өзенінің сол жағындағы территорияны қосып алды. 1557 жылы ноғай мырзасы Исмаил орыс патшасы IV Иванға менің немерелерім, туыстарым Жайықтың арғы бетінде қалып, қазақ ханына қосылып кетті деп хабарлады* (Вельяминов –Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах, ч.2, с.333). Жайық өзеніне жапсарлас жатқан дала үшін күрес XVI ғасырдың 60-шы жылдарында да жалғаса берді. 1568 жылы орыс патшасы Ноғай ордасына жіберген Семен Мальцев “Ақназар патша мен Шығай ханзадының және Жалым ханзаданың қазақ ордалары және олармен бірге 20 ханзада Ноғайға келіп , ұрыс болды ”, - деп хабарлады. Бұл жеңістің нәтижесінде Ноғай жерлерінің бір бөлігі Хақназардың билігіне көшіп, қазақ хандығының жерін кеңейтіп, күш қуаты мен беделін арттырды, тарихи деректемелерде қазақ ханы “Хақназарды қазақтар мен ноғайлардың ханы” деп атаған.

XVI ғасырдың ортасында ауыр дағдарысқа ұшыраған Ноғай ордасы ішкі феодалдық қайшылықтар мен қырқыстардың және халық бұқарасының феодалдық үстемдікпен қанауға қарсы күрестерінің нәтижесінде бордай тозып, 1569 жылдан соң мемлекет ретінде өмір сүруден қалды. Бұрын Ноғай ордасына қараған қазақ тайпалары және олардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Бұл Қазақ хандығының қазақ тайпаларының және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолында Хақназар ханның жасаған жеңісті қадамдарының бірі еді.

Ноғай ордасының ыдырауы, оған қарасты қазақ тайпалары мен олардың мекендеген жерлерінің Қазақ хандығына қосылуы хандықтың Батыс – солтүстік жағындағы жағдайда өзгеріс тудырды. Орыс мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы кең өңірді алып жатқан Ноғай ордасының ыдырауы, оның бір бөлігінің орыс патшасына бағынуы, шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс мемлекетінің шекарасын қазақ хандығына жақындата түсті. 1563 жылы Сібір хандығының билігін тартып алған Көшім хан ендігі жерде Қазақ хандығына дұшпандық позиция ұстады. Оның үстіне моғол билеушілері мен Қазақ хандығы арасында да қақтығыстар болып отырды. Осындай күрделі жағдайлармен есептескен Хақназар хан Қазақ хандығының

сыртқы саясатын өзгертті. Хақназар қазақ хандығының шекарасын Еділ мен Жайыққа жеткізеді. Башқұрт халқының Ресейге мойынұсындаған бөлігі де Қазақ Ордасына қосылады. Хақназар құдіретті әмірші ретінде танылып, Ресей патшасы Иван Грозныйға елшілер жіберіп тұрады. Хақназар хан Сібірде Көшім ханды талқандап, шығыста ойраттарға 1554 жылы күйрете соққы береді. Моғолстанмен соғысып, оларды Тәңір тауынан ары асырып тастайды. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қалаларын қайтарып алады. Қырғыздардың бір бөлігі Хақназарды өздерінің ханы деп таниды.

Сырдария бойындағы Қазақ хандығының үнемі жауласып келген Мауараннахрдағы Шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Орта Азиядағы ең ірі қалаларының бірі Ташкентті басып алуға бағытталған әскери қимылдарын тоқтатты. Бұхара ханы Абдолла мен Ташкент уалаятының әмірі Баба сұлтанның арасындағы алауыздықты пайдаланып, Ташкентті қосып алуды көдейді. Сөйтіп, Шайбани Әулетінен шыққан Бұхара ханы Абдолла екінші мен Қазақ ханы Хақназар қастаспай дос болып, өзара көмектесу жөнінде «анттастық шарт» жасады, Хақназар ханның бұл дипломатиялық шарасы маңызды болды.

Сонымен, Хақназар хан тұсында соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады, қазақтардың орта Азия халқымен сауда – саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланысы одан әрі өрістеді. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға, халқының шаруашылық өмірінің оңалуына тиімді болды. Сонымен қатар Қазақ хандығы нығайып, қайта дәуірлей түсті.

Хақназардан Дінмұхамед, Мұңғытай, Бозғыл есімді балалар қалған. Дінмұхамед біраз уақыт Ташкентті және Хиуаны билеген.

Бақылау сұрақтары:

1. Хақназар хан қай жылдары өмір сүрді және қай жылдары биік еткен?
2. Сыртқы саясатта Хақназар қандай мәселелерге ерекше назар аударған?
3. Қазақ хандығының Бұқарамен қарым-қатынасы туралы не білесіз?
4. Ноғай Ордасы қазақ хандығына қалай қосылды?
5. Хақназар ханның Шайбани мемлекетімен қарым-қатынасы қалай өрбіді?

§24 XVI-XVII ғғ. тоғысындағы Қазақ хандығы мен Орта Азия елдері. Тәуекел хан.

Хақназар ханның кезінде қазақтардың Шайбани ұрпақтарымен

өзара қарым-қатынасы тығыз әрі жан-жақты болған. Соғыстар достық әрі ынтымақтастық, кейде неке одақтарымен бітіп отырды. Әсіресе, Шайбани ұрпағы ІІ Абдоллах қазақ ханымен одақ жасасуға мейлінше мүдделі болған. Абдоллах хан 1583 жылы әкесінің орынына (Ескендір ханның орнына) таққа отырып, 1598 жылы өзі өлгенге дейін басқарған. Ол қазақтарды әскери-саяси күш деп білді. Және бақталастарына қарсы күресте пайдалануға тырысты. Осы мақсатта ол Хақназар ханмен «ант берісіп, одақ жасасқан». Ант бойынша екі жақ бейбіт қатынастар жасауға міндетті.

XVI ғасырдың 70-ші жылдарының аяғында қазақтарға сәтсіздік әкелген ірі оқиғалар болды. Бұл кезде Абдоллах пен Барақтың ұлы Баба сұлтан арасында күрес туды. Соғысты Ташкентті басып алған Бабаның өз ағасы, абдоллах билеуші етіп қойған Дәруіштің өлтірілуі себеп болған. Абдоллах хан бұл күресте қазақтар кімнің жағында болады, кімді қолдайды деп қауіптенеді. Алайда Хақназар хан Абдоллахқа берген анты бойынша онымен жасақан келісім шартты бұзбады. Ол Абдоллах ханды қолдайтынын білдірді. Хақназар Баба сұлтанды тойтару үшін бірнеше қолмен көмекке келеді. Өз кезегінде оның еңбегіде елеусіз қалмады, Абдоллах хан өзін қолдағаны үшін Баба сұлтанды басуға көмектескені үшін қазақ ханына шарт бойынша Түркістандағы 4 (төрт) қыстақты сыйға тартады. Нәтижесінде, 1579 жылы Абдоллах хан мен Баба сұлтан бітім жасасады.

1580 жылы сәуірде ташкент әміршісі күштерін жинастырып, Абдоллахқа қарсы аттанады. Осы жорықта Жалым сұлтан өзінің 2 ұлымен, Хақназардың 2 ұлы т.б. көптеген адам өледі. Кейін Баба сұлтанмен күресте Хақназар ханның өзінде қазаға ұшырайды.

XVI ғасырдың ішінде Ресей мен Астраханьды алғанан кейін Еділ өзенінің бүкіл аңғары кейін башқұрттар, сібір хандығы қосылады. Соның салдарынан Ноғай ордаларыда оңтүстік пен шығысқа қарай ығысады. XVII ғасырда олар Еділден Ертіске дейін көшіп жүрген. Оларды қазақ даласына енген башқұрттар мен Сібір татарлары тықсырды.

XVI ғасырдың аяғында ІІ Абдоллах Сібір ханы Көшіммен одақтастыда қазақ хандығына көз алартып, елеулі қауіп төндіреді. 1594-1595 жылдары таққа Тәуекел отырады. Ол таққа отырысымен 1594-1595 жылдары өз дұшпандарына қары күресу үшін Ресеймен одақ орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығына көрші мемлекеттердің шабуылы жиелей түсті.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы маңызды тарихи оқиғалар Румянцевтың айтуы бойынша «XVI ғасырдың аяғында қырғыздар орыстармен тікелей көршілес болып шықты және сонымен бірге өздеріне жау көшпелі халықтардың батысы мен солт-батысынан – башқұрттардың, қалмақтар мен ноғайлардың, шығысынан жоңғарлардың, оңтүстігінен Хиуа, Бұқара, Қоқанның түркі

халықтарының және басқаларының қоршауында қалды» -деп жазды.

1580 жылдан кейін деректерде Хақназар өліп, таққа оның немере інісі Шығай отырады. Ол 80 жылдай өмір сүрген, бірақ өмірі туралы мардымсыз ғана деректер қалған. Хафиз Таныштың мәлімдеуі бойынша ол ІІ Абдолах ханға адалдығын мойындаған және оның жақтаушысы деп жазады. Бұл ХҮІ ғасырдың ІІ жартысындағы елеулі оқиға болды. 1582 жылы ІІ Абдоллах ханның Баба сұлтанға қарсы жорықтарында Шығай ханда қатысқан. Нәтижесінде Баба сұлтан ноғайларға қарай қашып, Тәуекел сұлтан Баба сұлтанды өлтіреді. Оның басын ІІ Абдоллахқа тапсырады. Бұған сый ретінде Тәуекел мол тарту таралғылар мен бірге Африкент уалаятын үлеске алады.

1582 жылы Шығай хан өлгеннен кейін таққа 1583 жылдан 1598 жылдар аралығында Тәуекел отырады. Оның кезінде бүкіл Мауеренахрды қол астына біріктіріп алған ІІ Абдоллах хан енді Орта Азиядағы билік үшін басталас болуы мүмкін Қазақ хандығына күдіктене қарайды. Және өзі уәде еткен Түркістаннан 4 қала берем деген сөзінен айнып қалады. Оған наразыланған Тәуекел хан Сырдария өңіріндегі қалалар үшін ІІ Абдоллахқа қарсы соғыс ашады. 1586 жылы Ташкент үшін ІІ Абдоллахпен алғашқы шайқасы басталады. Бірақ қазақ ханының бұл әрекеті сәтсіз аяқталады.

1588 жылы Ташкент өңірінде үлкен көтеріліс болады. Бұл жөнінде Х.Таныштың «Шараф-наме-ий шахи» және Мухимидің «Зафар-наме» атты еңбектерінде көптеген деректер сақталған. Х.Таныш бұл көтерілістер ІІ Абдоллах ханға және оның немере інісі- Өзбек сұлтанға қарсы бағытталған. Осы кезде ІІ Абдоллахтың Гератта соғысып жүргенін пайдаланып Шахрух пен Ходжент аймағының бірқатар ауқаттылары Піскент қаласында үлкен жиын өткізеді. Бұл әрекеттерді ІІ Абдоллах ханның өз әмірлері ұйымдастырады. Бүлікшілер қазақ сұлтаны Жанәліні өздерінің ханы деп жариялайды. Оларға көптеген қазақ жасақтары келіп қосылады. Көтерілісшілер ең алдымен ІІ Абдоллах ханға қарасты Өзбек сұлтанның қолындағы Ташкент қаласын қоршайды. Ташкентті қоршау 1 айға жуық уақытқа созылады. Алайда, Өзбек хан тегеурінді қарсылық көрсетіп қоршауды бұзып қашып шығады. Сайрам қаласының маңында қатты ұрыс болып, көтерілісшілер Бешті Қыпшаққа қарай қашады. Бірқатар уақыттан кейін бүлікшілерге қазақ сұлтандары –Хақназар ханның ұлдары Мұңғатей мен Дінмұхаммед сұлтандар келіп қосылады. Өйткені бұл көтеріліс қазақ сұлтандарының ІІ Абдоллах ханнан кек қайтару үшін өте ұтымды жағдай болатын. Х.Таныштың хабарлауынша «Дешті Қыпшақта аталған қазақ сұлтандарына тең келетін ешкім болмағандықтан және көтерілісшілердің лайықты басшысы болмағандықтан, бүлікші әмірлер оларға көніп, сұлтандар жағына баруға тілек білдірген». Сығынақ қаласының жанында бүлікшілер қазақ сұлтандарына келіп қосылады. Олар бірігіп Өгізтағадан Иассыға, сонан

соң Сауранға бет алады. Сол кезде қазақ сұлтандары Сауран билеушісі Ишанкелді аутаршы мен Наурыз би Құсшының өздеріне қаскүнемдік жасауға дайындалып жатқанын біліп, өзбек әскеріне қарсы аттанады. Алайда бұл күресте Ишанкелді би жеңіп, қазақ сұлтандары мен бүлікші әмірлер жеңіліс тапты. Осылайша 5 айға созылған бүлік сипатындағы көтеріліс нәтижесіз аяқталды. Бірақ бұл 1588 жылғы көтеріліс 1598-1599 жылдардағы Шайбани әулетін аштархани әулетімен алмастырудың елеулі алғышарттарын қалыптастырды.

Бұл көтеріліске II Абдоллахқа нақ қарсылас Тәуекел қатыспай қалды. Мұның себебі Тәуекелдің бүлікші қазақ сұлтандары, Хақназардың басқа балаларымен ауыз біршілігінің болмауында еді. Өйткені 1582 жылы ол II Абдоллах ханнан кеткеннен кейінде жеке билікке жетудің ұзақ жылдық соғыстары осы сұлтандарға қарсы күрес болатын. Тәуекел 1586 және 1594 жылдары табанды күресінің нәтижесінде ғана билікті жеңіп алған.

1594 және 1595 жылдары Мәскеуге екі рет елші жіберіп, Ресеймен байланыс орнатады. Мәскеуден, мылтық, зеңбірек алу үшін келіссөздер жүреді.

1594 жылы Тәуекел орыс патшасы Федорға өз елшісін Құл-Мұхаммедті жібереді. Ол елшіліктің алдында маңызды екі мәселе міндеттеледі.

- 1) өзін орыс бодандығына алу қабылдауын өтіну;
- 2) Тәуекел ханның жиені Ораз-Мұхаммедті орыс тұтқынынан босату. (Ораз Мұхаммед 1580 жылы Көшіммен соғыс кезінде қолға түскен). Бұл елшілік туралы істе Тәуекел хан «Қазақ – қалмақ ханы» деп аталған. Бұлай аталу себебі: оған орталық және солтүстік Қазақстанда мекендеген қазақ руларымен бірге көшіп жүрген кейбір жоңғар руларының да оның билігін мойындауынан кейін осылай аталған.

Осылайша туысқаны Ораз-Мұхаммедты қайтару және II Абдоллахқа қарсы күресте Мәскеудің көмегіне жүгіну мәндеттелген. 1595 жылы наурызда елшілікке патшаның грамотасы беріледі. Онда «Қазақ хандығын өзінің патшалығының қол астына алатынын» және «патша мен ханзадаларға оқ ататын қару жіберетіндігін» айтады. Сонымен қатар, «Тәуекел хан Бұқара әмірімен де (II Абдоллах), Сібір патшасы Көшіммен соғысып, ұлы мәртебелі патша жол салатын болсын» деп жазылады. Сөйтіп, II Абдоллахпен Көшімге қарсы өз күшімен аттанып, өзі ғана оларды тыныштандыру керек болды. Ал Ораз-Мұхаммедке келетін болсақ, патша оның орнына өзінің ұлы Усейін ханзаданы аманат етіп жіберсе ғана босатылатынын хабарлайды. Тәуекел патшаның барлық талаптарын бірдей орындамады.

1595 жылы наурызда орыс патшасы өз елшісі Вельямин Степановты жібереді. Сөйтіп Мәскеу княздығымен дипломатиялық байланыстар орнайды.

Тәуекел хан сондай-ақ Ресей шапқыншылығына ұшыраған түркі тайпаларына қолдау көрсетеді. Мысалы, Сейдақ бек мекен-қонысымен Қазақ Хандығына өтеді.

1598 жылы 90 мың іскермен Бұхар хандығына келіп жеткен Тәуекел хан Ташкент пен Самарқанның арасында Абдолла ханның жүз мың әскерін тас-талқан етеді. Түркістан, Сауран, Отырар, Сайрам қалалары Қазақ хандығына қосылады. Орта Азиядағы ірі қалалар Ферғна, Әндіжан қалаларыда қазақ хандығына қарайды. Тәуекел хан Бұхара үшін болған шайқаста ауыр жараланып, одан оңала алмай Ташкент қаласында қайтыс болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандары Орта Азиялық билеуші Абдоллах хан қырқыстарының себебе неде?
2. Өзара ынмақтастық туралы келісімге алғаш болып ұсыныс жасаған кім?
3. Қазақ хандарымен өзара жауластық соғыстар Орта Азия билеушілері үшін қалай аяқталды?
4. 1588 жылы Қазақ хандығы мен Орта Азия тарихында қандай оқиға болды?
5. Тәуекел ханның кезінде қазақ хандығының сыртқы саясатындағы негізгі бағыты қандай еді?

**§25 Қазақ хандығындағы ХҮІІ ғасырдағы саяси жағдайлар.
Есім ханның билігі.**

ХҮІ ғасырдың соңы –ХҮІІ ғасырдың басы Қазақ хандығы үшін өте маңызды кезең болды. Өйткені бұл кезде қазақ мемлекеттілігі, әскери-саяси нығаюы, көрші елдермен сауда және мәдени байланыстары жолға қойылып, нығая түсті. Қазақ хандығының қолында Ташкент, Түркістан, Сауран, әндіжан қалалары Аштарханилар қолынан тартып алынып, аз уақытқа болса да билік етті. Мауаренахрда Аштарханилар билігі кезеңі -1500-1598 жылдардағы билік жүргізген Шайбанилардан кейін орнаған болатын. Яғни 1598-1743 жылдарда Аштархани (Жани әулеті) билігі орнады. Бұлар туралы Ортаазиялық тарихшы Сухайлдың «Имамкули хан-наме», М.Талибтің «Метлаб ат-талибин» т.б. шағырмаларда жазылған. Сонымен қатар еңбектерде Аштарханидтердің 4-ші билеушісі Имамқұли хан кезінде (1611-1642 жж) қазақ хандығымен байланысы туралы көптеген мағлұматтар берілген. ХҮІІ ғасырдың I жартысында қазақ сұлтандары өзара бақталасып бірнеше топтарға бөлінген. Оларды Есім сұлтан, Тұрсын, Абылай және

өзгеде ханзадалар басқарған. Сонымен қатар «Мусаххир әл-билад» еңбегінде Абу-Лайс сұлтан туралы, «Имамқұли-хан наме» еңбегінде назар хан, және «Ламахат-мин-нафахат әл-Кудс» шығармасында Мұрат сұлтандардың есімдері аталады. ХҮІІ ғасырдағы саяси оқиғалар қазақ билеушілері мен Аштарханидтар арасында әр түрлі сипатта болды. Кейде соғыс, немесе бейбіт жолмен шешіліп отырған. Мысалы 1611 жылы Есім хан Түркістан мен ташкент аймағынан 5 мың сарбазды бастап Иран мен Уәли Мұхамедке қарсы Имамқұли ханға көмек берген. Бірақ бұл одақ ұзаққа бармады. Имамқұли хан бұдан кейінде Қазақ хандығының жеріне бернеше рет жорықтар жасап тұрған. «Тарихи Аббаси» шығармасында оның қазақ жеріне жасаған ең маңызды екі (2) жорығы туралы айтады. Біріншісі: 1611 жылы, ал екіншісі 1613 жылы болған. 1-ші жорығында Имамқұли хан Самарқандқа дейін келіп, кейін қазақтармен келісімге келіп, олардың Ташкент пен оған қарасты облыстардағы билігін мойындайды. Ал 1613 жылғы жорығында Имамқұли хан Надір Мұхамед ханмен бірігіп, Балхы әскерін басқарып, қайтадан Ташкентке жорық жасап, қазақтарды талқандайды. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендірді Ташкент билеушісі етіп қояды. Бірақ көп ұзамай Ташкент халқы Ескендірді өлтіріп, қаланы алады. Бұған қатты наразыланған Имамқұли хан Ташкентке көптеген әскермен қайта оралып, қала халқын аяусыз жазалайды. Сөйтіп Ташкент Бұқар әмірі Имамқұлидың қолында қалады. Бұқара билеушісінің Ташкент аймақтары үшін қазақ хандығымен өзара қатынастары, әскери жорықтар туралы «Тарихи Аббаси», «Бахр әл-Асрар» және Иван Хохловтың «Статьялық тізбелерінде» жан-жақты жазылған.

Есім ханның (1598-1628 жж) билігі кезінде қазақ халқының тарихы аса күрделі жағдайда өтті. Шайбани әулетінің орынын басқан Бұқара хандығының жаңа әмірлері Ташкентті қайтарып алу үшін табан тіресе күресті. Шығыстан ойрат тайпалары бой көтере бастады. Қазақ хандығының ішкі жағдайында да алауыздықтар көбейіп, жекелеген ірі қазақ сұлтандары іс жүзінде Есім ханды мойындамай, тәуелсіз өмір сүрді. Солардың ішінде әсіресе, Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын ханның әрекеттері ел ішінде одан әрі іріткі туғызып отырды. Ол Ташкентте отырып, өзін хан жариялады. Ол билігін көрсету мақсатында өз атынан қшалар шығарып, халықтан алым мен жер салығын жинап отырды. Бұқар ханы Имамқұли хан Тұрсын ханның қазақ хандығынан бөлініп шығу саясатын қолдап оған көмектесуге дайын тұрды.

1603 жылы Бұқар ханының әскері Ташкентті қайтарып алуға тырысты. Бірақ екі жақтың жасақтары Айғыр Жар деген кездесіп, үлкен шайқас болып, Бұқар әскері тас –талқан болып жеңіледі. Олар Самарқандқа шегінеді. 1607 жылы бұқарлықтар Ташкентті алады. Көп ұзамай Есім хан Ташкентті өзіне қайтарады. Алайда Бұқарлықтармен шайқас мұнымен тоқтамады. 1612 жылы Имамқұли хан Сыр

бойындағы қалаларды тонап, жайпап өтіп Қаратауға дейін жетеді. Ол Ташкентті алып онда өзінің ұлын билеуші етіп қояды. 1613-1314 жылдары хан тағына Тұрсын отырып, Есім хан Жетісу және Қырғызстан жеріне кетуге мәжбүр болады. Мұнда оның билігін қырғыз тайпаларының бір бөлігі мойындайды. Одан кейін Есім Шығыс Түркістанға өтіп, Шығыс Түркістанның билеушісі Абд әр-Рахимның ордасына келіп орналасады. Онда ол Абд әр Рахимнің қызы Падшаһ аруға үйленеді. Моғол мемлекетіндегі саяси оқиғаларға белсене араласады. Бұл жерде ол қалмақтар мен күрес жүргізеді. Тұрсын хан билік құрған алғашқы жылдары қазақ мемлекеті өз күш қуатын сақтады. Деректерде онымен күресуге ойраттардың да жүрегі шайлығып тұратыны айтылады. Алайда, 20-шы жылдары Қазақ хандығындағы ішкі саяси жағдай қайта шиеленісті. Мемлекеттің нығаюы билеуші Тұрсын хан Есімның арақатынасы нашар болды. Тұрсын хан Бұқар ханы Имамқұли ханға арқа сүйеген. Оның қол астында Ташкенттен басқа Піскент, Сығанақ, Созақ, Сауран, Әндіжан т.б. ірі қалалар болған. Оның билігін қатаған және қаңлы рулары қолдаған. Кейбір тарихи аңыздарға қарағанда Есім хан Шығыс Түркістан мен қырғыз жеріне жорыққа аттанғанда ел басқаруды Тұрсын ханға тапсырған екен. Тұрсын хан Есімның сенімін ақтамаған. Сондықтан ол туралы ел арасында «Хан Тұрсынды ант ұрсын» деген сөз қалған. Моғол мемлекеті мен Қырғыз даласының 1524-1525 жылы оралған Есім хан Сырдың төменгі ағысында орнығып, Түркістан қаласына орын тепті. Осыдан бастап қаланың мәртебесі қайта көтеріле бастайды. Тұрсын хан Есім өзара татулық келісімде жасап көрді. Мысалы 1626-1627 жылы олар «бір бірін кешіріп, қайта достық қатынас орнатты». Есім Тұрсынды қазақтың Ұлы ханы деп мойындағаны мен олардың арасында тұрақты бейбітшілік болмады. 1627 жылы Есім хан ойраттарға қарсы жорыққа аттанғанда Тұрсын хан бар әскерімен Есімнің бас ордасы Түркістанды жаулайды. Халқын аяусыз тонайды. Бұдан кейін ол Есімге тұтқиылдан шабуыл жасау мақсатымен оның әскерлерінің алдына тосқауыл қояды. Алайда Сайрам қаласының маңында болған шайқаста Есім өзінің дарынды қолбашы екенін көрсетіп, Тұрсын хан әскеріне күйрете соққы береді. Бұл хабар таралғаннан кейін Тұрсынның қарамағындағы қалалардың көпшілігі өз еркімен Есім ханның билігін мойындайды. Көп ұзамай Ташкент қаласының төңірегінде тағы бір үлкен шайқас болады. Оның шешуші кезеңінде Тұрсынның қол астында жүрген адамдар өз ханын өлтіріп, Есім ханға келіп бағынады. Осыдан кейін Есім Қазақ хандығының бірден-бір жоғары билеушісі болып танылады. Құдіретті қазақ ханымен тату қатынаста болуды көздеген Бұқара билеушісі Аштархани әулетінің өкілі Имамқұли хан оның Ташкент пен Түркістан аймағындағы билігін мойындайды.

Есімнің екінші рет билеуі ұзаққа созылмаса да қазақ трихында

елеулі із қалдырды. Есім хан мемлекеттегі ішкі алауыздықтың қауіп –қатерін жақсы түсінді. Сондықтан орталық билікті күшейтуге үлкен ықылас білдірді. Бөлінгісі келетін сұлтандарды қолдауға ниетті ру-тайпаларды әлміретті, тіпті жойып жіберді. Мысалы Тұрсын ханды қолдаған қатаған тайпасының қырғыны-соның айғағы. Ел ішінде тәртіп орнату мақсатында бүкіл қазаққа ортақ заңдар жинағын дүниеге әкелді. Ол тарихта «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі. Қазақтың ұлы билеушілерінің бірі, дана қолбасшы, даңқты батыр Есім хан 1628 жылы күзде дүниеден өтіп, Түркістан қаласында, Әзірет сұлтан кесенесінің маңында жерленген. Осыдан кейін қазақ сұлтандары арасында таққа талас қайта басталған. Таққа Есімнің ұлы Жәнібек отырған. ХҮІІ ғасырдың 30-шы жылдары орыс құжаттарында ол «патша» деп жазылған. Бірақ нақты деректер мардымсыз. Оның, Жәнібектің ойраттармен күрес жүргізіп, сол кезде қаза тапқаны туралы айтылады. Осы кезеңде хан тағына қазақтың басқа сұлтаны Ташкент билеушісі Абылай (Қанышер Абылай) таласқаны белгілі. Көрші билеушілер қазақ сұлтандары арасындағы алауыздықтарды пайдаланып, хандықтың қол астындағы қалаларға қайтадан шабуылдар жасай бастайды. Тағыда тағдыр тәлкегімен Ташкент, Түркістан қалалары тартысқа түседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ хандарының Орта Азиялық билеушілермен қырқыстарының себебі неде?
2. Есім ханның алғашқы кездегі жүргізген мемлекеттік реформасы қандай болды?
3. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы қайшылықтардың себебі неде?
4. Тарихта аты қалған «Қатаған қырғыны» деген қандай оқиға?
5. Есім ханның билігі кезінде тарихта сақталған қандай маңызды ірі оқиғалар болды?

§26 Жәңгір хан тұсындағы қазақ хандығы

1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Ол басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті халық арасында оны «Салқам Жәңгір» деп атаған. Оның тұсында ойрат-жоңғарларының көсемі батыр Хұнтайшының күшейген кезі еді. Олар қазақ хандығына бірнеше рет жорық жасады. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, Жоңғар феодалдарының шабуылына қарсы күресті.

«Қазақ- ойрат қарулы күресінің тууына мынадай жағдайлар себеп болған еді.

Біріншіден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін көшіп-қонатын жерді кеңейту керек болды;

Екіншіден Жоңғар феодалдары Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді.

Жәңгір хан тұсында ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас – біріншісі 1635 ж., екіншісі 1643 ж., үшіншісі 1652 ж. болған.

1643 жылы екінші шайқаста қазақтар жеңіп шықты. Осы жылдың қысында батыр Хұнтайшы қазақ жерлеріне шабуыл жасайды, ол сәтсіздікпен аяқталады. Бұл шабуылға Жәңгір 600 адаммен аттанады. Жәңгір хан екі таудың арасындағы тар жырауда ор қазып, бекініс жасайды. Өзі екінші бөлігімен таудың екінші бетіне жасырынады. Хұнтайшы ор қазып алып, ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы күрес жасайды. Осы кезде Жәңгір жаудың ту сыртынан соққы береді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратып, 10 мыңдай адам қырылады. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мыңдай әскермен Самарқан билеушісі атақты Жалаңтөс батыр Жәңгірге көмекке келеді. Хұнтайшы шегінуге мәжбүр болады. Одан кейін ол жан-жақты дайындалып 1652 жылы қайтадан қазақ даласына аттанады. Осы шайқаста Жәңгір қаза табады.

Бұл дәуірде қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы ауыр еді. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастық өршіді. Тәукенің әкесі Салқам Жәңгір туралы алғашқы деректер 1635 жылға жатады. Орыс мәліметтері бойынша 1635 жылы "... қара қалмақ тайшылары: Талай тайша, Қонтайша (Батур Ж.А.), Тургоча тайшы бүкіл қара қалмақтарымен қыстың күні Қазақ Ордасын шапты, ал Қазақ Ордасы қара қалмақтарға қарсы шықты... қара қалмақтар Қазақ Ордасындағы адамдарды өлтіріп, Есімнің ұлы Жәңгірді тұтқынға алды..." Басқа деректер бойынша Жәңгір 1635 жылы дербет - қалмақ билеушісі Талай тайшымен торғауыттарға қарсы соғысты. Осы кезде торғауыттар басқа қалмақ тайпаларынан батысқа қарай орналасты және олардың кейбір топтары Жайықтың ар жағында болды. 1642 жылы Жәңгір хан Батур - қонтәжінің ірі әскери экспедициясын тоқтатты. Бұл қақтығыс Орбұлақ деген жерде болған, және бұл жерде Жәңгір алшын Жалаңтөс батырмен бірге қалмақ топтарын қырғынға ұшыратты. 1644 жылы Жәңгір ханның қалмақтарға тағы қарсы тұруына тура келеді, бірақ бұл жолы халық көп қырғынға ұшырап, Жәңгір ханның ағасы отбасымен және көптеген адамдармен тұтқынға түседі. Ақыр соңында, 1652 жылы Жәңгір хан қалмақтармен кезекті шайқаста қаза табады.

XVII ғасырдың басында қазақ билеушілері мен Аштарханилер арасындағы өзара қатынастар тұрақсыз болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақпен алмасып отырды. Мысалы, Аштарханилер әулетінің өкілі, Бұхар ханы Иманқұл Ташкентті тартып

алуға тырысты, сол мақсатпен 1611 және 1613 жылдардың басында жорық жасады. Алғашқы жорығында Иманқұл хан Самарқандқа дейін жетіп, Ташкент пен оның аймағына өзінің құқығын мойындатты. Екінші жорығы да Ташкентке бағыттталып, қазақтарды ойсырата жеңіп шығады. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендір сұлтанды Ташкенттің билеушісі етіп тағайындайды. Ескендір сұлтанды ташкенттіктер өлтіргеннен кейінгі Иманқұл ханның кек алу жорығы қазақтар үшін ауыр болды. Өзінің Ташкентті алуға ұмтылуында ол қазақтың екі ханының өзара жауластығын пайдаланды. Сөйтсе де кейінгі жылдары қазақтардан жеңіліп, Иманқұл қазақ хандығымен бейбіт келісім жасады.

Есім хан 1628 жылы қайтыс болып, Түркістан қаласындағы Ахмед Иассауи кесенесінде жерленген. Есім ханның мұрагері Жәңгірдің өмірі ат үстінде Қазақ хандығы жауларымен күресте өтті. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола «Салқам Жәңгір» деп атаған. Жәңгір хан (1628 -1652 жж.) билік құрған жылдары да Сыр бойындағы қалалар үшін Аштарханидтермен және Жетісудағы жайылымдар үшін қалмақтармен қақтығыстар тиылмады.

Қазақ хандығына қалмақтар жақтан төнген қауіп зор болды. «Қалмақ» сөзі батыс монғолдардың түрікше аты. Олар өздерін ойраттар деп атаған. Қалмақтар бұл жылдары шығысында Хангай таулары, батысында Моғолстан, оңтүстігінде Гоби шөлі, солтүстігінде Ертіс пен Енисейдің жоғарғы ағыстары арасында көшіп-қонып жүрді. 1635 жылы бұл территориядағы тайпалардың басын біріктіріп, Батур қонтайшы Жоңғар мемлекетінің негізін қалады. Осыған байланысты жоңғарлар күшейіп, қазақ жерлеріне жиі-жиі шапқыншылықтар жасай бастайды. Жәңгір хан тұсында қазақтар мен жоңғарлар арасында үш ірі шайқас орын алады. Алғашқы 1635 жылғы шайқаста Жәңгір қалмақтарға тұтқынға түсіп қалып, бірақ көп ұзамай қашып шығады. Тұтқыннан босағаннан кейін, Жәңгір хан қалмақтарға қарсы күрес басшылығын өз қолына алады. 1643 жылы жоңғар қонтайшысы Батур қазақ жеріне 50 мың әскермен басып кіреді. 1644 жылы Жоңғарияға барған орыс елшісі Г.Ильин жоңғарлардың 50 мың қолына Жәңгір хан бастаған 600 жауынгердің қарсы тұрғанын айтқан. Мүмкін, бұл 600 адам ататын қарумен жабдықталған Жәңгір хан әскерінің алдыңғы шебі болуы мүмкін. Жәңгір өз тобының бір бөлегіне жоңғарлар тар асудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар жырада ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі екінші бөлегімен таудың екінші бетіне жасырынады. Жоңғарлар ор қазып, бекініп жатқан қазақ жасақтарына қарсы шабуыл жасайды. Осы кезде Жәңгір өз тобымен жаудың ту сыртынан лап береді. Қазақтар осы жерде бірінші рет оқ ататын қару пайдаланады. Шайқас барысында Батур қонтайшы 10 мың әскерінен айырылады. Шайқастың шешуші кезеңінде Жәңгір ханға Самарқан билеушісі Жалаңтөс батыр бастаған 20 мың әскер көмекке келеді. Батур

қонтайшы кейін шегінуге мәжбүр болады. Сөйтіп, 1643 жылы жер жағдайын және соғыс тәсілін шебер пайдаланған Жәңгір хан Самарқан билеушісі Жалаңтөс батырдың әскери көмегі арқасында зор жеңіске жетті. Бұл тарихта Орбұлақ шайқасы деген атпен белгілі. Бұл жеңістің Қазақ хандығы үшін зор маңызы болды. Бірақ жоңғар билеушілері қазақ жерлеріне басып кіру үшін жаңа жорықтарға дайындала бастады. Батур қонтайшы бытыраған әскерлерін қайта құрап, Сібірдегі орыс қамалдарынан қару-жарақ сатып алды. Өзіне тәуелді қырғыздардан аткөлік жинастырды. Осындай әскери дайындықтан кейін Батур қонтайшы 1652 жылы қазақтарға қарсы аттанды. Бұл соғыста қазақ жасақтары жеңілді. Жәңгір хан осы 1652 жылғы шайқаста жоңғарлардың қолынан қаза тапты. Жәңгір хан да Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесінде жерленген. Жәңгір ханнан кейін Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы нашарлады. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастықтар өршіді. Қазақ сұлтандары ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге бой ұрды. Қазақ жүздерінің арасындағы байланыс нашарлап, олар бір-бірінен оқшаулана бастады.

Бақылау сұрақтары:

1. Есім ханнан кейін Қазақ хандығының жағдайы неге ауырлап кетті?
2. ХҮІІ ғасырдың ІІ жартысында Қазақ хандығына ең көп зардап әкелген қандай жағдайлар?
3. Орбұлақ шайқасы қай жылы болды?
4. Орбұлақ шайқасының қазақ тарихындағы маңызы қандай?
5. ХҮІІ ғасырдағы қазақ қалмақ қатынастарының шиеленісу себебі неде?

§27 Хандықтағы ХҮІІ ғасырдың ортасындағы халықаралық жағдайлар

Жоңғарлардың Қазақстан жеріне енуі сонау XV ғасырда-ақ басталған болатын (Әбілхайырдың көшпенді өзбек хандығына күйрете соққы берген 1456 жылы). Кейіннен ойраттардың бірігіп 1635 жылы мемлекет құруынан кейін – қазақ хандығына қан-төгіс шапқыншылықтар күшейе түсті. Басшысы Батур Хунтайшы болды (1635-1653) Қазақ жеріне Жоңғар агрессиясының күшеюі Цэван Рабдан (1697-1727) тұсында болды.

Цэван Рабданның жаулап алу программасының ең шырқау шыңы – 1723 жылы болған шабуылдан көрінді. ХҮІІІ ғасырда қазақтар үш жүзге бөлініп өмір жатты. Әр жүздің өз ханы болды. Кіші жүзді - Әбілхайыр, Орта жүзде - Сәмеке (Шахмұхамед), Ұлы Жүзде – Жолбарыс хандық етті. Түркістан қаласын астана еткен Үлкен Орданың ханы Тәуке еді.

Қазақ жерінде орталықтанған мемлекет болмауын көршілері өз пайдасына шешуді ойлады. Оңтүстік-батыстан Жайық казактарының қолдауымен Еділ бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүзге тынымсыз шабуыл жасады. Солтүстіктен Сібір казактары тыным бермеді. Орта Азиядағы Бұқара мен хиуа хандықтары да қазақ жерінен дәмелі болды. Олардың бәрінен асып түскен жоңғарлар еді. ХҮІ ғасырдың соңында ойраттар (қалмақтар) төрт тайпалық бірлестіктен тұрды. Олар Тарбағатайдан Шығысқа қарайғы өңірді алып жатқан торғауыттар, Ертістің жоғары ағысында қоныстанған дербеттер, қазіргі Дихуа қаласының маңындағы хошауыттар, Іле өзенінің жоғары жағындағы шорастар еді. Қазақтар мен ойраттар арасындағы жайылым жер үшін күрес ХҮ ғасырда-ақ басталды. ХҮІ ғасырдың соңында ойраттардың шағын бөлігі қазақ ханы Тәуекелге бағынды. 1635 жылы Хонтайшы Батурдың бастауымен Жоңғар хандығы құрылды. Қазақ-жоңғар қатынастары Батур хонтайшы (1634-1654) билік құрған кезде шиеленісе түсті. Онан кейінгі жоңғар хандары (Сенге, Халдан) Оңтүстік Қазақстанды, маңызды сауда жолдары өтетін қалаларды өздеріне қаратуға тырысты.

XVII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Орталық Азияның халықаралық жағдайы күрт өзгерді. Шығыс шекарадан күшті қарсылас пайда болды, олар қалмақтар еді. Олар төрт рудың біріккен одағы: чоростар, хошоуыттар, дербеттер және торғауыттар. Қазақ аңыз - эпостарында олар «қалмақ» деген атпен белгілі. Себебі қазақ халқының түсінігінде олар батысқа көшпелі және ислам дінін қабылдамай бұрынның дәстүрінде қалып қойған ежелгі түрік тайпаларының қалдығы. Ғылыми әдебиетте олардың құрған мемлекетін Жоңғар деп атайды. XVII ғасырда басталған қазақ- қалмақ арасындағы қақтығыстар ұзақ соғысқа ұласты. Жетісу мен Шығыс Түркістанды басып алып, қалмақтар өз күштерін Сырдария қалаларына бағыттады. Сонымен, қалмақтардың күшеюімен қазақтардың этникалық дамуына қауіп төнеді. Осыған қарамастан Есім хан тұсында Қазақ хандығын мықты мемлекет деп тануға болады. Кейбір деректерде Тәуекел мен Есім хандарды қазақ- қалмақ билеушілері деп атайды. Шығыс деректерінде Есім тұсында қазақтар Шығыс Түркістан үшін саяси күреске араласқан, ал орыс деректерінде Оңтүстік Сібір үшін қазақтар мен қалмақтардың ірі қақтығыстар өткізгені белгілі. Көшпелі халықтардың күресіне Ресей мен Қытай империялары араласа бастады.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы ішкі-сыртқы аса ауыр жағдайға душар болды. Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ даланы алып жатқан қазақ халқы жерінің географиялық ерекшелігіне қарай үш жүзге бөлініп өмір сүрді. Қазақ хандығында үстемдік еткен әскери-федалдық шонжарлар арасында ішкі тартыс күшейе түсті. Сонымен қатар бұл мезгілде қазақ-жоңғар қатынасы

мейлінше шиеленісіп, қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасады. Ш. Уалиханов сол кездегі жағдай туралы: “XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өмірінде қасіретті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар жан-жақтан қазақ ұлыстарын ойрандады» - дейді. Оңтүстіктен Орта Азия хандықтары қыспақ көрсетті. Солардың ішінде ең қауіптісі шығыстағы Жоңғар мемлекеті болды.

XIV ғ. II-ші жартысында Моңғолия территориясы екі иелікке бөлінеді. Ойраттар белсенді рөл атқарған Батыс Моңғолия және бұрынғы Қытай императорының бақылауындағы Шығыс бөлікке. “Жоңғар” деген аттың шығуы – Шыңғысханның шапқыншылығы кезеңінде ойраттар қашанда армиясының “сол қанатын” құраған, моңғолша ол “зюнгор” деген мағынаны білдіреді. Содан “зюнгор” – жоңғар деп аталып кеткен. Жоңғарлардың Қазақстан жеріне енуі сонау XV ғ. басталған болатын (Әбілхайырдың көшпенді өзбек хандығына күйрете соққы берген 1456 жылы).

Кейіннен ойраттардың бірігіп 1635 жылы мемлекет құруынан кейін – қазақ хандығына қан-төгіс шапқыншылықтар күшейе түсті. Басшысы Батур Хунтайшы болды (1635-1653) Қазақ жеріне Жоңғар агрессиясының күшеюі Цэван Рабдан (1697-1727) тұсында болды.

Цэван Рабданның жаулап алу программасының ең шырқау шыңы – 1723 жылы болған шабуылдан көрінді. XVIII ғасырда қазақтар үз жүзге бөлініп өмір сүріп жатты. Әр жүздің өз ханы болды. Кіші жүзді - Әбілхайыр, Орта жүзде - Сәмеке (Шахмұхамед), Ұлы Жүзде – Жолбарыс хандық етті. Түркістан қаласын астана еткен Үлкен Орданың ханы Тәуке еді. Қазақ жерінде орталықтанған мемлекет болмауын көршілері өз пайдасына шешуді ойлады. Оңтүстік-батыстан Жайық казактарының қолдауымен Еділ бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүзге тынымсыз шабуыл жасады. Солтүстіктен Сібір казактары тыным бермеді. Орта Азиядағы Бұқара мен хиуа хандықтары да қазақ жерінен дәмелі болды. Олардың бәрінен асып түскен жоңғарлар еді. 16 ғасырдың соңында ойраттар (қалмақтар) төрт тайпалық бірлестіктен тұрды. Олар Тарбағатайдан Шығысқа қарайғы өңірді алып жатқан торғауыттар, Ертістің жоғары ағысында қоныстанған дербеттер, қазіргі Дихуа қаласының маңындағы хошауыттар, Іле өзенінің жоғары жағындағы шоростар еді. Қазақтар мен ойраттар арасындағы жайылым жер үшін күрес 15 ғасырда-ақ басталды. 16 ғ. соңында ойраттардың шағын бөлігі қазақ ханы Тәуекелге бағынды. 1635 ж. Хунтайшы Батурдың бастауымен Жоңғар хандығы құрылды. Қазақ-жоңғар қатынастары Батур хунтайшы (1634-1654) билік құрған кезде шиеленісе түсті. Онан кейінгі жоңғар хандары (Сенге, халдан) Оңтүстік қазақстанды, маңызды сауда жолдары өтетін қалаларды өздеріне қаратуға тырысты. 1718 жылы Тәуке өліп, орнына Болат хан болған кезде, қалмақтардың қазақ жеріне жорығы күшейді. Бұл жорықтардың

табысты болуына шведтің артиллерия сержанты Иоганн Густав Ренаттың әсері күшті болды. 1709 жылы Полтава түбінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қаласына айдалды, осында Ертістің бойында Бухгольцтің экспедициясы құрамында Кереку қаласының маңында 1715 жылы қалмақтарға тұтқынға түседі. 1733 жылға дейін қалмақтардың қолында болды. Ол қалмақтарға зеңбірек құюды, баспахана жасап, әріп құюды үйретеді.

Жан-жақты әскери дайындығы бар жоңғарлар 1710-1711 жж. қазақ жеріне басып кіріп соғыс жүргізді. Олар 1717 жылы жазда Аякөз өзені жағасында қазақтардың 30 мың жасағын талқандады. Келесі жылы жоңғарлар қазақтарды Бөген, Шаян, Арыс өзендері бойында тағы да қырады.

1723 жылы ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне тағы да соғысуға келді. Шуна Дабо деген қалмақ басқарған бұл шайқас екі бағытта жүруі тиіс еді. Бірінші бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу мен Талас өзендеріне шығу болса, екінші бағыт қазақтарға соққы беріп, Шыршық өзеніне жету болатын. Бұл жоспарды іске асыру үшін әскерлер жеті топқа бөлініп, оның бірі Жетісу Алатауының етегіндегі Балқаш көліне құятын төрт өзеннің бойына топтастырылды. Қалмақтың ірі қолбасшысы Амурсана басқарған 70 мың адамнан тұратын екінші бір тобы Іле өзені бойына, Кеген өзенінің солтүстік жағасына, Нарын өзенінің күншығыс жағынадағы Кетпен тауы баурайына орналасты. 1723 жыл тарихта есте қаларлық жұт жылы болған еді. Осы жылдың көктемгі төл алу кезеңі мен жазғы көш-қону жұмыстарымен айналысып жатқан қазақ еліне тосыннан, күтпеген жерден шабуыл жасады. Осы жолы шапқыншы жоңғарлардың саны осылайша 70 мыңнан асып түсіп, жеті бағытпен қазақ еліне кірді. Осы ауыр жылдарда шыққан қазақтың қаралы да қайғылы, ән ұраны «Елім-ай», сол кездегі ауыр күндердің өшпес ескерткіші болып табылады.

Бейғам отырған қазақтар аяусыз қырылды. Жоңғарлар Жетісуды, Ұлы жүзді қырып-жойып, Ұлы жүз, Кіші жүз жеріне де жетті. Халық басы ауған жаққа шұбырды. Ұлы Жүз бен Орта Жүздің қазақтары Самарқан пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алакөл маңына топтасты. Халық бұл кезеңді "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" деп атады. "Елім-ай" деген ән туды.

Халық және батырлар ең соңында бірігудің қажеттігін түсінді. Дәл осындай ауыр кездерде халықтың ішінен суырылып алға шығып, халықтың қамын ойлаған атақты Хандарымыз бен билеріміз және халықтан шыққан батырларымыз да болды. Бұқар жырау өзінің 29 толғауында қазақ батырларының аттарын атайды. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, Албан Райымбек, Бәсентин Малайсары, Уақ Баян т.б. батырлар. Осындай ауыр кезде еңсесі түскен елдің есін жиғызып, зар жылаған

халықтың көз жасын тиғызған атақты билеріміз болды. Халықты алқалы жиынға шақырған да сол бабаларымыз болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Жоңғар тайпаларының қазақ жеріне шабуылдары қашан басалды?
2. Жоңғар жорықтарына қарсы ерлік пен күрескен қазақ батырларының өмір жолы туралы не білесіз?
3. Жоңғарлар мен ойраттар шапқыншылықтарынан көп зардап шеккен аймақтар?
4. Қазақтар ерлік көрсеткен ең ірі шайқастарды атаңыз?
5. Жоңғар, қалмақ шапқыншылықтары барысында Түркістан қаласының қандай маңызы болды?

§28 XVII ғасырдың соңындағы ішкі саясат. Тәуке ханның билігі

Қазақ ханы Жәңгір дүниеден озғаннан кейін 1680 жылы таққа оның баласы Тәуке деген атпен белгілі Мұхаммед Батырхан отырады. Үш жүзге билігін жүргізген Тәуке ханның кезінде Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Оның заманында орталығы Түркістан қаласы болған Қазақ хандығының ең бір өркендеген «алтын ғасыры» саналады. Тәуке хан 1680 жылдан 1715 жылға дейін билік етті.

Тәуке ханның мемлекеттік саясаты атырабындағы елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда – саттық қарым – қатынас жасауға тырысқан бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан Бухара хандығымен биітшілік қарым – қатынаста болуға, Орта Азиядағы отырықшы аймақтармен, қалалармен сауда – саттық жасауға тырысты. Қазақ хандығымен жауласып келген жоңғар хандығына да соғысты тоқтатып тату көршілік қатынас орнату жөнінде Қазыбек би бастаған елшілер жіберген. Ол кезде мейлінше жауласып алған жоңғарлар мен қазақтардың бітімге келе қоюы мүмкін емес еді.

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында жоңғар феодалдары қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасап тұрады. Олар Оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы базарлы қалаларды, сонымен қатар ең маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. 1681 – 1685 жж. жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет жабуыл жасады, Сайрам қаласын қиратып, егіншілікпен айналысқан ауылдарды күйретті. XVIII ғасырдың бас кезінде жоңғар әскерілерінің бір тобы Сарысу өзеніне жетсе, екінші бір бөлігі Орта жүздің шығыс солтүстік аудандарына басып кірді .

Қазақ ханы Тәуке береке – бірлікті барынша күшейтіп, сыртқы жауға батыл күрес жұмсау үшін қажымас қайрат жұмсады. 1710 жылы жауға қарсы қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында барлық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты.

Халықжасақтары құрылды, бұлар жоңғар әскерлерін шығысқа қарай ығыстырды. Бірақ, бұл жеңіс баянды бола алмады. Өйткені бұл кезде жоңғарлар жұм (біріккен), қазақтар бытыраңқы болды. Қазақтың феодал шоншарларының арасындағы алаусыздық пен енжарлық, сыртқы жаудан қорғану үшін жалпы халық күшін жұмылдыруға кедергі болып отырды. Бұл жағдайды пайдаланған жоңғарлар шабуылды қайта бастады. 1716 жылы бұлардың әскерлерінің негізгі бөлігі Іле өзенінен Аягөзге қарай жорық бастады. Нақ осы кезде жоңғарлардың отрядтары Абақанға қарай беттеп, Бие және Катун өзендерінің арасындағы жерді басып алды.

Тауке хан Россия мемлекетімен де тату, достық қарым – қатынас жасауға тырысты. 1686-1693 жылдар арасында Тәуке Ресейге бес елшілік жіберген. Ресей патшасына арнаған хатында достық қарым-қатынасты сақтай отырып, бейбіт көрші болуға шақырады. 1698 жылы Ресей мен Қытай ықпал ету шаралары туралы Нерчинскіде келісім-шарт жасасты. Келісімге сәйкес Қазақ хандығы Ресейге, ал Жоңғар хандығы –Қытайға өтуі тиіс болатын. Алайда, патшалық Ресей іс-әрекетін жасауға асықпады. Ал Қытайлар жағы мұны көпке соза қойған жоқ.

1689 жылдың 21 шілдесінде Өлхін өзені мен Ологой көлі маңында отыз мың қытай әскері жоңғарлардың жиырма мың адамы бар жасағымен шайқасты. Осы ұрыста қытайлықтар шығынға ұшырағанымен, жоңғарлармен соғысты тоқтатпады. 1698 және 1699 жылдарда Түркістанда екі үлкен жиын өттеді. Осы жиында Әйтеке би елдің қорғаныс қабілетін күшейтуге бағытталған ұсыныстар енгізеді. Оны Төле би, Қазыбек би, сол сияқты басқа да тайпалар мен рулардың ұлықтары қолдады. 1708 жылы орыс казактары Қазақ хандығының шегіне басып кірді. Тәуке ханның бұйрығы бойынша Қанжығалы Бөгенбай 30 мың адамдық қолымен оларға тойтарыс береді.

Тәуке хан Орта Азиямен сауда қатынастарын күшейту мақсатымен Аштарханилерге елшілер жібереді. Оның беделі Моғол мемлекетіндегі таққа мұрагер болу мәселесінде шешуші рөл атқарады.

Алайда, Тәуке хан қазақ хандығын бір орталыққа бағынған күшті мемлекетін құру мақсатын жүзеге асыра алмады, халқының басым көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан және патриархалдық-феодалдық қатынас үстем болып отырған елде мұны жүзеге асыру мүмкін емес еді, оған қазақ хандығының сыртқы жағдайы да мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, қазақ хандығы бытыраңқылық жағдайда қала берді. Әрине, бұл бұрын-сонды Орта Азия өңірінде тарих сахнасына шыққан көшпелі хандықтардың бәріне ортақ жағдай еді. Солай бола тұрса да, Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718 жж.) тұсында қазақ хандығының бірлік-берекесі күшейе түсті. Тәуке хан қазақ тарихында «Әз Тауке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол хан тағына отырған соң, қазақ хандығында асқынған ішкі

феодалдық алауыздық пен бытыраңқылықты жойып, бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсаған мемлекет қайраткер деп, толық есептеуімізге болады.

Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы - «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне («ақсақалдар ережесі», «ата-баба жолы», «жөн-жосықтар») мәнді өзгерістер енгізеді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы- жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кеткен.

Бұрынғы заң-қағидаларға енгізген ережелері мынау:

1. Мүлік заңы (мал – мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері).
2. Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар).
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.).
4. Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, сөйлеу мәнері).
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.) Сөйтіп, Қасым хан ел басқару ісін бір жүйеге келтірген алғашқы заң жинағын дүниеге әкелді.

Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің ішкі және сыртқы беделін арттырып, атақ – даңқын асыра түсті. Әйгілі (орта ғасырлық) тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи – Рашиди») атты кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елең қылған жоқ» - дейді.

XVII ғасырдың аяқ шенінде қазақтардың әдеттегі құқық (право) нормалары бір жүйеге келтіріліп, толықтырылды. Тәуке хан билік құрған кезде тұжырымдалған заңдар «Жеті жарғы» деген атпен мәлім, мұның өзі сөзбе-сөз алғанда «жеті ереже» деген сөз. «Жеті жарғыда» орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық правосының негізгі принциптері мен нормалары баянды етілген. Ғылыми әдебиетте бұл заңдық (юридикалық) құжат (документ) «Тәуке ханның ережесі» немесе «Тәуке ханның заңдары» деп аталады. Деректемелерде «Жеті жарғының» авторы кім болғаны жөнінде мағлұматтар жоқ. Тарихи аңыздарға қарағанда, оны жасаушы Тәуке хан дейді: ол Күлтөбе деген жерде үш жүздің өкілдері болған билердің басып қосып, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы»

заңдарын «Жеті жарғы» деп аталатын нормаға біріктірген екен деседі.

«Тәуке хан ережесінің» негіздері туралы қайсы бір тиянақты пікір айту қиын, кейбір ғалымдар оның негіздерін Шыңғыс ханның Ясасынан іздейді, енді біреулері «Жеті жарғы» Ясадан мүлдем тәуелсіз жазылған деседі. Тегінде, «Жеті жарғының» негізгі көзі деп бәрінен бұрын қазақтардың әдеттегі байырғы правосын, сондай – ақ Тәукеден бұрын өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелерін мойындаған жөн. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери – саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне жауап беретін ережелер енді.

«Жеті жарғыны» жасау қолданылып келген әдеттегі правоның нормаларын қазақтың феодалдық қоғамының жаңа қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың феодал ақсүйектердің мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсатын көздеді. Сөйтіп, Тәуке ханның «Жеті жарғы заңдары» қазақ қоғамының сол замандағы әлеуметтік және құқық нормалары заң жүзінде баянды етілді.

«Жеті жарғыға» әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық право нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған.

Мазмұны жағынан «Жеті жарғы» үш болімнен турады: біріншіден, қазақтың ежелгі әдет –ғұрып заңдарын қамтыған «Қасым ханның қасқа жолына» негізделген, екіншіден, одан соңғы өзгерістер, соның ішінде «Есім ханның ескі жолына» негізделсе, үшіншіден, Тәуке ханның дәуіріне , саясатына сай енгізілген жаңалықтар.

«Жеті жарғы» жеті заңнан құралды:

1. Жер дауы заңы (земельный закон)
2. Отбасы - неке заңы (семейно – брачный закон)
3. Әскери заң (военный закон)
4. Сот заңы (судебный закон)
5. Қылмысты істер заңы (уголовный закон)
6. Құн заңы (закон о Куне)
7. Жесір дауы заңы (закон о вдовах)

Сөйтіп, «Жеті жарғының» біздің заманымызға дейін жеткен заңдар осындай еді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ-жоңғар соғыстары қанша жылға созылған?
2. Көшім тұсындағы Сібір хандығының күш ұуатының артуы себебі неде деп ойлайсыз?
3. Ресейдің Сібір хандығын жаулап алудағы мақсаты неде?
4. Сібір хандығының құлауы нәтижесінде Қазақ хандығында қандай өзгерістер болды?
5. Тәуке хан билік басына келген тұста Қазақ хандығының ішкі жағдайы қандай еді?

6. Елді басқару ісін дұрыс жолға қою үшін Тәуке хан қандай шараларды жүзеге асырды?
7. Билер Кеңесінің ролі қандай болды?
8. «Жеті жарғыны» жаңғырту, заңдастыру не үшін қажет болды?
9. «Жеті жарғының» Қазақ хандығының әкімшілік-құқықтық жүйесін реттеудегі алатын орны қандай?

ҮІ ТАРАУ

СОҢҒЫ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ТҰРМЫСЫ

§29 XVI-XVIII ғасырдың басындағы қазақтардың экономикалық жағдайы

Қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Мал өнімдері оларды тамақ, киім-кешек, тұрғын үй материалдары, сонымен бірге көлік қызметімен қамтамасыз етіп отырды. Мал және мал өнімдері көрші халықтармен айырбас жасайтын қаражат көзі де болды. Қазақтардың мал шаруашылығына байланысты Ш.Уалиханов былай дейді: «Дала көшпелісін ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз

тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Жұртқа мәлім, қырғыздар бір-бірімен амандасқанда: «Мал-жаның аман ба?» деген сөздермен бастайды. Отбасының мал жайын алдын ала сұрастыруы көшпенділер өмірінде малдың қаншалықты маңызы барын айқын көрсетеді».

Қазақ жерінің табиғи-жағрапиялық ерекшеліктеріне байланысты қазақтар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Көшіп-қону бағыттары жыл маусымына байланысты өзгеріп отырды. Маусымдық жайылымдарды (көктеу, жайлау, күздеу, қыстау) алмастырып көшіп-қонып отырудың бұрыннан қалыптасқан жолдары мен жылдық айналымы орнықты. Әрбір ру белгілі бір аймақ шеңберінде көшіп-қону дәстүрін ұстанды. Жайылымдық қоныстардың ара қашықтығы жүздеген шақырымға созылды. Мал шаруашылығы табиғат жағдайларына мейлінше тәуелді болды. Жем-шөп дайындау болмады, қыста мал тебіндеп жайылды. Қыс қатты болған жылдары жұт болып, малдың жаппай қырылуы жиі кездесетін, мұндайда көшпелі малшылар тақырлана кедейленіп, көбі отырықшылыққа ауысатын. Дегенмен мал шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі сақталып, үнемі жетілдірілумен болды.

Қазақтар жылқы, қой, түйе, сиыр өсірген. Соның ішінде жылқыға үлкен мән берді. Жылқының түр-түрі болған: жүк таситын, салт мінетін және жүйрік-арғымақтар. Көшпелі мал шаруашылығына жылқыны үйірмен бағу тән. Бір үйір 12-15 биеден тұрды. Бірнеше үйір жылқы табынын құрады. Салт мінетін жылқы ат деп аталды. Қазақтардың шаруашылығында қой жетекші орын алды. Қыпшақ даласы көшпенділерінің басты байлығы қой болған. Қыпшақ қойлары төзімділігімен, етті-сүттілігімен ерекшеленген. Қойдың еті мен сүті тағам болды, терісі мен түбітінен киім-кешек, аяқ-киім, ыдыс-аяқ жасалынды. Қазақ шаруашылығында түйенің де алатын орны зор болды. Қазақтар негізінен қос өркешті, жүнді түйе өсірді. Жылқы, қой, түйемен қатар қазақтар сүті мен түбіті үшін ешкі де өсірген. Бірақ ешкі мен сиыр қазақ шаруашылығында аз болды. Қазақ философиясында ешкі белгісіздікті білдірсе, сиыр жұтпен теңеседі. Сондықтан қазақтар бұл жануарлардың етін тек жұт жылдары ғана жеген.

Мал жеке адамның және отбасының меншігінде болды. Мал көшпелілер байлығының, олардың тұрмыстық жағдайының басты өлшемі болды. Ал жайылымды қоғам мүшелері қауымдасып пайдаланған. Әр рудың өзіндік жері болды және бұл жерге меншік ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырды.

Қазақтар егіншілікпен де айналысты. Қазақ хандығының түрлі аумақтарында егіншіліктің дамуы әркелкі болды. Негізінен отырықшы-егіншілікпен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан халықтары айналысты. Қазақтар көбіне тары дақылын екті. Сыр бойындағы қалаларда ирригациялық жүйе барынша дамыған. Қалалардың маңында

суландыратын арнайы алқаптар болды. Қала маңдарындағы бұндай алқаптарда бау-бақша өнімдері өсірілді.

Қазақтар аң аулаумен де айналысқан. Аң аулаудың бірнеше түрлері болған: құс салған, тазы ит қосып аулаған т.б. Соның ішінде қыран құстармен аң аулау басым болды. Аң аулау дербес кәсіп болмаған, мал шаруашылығына көмекші кәсіп қана болған.

Қазақтардың шаруашылығында әр түрлі қолөнер мен үй кәсіпшіліктері елеулі орын алған: тері өңдеген, киіз басқан, құрақ құраған, металдан әр түрлі бұйымдар жасаған.

Қазақтар көшіп-қонуға қолайлы киіз үйлерде өмір сүрді. Көлеміне және иесінің әлеуметтік жағдайына байланысты киіз үйлердің түрлері көп болды. Күзеу мен қыстауда ағаштан және кірпіштен салған жылы үйлерде тұрды.

XVI ғасырдың соңына қарай Ресей мемлекеті Қазақ хандығы және Орта Азия мемлекеттерімен сауда байланыстарын жандандырды. Сырдария қалалары арқылы халықаралық сауда және көшпенділермен дәстүрлі сауда дамыды. Түркістан қалалары мен елді мекендері арқылы Индияға, Қытай мен Еуропаға керуен жолдары өтті. XVI-XVII ғасырларда бұл қалалар саяси орталықтарға айналып, онда қазақ хандары мен сұлтандары қоныстанды. Көшпенділермен негізінен айырбас сауда жүргізілді. Сыр бойындағы қалаларда дүкендер, базарлар, ақша сарайлары жұмыс істеді. Қазақстанның көшпенділері оңтүстіктегі қалалармен сауда-саттық қарым-қатынаста болды. Көшпелілердің астыққа - бидайға, тарыға, арпаға, егіншілік пен бау шаруашылығының басқа өнімдеріне деген және әсіресе, маталарға деген сұранымы барынша тұрақты болды. Далалық аудандар халқының көшпелілік шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік аудандары және қала шаруашылығының тұрақты байланысы қазақ қоғамы экономикалық өмірінің ажырамас белгісі болды.

§30 XVI-XVIII ғасырдың басындағы әлеуметтік мәселелер

Қазақ хандығы тұсында қазақ қоғамы негізгі екі әлеуметтік топтан тұрды: ақсүйек және қарасүйек. Ақсүйектер әлеуметтік тобына Шыңғыс ханның ұрпақтары – сұлтандар, төрелер және Мұхаммед пайғамбардың үрім-бұтақтары – қожалар жатты. Бұл топ үш жүз қазақтарының генеалогиялық құрылымынан бөлек тұрды. Шыңғыс ханның ұрпақтары туылысымен сұлтан атағын иеленіп, бұл әлеуметтік топқа тиіселі барлық ерекше құқықтармен қамтамасыз етілді. Шыңғыс ханның ұрпақтарының әрқайсы хандық билікке үміткер саналды. Сонымен бірге, бұл әлеуметтік топ руға бөлінбеді. Әрбір сұлтанның өзіндік үлесі болды. Қалған әлеуметтік топтардың бәрі қарасүйектерге

жатты.

Қарасүйек өз ішінде тайпаға, руға бөлінді. Қарасүйек әлеуметтік тобынан ерекше құқықтар иеленген тек билер болды. Атап айтсақ, ру биінің қолында соттық, әкімшілік билік шоғырланды. Билер сұлтандармен бірге мемлекеттік мәселелер шешілетін жылдық жиналысқа – құрылтайға қатысты. Небір беделді билер хан жанындағы «билер кеңесінің» құрамында болды. Танытқан ерлігі немесе соғыс қимылдарын шебер басқарғаны үшін хан немесе сұлтандар батыр деген құрметті атаққа ие болған. «Батыр» ердің атағы ғана емес, сонымен бірге кәсіби жауынгерлер. Қарапайым жауынгер батырлық танытқанымен, қолына Шыңғыс әулетіне тән билік берілмеген. Батырлардың ерліктерін жыршы-ақындар дәріптеп отырған. Қазақ қоғамындағы ешқандай құқығы жоқ мүшелері – құлдар болды. Бұл әлеуметтік топ өкілдерін негізінен соғыс тұтқындары құрады. Олар өз қожайындарына тәуелді болды.

Қоғам мүшелері дәулет-мүлкінің мөлшеріне сай «бай» және «кедей» болып бөлінді. Осы кезеңдегі қазақ қоғамы әлеуметтік топтардың иерархиялық ұйымдасқан құрылымынан тұрды. Бұл әлеуметтік топтар бір-бірімен тығыз байланыста болды. Әр әлеуметтік топтың өзіндік құқықтары болды.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Қазақстан тарихы /көне заманнан бүгінге дейін/ I-II томдар. -Алматы, Атамұра, 1996, 1998 жж.
2. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. –Астана: Фолиант, 2005. -472 б., суретті.; Т-III, Ортағасырлық тарихи ой. -Астана, 2005
3. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия. Алматы, «Дайк-Пресс», 2002.
4. Жұмаханов Т., Жұматаев Б. Қазақ хандығы (II бөлім). –Алматы, Аруна баспасы, 2006. -224 б.
5. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы (монография). –Алматы, Сардар баспасы, 2015.

Қосымша әдебиеттер:

1. Апполова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце ХУІ первой половине ХУІІІ в. М., 1976.
2. Абиль Е.А. История государства и права Казахстана. Курс лекции, (3-е издание) Караганда, ТОО «Учебная книга», 2005.- 256 с. По 600 тг- 5 экз.
3. Алтын Орда: қазақ хандығы (1бөлім) /Қазақ және орыс тілдерінде/Ред.А.Сәрсенбаев, М.Қойгелдиев, К.Байпақов, Б.Көмеков. Алматы, Аруна, 2004.-224 б. 1200 тг. 2 экз –қазақ тілі, 1 экз-орыс тілінде.
4. Агаджанов С. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии. ІХ-ХІІІ вв. Ашхабад, 1969.
5. Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. А, 1991Казахская национальная одежда. Алма-Ата, Жалын, 1976.
6. Аспендияров С.Қазақстан тарихының очерктері. А,Санат,1994.
7. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в ХУ-ХУІІІ веках: история, политика, дипломатия. Алматы, «Дайк-Пресс», 2002.
8. Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетии. Санкт-Петербург, Мажор, 2005.-320 стр. 750тенге. 2 экз.
9. Қазақстан тарихы /көне заманнан бүгінге дейін/ І-ІІ томдар. - Алматы, Атамұра, 1996, 1998 жж.
10. Байпаков К. Древние города Казахстана. Алматы, Аруна LTD,2005.-316 стр. 1 данасы-1600 тг. 3 экз.
11. Батырша-ұлы Б. Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. ХІІІ-ХУ ғғ. Зерттеу. –Алматы: Экономика, 2005. -352 б.
12. Джанибеков У. Культура Казахского ремесла. Алма-Ата.(Өнер), 1982.
13. Камалова Н.К. Той мерекелік, салт-дәстүрлік әрекеттер: оқу құралы, -Астана «Парасат әлемі» баспасы, 2005. -96 б.
14. Қазақстан Республикасы тарихы (үлестірмелі материалдар). Павлодар,Павлодар университеті, 2005.
15. Байпаков К. Средневековые города на Великом Шелковом пути. А,1991.
16. Байпаков К, Ерзакович Л.Б.,По следам древних городов Казахстана. А, Ғылым, 1990.
17. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т-І. М,1963.,Т-2,1964., Т-3, 1965.
18. Бартольд В.В. Очерки историй Семиречья. Соч. Т-2. М.,1963.
19. Бичурин И.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1-3. М,Л.1950-1953,1956.
20. Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов.

- Монгольский кочевой феодализм. Л.,1939.
21. Вуколов В.Н. Халықаралық туризмнің тарихы және теориясы. –Астана: «Парасат әлемі» баспасы, 2005. -232 б.
 22. Сапарова Ю.А. Қазақстандағы көркем шығармашылықтың қалыптасуы.–Астана; Парасат әлемі, 2005. 96 б.
 23. Греков Б.Д.,Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.,Л.,1950.
 24. Гумилев Л. Древние тюрки. М.,Л.,1991.
 25. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. Алма-Ата, 1977.
 26. Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, ждалаиров, найманов и киреитов. Алматы, 1993.
 27. Казахстан, Среняя и Центральная Азия в ХУ-ХУІІІ вв. А,1983.
 28. Караев О. История Караханского каната. Фрунзе, 1983.
 29. К.д Оссон. От Чингиз хана до Темирлана. Алматы, 1999.
 30. Кычанов Е. Жизнь Темучина, думавшего покорить мир. А, 1992.
 31. Кляшторный С.Г. Кыпчаки в рунических памятниках. Л.,1986.
 32. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. Алматы, Рауан, 1992. 346 стр.
 33. Кумеков Б.Е. Государство кимаков ІХ-ХІ вв. По арабским источникам. А,1972.
 34. Сыздықов С.М. Қарлық мемлекеті. А.,2000.
 35. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы, 1998.
 36. Кочекаев Б.Б. Ногайско-русские отношения в ХУ-ХУІІІ вв.А,1988
 37. Тарих –адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. –Астана: Фолиант, 2005. -472 б., суретті.; Т-ІІІ, Ортағасырлық тарихи ой. -Астана, 2005

Реферат тақырыптары

1. Бумын қаған – Орталық Азияда түрік этносаяси бірлестігінің негізін салушы.
2. Суяб қаласы – Батыс Түрік қағанатының саяси, әкімшілік орталығы.
3. Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызы.
4. Қарлұқ мемлекеті және оның қазақстан тарихындағы орны.
5. Қарлұқтарға ислам дінінің таралуы.

6. Сатұқ Боғра – Қара-хан – Қарахан қағанатының негізін салушы.
7. Қазақ және басқа да түрік халықтарының қалыптасуындағы қыпшақтардың ролі.
8. Қыпшақтардың тайпалық және этникалық құрамы.
9. Қыпшақ этносы – қазақ ұлтының негізін қалаушы.
10. Оғыздар мемлекеті (IX-XI ғғ.) жер аумағы, мәдениеті.
11. Қимақ мемлекеті (IX ғ. Аяғы-XI ғ. басы)
12. Әбу Насыр Мұхаммед әл –Фараби еңбектері (870-950 жж.).
13. Қарахандар мемлекеті, жер аумағы, даму кезеңдері.
14. Исламның Қарахандықтар дәуіріндегі мемлекеттік дін болып жариялануы.
15. Ұлы Жібек жолы және сауда.
16. Қожа Ахмет Иассауи – ортағасырлық мұсылман әлемінің үздік ойшылы, ақын.
17. Отырардың ерлік қорғанысы.
18. Ақ Орда – монғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстанда жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым.
19. Сарайшық – Ноғай ордасының астанасы.
20. Қазақ халқы шығуының этно-мәдени және экологиялық аспектілері.
21. XIII-XV ғасырлардағы қазақ жеріндегі халықтың аумақтық орналасуы мен рулық-тайпалық құрамындағы өзгерістер.
22. “Қасым ханның қасқа жолы”.
23. Тәуке хан және оның қазақ тарихындағы реформаторлық қызметі.
24. Шапырашты Қарасай батыр.
25. Тәуке ханның сыртқы саясаты.
26. Тәуке ханның “Жеті Жарлығы”.
27. Тәуке хан кезіндегі Қазақстан мен Ресейдің елшілік қатынасы.
28. Шыңғыс хан -әлем сілкіндірушісі.
29. Шыңғыс хан тарихнамасы.
30. Моңғол мемлекеті жөніндегі Европалық деректер.
31. XV ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығының нығаюы.
32. Алғашқы қазақ хандары Крей мен Жәнібек.
33. Қасым ханның жұлдызды кезеңі.
34. Қазақ хандығы тарихындағы ренессанс.
35. Хақназар хан және қазақ жерлерінің бірігуі.
36. Үш жүздің құрылуы.
37. Қазақ –ноғай ханы Хақназар.
38. Қазақ хандарының дипломатиясы.
39. XVI ғасырдағы қазақ хандығындағы ішкі саяси жағдаяттар.
40. XVII ғасырдағы қазақ хандығының саяси тарихы.
41. XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының Орталық Азия мен қарым-қатынастары.

42. Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерінің мәдени сабақтастығы.
43. Тарихшы М.Х.Абусейтова және оның «ХҮІІ-ХҮ ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азия» атты еңбегіне баға.
44. Ортағасырлық қазақ тарихы туралы араб деректері.
45. Ортағасырлық қазақ тарихы жөніндегі түркі деректері.

Қазақстанның ортағасырлар тарихы пәні бойынша ұсынылатын ауызша емтихан сұрақтары

1. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. Деректерге сипаттама.
2. Қазақ хандығының құрылуы: алғышарттары, қазақ сұлтандарының бөлінуі және Жетісуға қоныс аудару. Жетісуда қазақ мемлекетінің жариялануы.
3. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақтың ауызша заңдар жинақтары, ортағасырлардағы құқықтық мәселелер.
4. Моңғол мемлекетінің құрылуы. Темучин.
5. Қазақ хандығының құрылуы туралы тарихи деректер, зерттеулер, тұжырымдар.
6. ХҮІІ ғ. алғашқы ширегіндегі қазақ-қалмақ соғыстары.
7. Моңғол-татар тайпаларының Қазақстан мен Орта Азияға жорықтары.
8. Қазақ хандарының Сырдария бойындағы қалалар үшін Шайбанилерге қарсы күрестері
9. Түркі ру-тайпаларының Қазақ хандығы туы астына жиналуы.
10. Қазақ халқының шығармашылық дәстүрі. Ортағасырлық ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар.
11. Моңғол жаулаушылығының зардаптары. «Отырар апаты».
12. ХҮІ ғасырдың І ширегіндегі Қазақ хандығы. Қасым хан.
13. Еуропалық шығыстанушы-тарихшылар еңбектерінде ортағасырлардағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің көрініс табуы
14. Қазақстанды жаңа ұлыстарға бағындыру. Алтын Орданың құрылуы
15. Қазақ этногенезі және қазақ халқының қалыптасу тарихы туралы тұжырымдар.
16. Тәуке хан. Ресей және көрші халықтар мен өзара қарым-қатынастар
17. ХІҮ-ХҮ ғасырдың І жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы саяси жағдай.
18. Есім хан тұсындағы Тұрсын-Мұхаммед сұлтанның сепаратистік саясаты.
19. «Қазақ» сөзінің шығуы, мән-мағынасы. Деректер мен зерттеулерге, тұжырымдарға талдау. Қазақ жүздері, этникалық аумақтар.

20. Алтын орда мемлекеті: саяси тарихы, мемлекеттік құрылымы, экономикасы және әлеуметтік жағдайы.
21. ХҮІ ғасырдағы Қазақ хандығы мен Мауеренахр билеушілері арасындағы байланыстар.
22. Түркілердің тәңірге табынушылық дәстүрлері.
23. Алтын Орда хандары: мемлекеттің гүлденуі, дәуірлеуі және құлдырауы. Батый, Берке, Өзбек, Жәнібек, Тоқтамыс хандар және т.б.
24. ХҮІ ғасырдың ІІ ширегіндегі Қазақ хандығындағы саяси бытыраңқылық.
25. Қазақстанда ортағасырлардағы ислам дінінің таралуы.
26. Алтын Орда мемлекетінің Мысыр Мәмлүктер мемлекетімен байланыстары. Өзара дипломатия және әскери одақ
27. ХҮІ ғасырдың ортасындағы Қазақ хандығы. Мемлекеттегі саяси-экономикалық бытыраңқылық.
28. Қазақ жеріндегі ортағасырлардағы түркі халықтарының діни түсініктері, наным-сенімдер.
29. Алтын Орда кезеңінің материалдық және рухани мәдениеті.
30. ХҮІ ғасырдың ІІ жартысындағы Қазақ хандығы: аумағы, сыртқы саясаты, сауда-экономикалық аспектілер
31. Қаз дауысты Қазыбек бидің Ғалдан Церенге үш рет баруы туралы тарихи деректер.
32. Орда терминінің түп-төркіні жайында. Тарихи деректердегі ордалар (Ақ, Көк, Боз, Алтын Орда).
33. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. тоғысындағы Қазақ хандығы мен Орта Азия елдері.
34. Ортағасырлық жазба мәдениеті, жазба мәдениетінің өкілдері.
35. Ақ Орда Алтын Орданың құлдырауы кезеңінде.
36. ХҮІ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ мемлекетінде Хақназар ханның билікке қол жеткізуі. Ханның саяси портреті, тарихи деректерде баяндалуы.
37. Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға жасаған төрт жорығы: барысы, себептері және нәтижелері.
38. Ақ Орда мемлекеті: қалыптасуы, саяси тарихы және қазақ тарихындағы маңызы.
39. Орта Азияда Аштархани билігінің орнауы және Қазақ хандығымен қарым-қатынастар.
40. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.
41. М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегіндегі Моғолстан тарихына қатысты деректер. «Моғол» термині.
42. Тәуекел ханның кезіндегі Қазақ хандығы. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары.
43. Ортағасырлардағы әлеуметтік қатынастар. «Ақ сүйек» және «қара сүйек». Әлеуметтік топтарға сипаттама.
44. Моғолстан мемлекеті: құрылуы, саяси тарихы, экономикасы және мәдениеті

45. ХҮІ ғасырдың 30-50 жылдарындағы қазақтар, моғолдар және қалмақтар қарым-қатынастары
46. Соңғы ортағасырлардағы Қазақстандық қалалар, қала жұрттарының топографиясы мен түрлері.
47. Батый ханның Батысқа жорықтары. Орыс княздықтарын бағындыру.
48. Тахир және Бұйдаш хандар кезіндегі қазақ-қырғыз әскери саяси одағы.
49. Көшпелілердің әскери өнері және қару-жарақ түрлері.
50. Әмір Темір империясы және оның Қазақстанға басқыншылық жорықтары.
51. ХҮІІ ғасырдың 30-50 жылдарындағы Қазақ хандығы. Жоңғарларға қарсы күрес. Есім хан.
52. Қазақ халқындағы тоқымашылық және тері өңдеу дәстүрі.
53. Көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы): Шайбани ұрпақтарының билік үшін күрестері.
54. Жәңгір ханның тұсындағы Қазақ хандығы.
55. Ортағасырлардағы қолөнер мен қолөнер бұйымдары. Үй кәсіпшілігі.
56. Шайбани Әбілхайырдың Моғолстанмен, Мауеренахрмен және қалмақ билеушісі Үз-Темір тайшымен соғыстары.
57. Жалаңтөс баһадүр және Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы.
58. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Оңтүстік Қазақстан қалалары. Архитектура мен сәулет өнері, құрылыс.
59. Ноғай Ордасы: қалыптасуы, аумағы, этникалық құрамы және саяси-әкімшілік құрылысы.
60. ХҮІІ ғасырдың ІІ жартысындағы Қазақ хандығы: саяси үрдістер, дипломатия.
61. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы. (ХҮІ ғ.аяғы – ХҮІІ ғасыр). Шаруашылықтың дәстүрлі саласы. Қолөнер
62. Ақ Орда, Моғолстан және Көшпелі өзбектер мемлекетінің саяси-әкімшілік құрылысы.
63. ХҮІІ ғасырдың ІІ жартысындағы саяси жағдайлар, Бұқара хандығымен келіссөздер.
64. Ұлы Жібек жолы, оның Қазақстандық тармақтары мен бағыттары.
65. ХҮІІ ғасырдың соңындағы қазақ-қалмақ қатынастары.
66. Қазақстанның ІХ ғасырдың ІІ жартысы – ХІІІ ғасырдың басындағы материалдық және рухани мәдениеті.
67. Әмір Темір –ортағасырлық феодалдық дәуірдің ұлы әскери қолбасшысы
68. Қазақ халқының пайда болуының тарихи алғышарттары. Этникалық компоненттер. Антропологиялық аспектілер.
69. ХҮІІ ғасырдың соңындағы Қазақ хандығындағы ішкі саясат.
70. Ортағасырлардағы рухани мәдениет (Х-ХҮ ғғ.). Қазақстан ғалымдары мен ойшылдары. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Сүлеймен Бақырғани, Ахмед Яссауи. Дін және мәдениет

71. Орта Азиядағы Шайбанилер әулетінің күресі
72. Қазақ қоғамындағы билердің рөлі. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, олардың ел билеудегі, дау шешудегі алған орындары.
73. Қазақстанның ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы экономикасы. Мал шаруашылығы.
74. Бұрындық ханның кезіндегі (1480-1511 жж) Қазақ хандығы.
75. ХҮІІ ғасырдың соңындағы Қазақ хандығындағы ішкі саяси реформалар. Билер институты.
76. Қазақстандағы ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Керуен жолдары, сауда және ақша айналысы.

Тексеруге ұсынылатын тест сұрақтары №1 нұсқа

1. Түрік тілінде жазылған деректер тобына қандай еңбектерді жатқызамыз?
 - A) «Алтын шежіре»;
 - B) «Жылнамалар жинағы»;
 - C) «Монғолдың құпия шежіресі»;
 - D) «Тарих-и Рашиди»;
 - E) «Түрік тілінің сөздігі»;
 - F) «Васаф тарихы»;
 - G) « Шыңғыс-наме».
2. «Тарихи-и Рашиди» еңбегінде қазақ хандығы қай уақытта құрылды деп жазылады?
 - A) хижра бойынша 870 ж.; B) 1342-1357 жж; C) 1456 ж;
 - D) 1465-1466 жж; E) 1470 ж; F) 1470-1471 жж; G) ХІІ ғасыр.
3. Моңғол басқыншылығы кезінде:
 - A) өндіруші күштерді жою
 - B) қалаларды дамыту
 - C) адамдарды жаппай жою
 - D) жерөңдеу тәсілін дамыту
 - E) жаппай тонау мен аштық
 - F) мәдениетті дамыту
 - G) экономикалық өрлеумен
 - H) сарайлар мен мешіттер салумен.
4. Шыңғыс ханның «Ясасы» (Жазасы):
 - A) Діни салттар
 - B) Конституция
 - C) Көшпелі өмір салты
 - D) Әйелдердің тәртібі туралы ереже
 - E) Қарапайым реттелген құқықтық жинақ
 - F) Еркектердің тәртібі туралы ереже

- G) Қазақ кодексі
- H) Әлеуметтік ұйымдардың өлшемі

5. Моғолстанның билеушілері:

- A) Әмір Полатшы
- B) Тоқай Темір
- C) Тоғылық Темір
- D) Орда Ежен
- E) Мұхаммед Хайдар
- F) Сұлтан Ахмет хан
- G) Қасым хан
- H) Мұхаммед хан

6. Алтын Орданың тарихына байланысты материалдар жазған:

- A) Ақынжанов С.М.
- B) Уәлиханов Ш.Ш.
- C) Владимирцев Б.Я.
- D) Бартольд В.В.
- E) Тизенгаузен В.
- F) Греков Б.Д.
- G) Қасымхан
- H) Якубовский А.Ю.

7. Алтын Орданың орналасқан жерлері:

- A) Жошы ұлысының
- B) Төле ұлысының
- C) Үгедей ұлысының
- D) Моңғол ұлысының
- E) Шағатай ұлысының
- F) Еділ өзені бойында
- G) Қазіргі Астрахань маңында
- H) Орталық Қазақстанда

8. Моғолстан (Моғулистан) атауы қай сөзден шыққан?

- A) Түркі
- B) Моғул
- C) Сяньби
- D) Моғол
- E) Қырғыз
- F) Моңғол
- G) Хазар
- H) Қазақ

9. Қазақ хандығындағы жоғары заң шығарушы билік ие болды:

- A) Мәслихат
- B) Сұлтандар құрылтайы
- C) Қауым мүшелерінің құрылтайы
- D) Құрылтай
- E) Үлкен жиналыс
- F) Жоғарғы сот
- G) Ақсақалдар жиналысы
- H) Диуан

10. ХҮІ ғасырдың ортасындағы Ноғай Ордасының ыдырау себептері:

- A) Әмір Темір жорықтары
- B) Керей мен Жәнібектің көшіп кетуі
- C) Бір бөлігінің Түрік сұлтанына бағынуы
- D) Бір бөлігінің Қызылбастарға бағынуы
- E) Оған қарасты қазақ тайпаларының Қазақ хандығына қосылуы
- F) Бір бөлігінің орыс патшасына бағынуы
- G) Сібір хандығының шабуылы
- H) Орыс мемлекетінің шекарасын Қазақ хандығына жақындата түсті

11. ХҮІ ғ. ортасында ауыр дағдарысқа ұшыраған Ноғай Ордасы:

- A) Түрік сұлтанының қол астына қарады
- B) Күшейіп орталықтанған мемлекет орнады
- C) Сібір хандығын жаулап алады

- D) Сефевидтік Иранның қол астына қарады
- E) 1569 ж. Ноғай Ордасы мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты
- F) Ноғай Ордасы ішкі қайшылықтардан ыдырады
- G) Түгелімен Орыс мемлекетіне қарады
- H) Ноғай Ордасы бірнеше мемлекеттік бірлестіктерге ыдырап кетті

12. Қыпшақ қойларының көшпелілердің өмірі мен тұрмыс тіршілігіндегі орны туралы жазған авторлар:

- A) А. Дженкинсон
- B) Өтеміс қажы
- C) Жамал ад Дин ат Турки
- D) Н.Д. Миклухо Маклай
- E) И.Н. Березин
- F) Хондемир
- G) Ибн Рузбихан

13. Ұлы жүз құрамы:

- A) найман, дулат
- B) жалайыр, дулат
- C) уақ, албан
- D) қарасақал, керей
- E) уақ, шанышқылы
- F) таз, қыпшақ

14. Хақназар хан көршілес мемлекеттермен саяси белсенділігін арттыру мақсатында қарым-қатынас орнатты:

- A) Бұхар хандығымен
- B) Сібір хандығымен
- C) Өзбек хандығымен
- D) Иран шахымен
- E) Шығыс Еуропамен
- F) Мәскеу княздігімен

15. Қазақ-жоңғар қатынастарының алғашқы 20 жылдай кезеңіндегі екі жақтың қатысуымен болған ірі оқиғалар:

- A) 1640 жылы Батыр қоңтайшының қайтыс болуы
- B) 1652 жылғы шайқас және Жәңгір ханның қаза табуы
- C) Жоңғар қоңтайшысы Сенгенің өлімі
- D) 1643 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы
- E) 1635 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы және Жәңгір сұлтанның тұтқынға түсуі

16. Мәмлүктер деген кімдер?

- A) тегі түркі, өзара тең әскери шонжарлар
- B) қыпшақ сұлтандары
- C) оғыз билеушілері
- D) Алтын ордалықтар
- E) түркіленген арабтар

17. Керейт тайпаларының билеушісі Тоғырыл хан мен Шыңғыс ханның арасындағы достық байланыстар қашан үзіліп, Шыңғыс хан керейттерді басып алды?

- A) 1202 жылы
- B) 1206 жылы
- C) 1204 жылы
- D) 1215 жылы
- E) 1218 жылы

18. 1235 ж. Шығыс Европаға жаңа жорық туралы шешім қабылдаған Шыңғыс ханның немересі:

- A) Орда Ежен B) Бату C) Берке D) Сайын
E) Батый F) Құлағу G) Шайбан H) Жошы

19. Шыңғыс хан жаулаған аумақ оның ұлдарының арасында бөлінді. Үшінші ұлы Үгедейге берілді:

- A) Ертістен Орал тауларына дейінгі аумақ
B) Әкесінің өз жұрты
C) Батыс Моңғолия, Ертіс пен Тарбағатайдың жоғарғы бөлігі
D) Моғолстан аумағы
E) Өзбек ұлысы
F) Қыпшақ даласы
G) Сырдария аймағы
H) Мауераннахр жері

20. Орыс патшасы III Иванмен өзара сауда қарым-қатынасын орнатқан хан-

- A) Ойрат ханы – Үз Темір
B) Ноғай ханы – Нұраддин
C) Өзбек ханы - Әбілхайыр
D) Тайбұғалық Мұхаммед
E) Қазақ ханы Тәуке
F) Моғол ханы - Жүніс
G) Батыс сібір ханы – Ибақ хан
H) Хорезм Шахы Мұхаммед

21. Ортағасырлардағы атақты тарихи шайқастардың бірі Батпақ шайқасы шайқасы кімдердің арасында болған, кімдер жеңіске жетті? Жауабын жазыңыз

22. Қандай оқиға қазақ жеріндегі халық болып қалыптасу үрдісін 150-200 жылға кешеуілдетті?

- A) қытай мемлекетінің ықпалы
B) арабтардың шапқыншылығы
C) феодалдық батыраңқылық
D) ғұндардың шапқыншылығы
E) орыстардың отарлауы
F) моңғолдардың шапқыншылығы
G) сыртқы жаулардың шабуылы
H) экономикалық әлсіздік

23. Ортағасырлардағы қазақ хандары Сыр бойындағы қалалар үшін қанша жыл соғысқан?

- A) 15 жыл B) 20 жыл C) 25 жыл D) 30 жыл
E) 35 жыл F) 40 жыл G) 45 жыл H) 50 жыл

24. Моғол билеушісі Саид ханның 1514 жылы Қасым ханға барған сапарында қандай мәселе қаралған?

- A) Шайбаниларға қарсы көмек беруін сұраған

- B) Жайылымдық жерлерді реттеу
- C) Жесір дауын реттеу
- D) Сырдария бойындағы қалаларды өзара бөліске салу
- E) Моғолстанның қол астындағы қалаларды басып алу
- F) Сыртқы саясатын реттеу үшін әскери одақтас болуын қалады
- G) Хандықтың мұрагерін тағайындау
- H) Сауда-экономикалық байланыстарды реттеу

25. Өзбек ханы II Абдоллах пен Ташкент маңын билеуші Баба сұлтан арасындағы билік үшін талас қай жылы басталды?

- A) 1611 жылы B) 1532 жылы C) 1569-1573 жж D) 1511-1518 жж
- E) 1580 жылы F) 1588 жылы G) 1598 жылы H) 1579 жылы

26. Тәуекел ханның 1594 жылы орыс патшасы Федорға өзін қамқорлығына алу туралы және жиені Ораз Мұхаммедті босату туралы өтінішін жеткізген елшілікті кім басқарған?

- A) Исмаиил
- B) Құл-Мұхаммед
- C) Құтлымбет Қоштайұлы
- D) Көшім
- E) Вельямин Степанов
- F) Алексей Тевкелев
- G) Сейітқұл Құндағұлұлы
- H) Қадырғали Жалайри

27. 1603 жылы болған қазақ-бұқар шайқасында Бұқар хандығының әскері жеңіліп, олар Самарқан бекінісіне тығылады. Есім ханның әскерлері айбынды жеңіспен оралады. Бұл шайқас қай жерде болған? Дұрыс жауабын жазыңыз...

.....

28. Тәуке заманында Битөбеде, Мартөбеде және Ангрен қаласының маңындағы Күлтөбеде өткізілетін жиындар қалай аталған?

- A) Билер кеңесі
- B) Хан кеңесі
- C) Батырлар алқасы
- D) Қазақ құрылтайы
- E) Ақсақалдар кеңесі
- F) Алқабилер жиыны
- G) Ханның шақыруы
- H) Құрылтай

29. 1681-1685 жылдары жоңғарлар бірнеше рет Оңтүстік Қазақстанға шабуылдар жасады. Талқандалған, басып алынған қалалар ішінде ең көп зардап шеккен қай қала?

- A) Сауран B) Отырар C) Сайрам D) Түркістан
- E) Ташкент F) Сығанақ G) Ашнас H) Піспек

30. ХҮІІІ ғасырда үш жүздің билері мемлекеттік мәселелерді шешуде ханға көмектесіп, ақыл-кеңес беріп отырған. Жүздерді басқаратын биді қалай атаған?

- A) Хан би B) Жүз биі C) Бас би D) Қалқан би
- E) Ұлы би F) Ордаби G) Кіші хан

**Тексеруге ұсынылатын тест сұрақтары
№2 нұсқа**

1. Моңғолияның күшті және гүлденген кезеңі туралы жазған кімдер?

- A) Чань-Чунь B) Әл-Макдиси C) Әл-Марвизи D) Плано Карпини
- E) Рузбихан F) Сюань-Цзянь G) Гильям Рубрук

2. Шыңғыс хан әскермен елді басқару үшін қандай бөліктерге бөлді?

- A) уәзірлік B) оң қанат C) шеткі аймақ D) кешіктен
- E) сол қанат F) орталық G) әскер бөлінбеген H) яса

3. Шыңғыс хан жариялаған «Яса» заңдар жинағында мынадай үкімдер берілген?

- A) «Кімде-кім рұқсатсыз орын ауыстырса, өлімге бұйырылсын»
- B) әскерден өз еркімен кетуге рұқсат етіледі
- C) ешқандай жұмысқа жарамсыз болып қартайғанша, бірде-бір адам қызметтен босатылмасын
- D) әр тілде сөйлейтін түркі халықтарының тізімі «жазба», «Көк дәптер-Бішікте» жазылып реттелсін
- E) өз ұлысының басшыларын өздері бекітуге рұқсат берілсін
- F) жаулап алынған жерлерден салық алынбасын
- G) жоғарыда аталғанның барлығы дұрыс

4. Ақ Орданың билеушісі болған хандар:

- A) Жәнібек
- B) Әмір-Темір
- C) Орда Ежен
- D) Әмір Едіге
- E) Орыс хан
- F) Батый
- G) Барақ
- H) Үгедей

5. Шыңғыс ханның мұрагерлері:

- A) Әмір-Темір
- B) Жалмұқа
- C) Жошы
- D) Шағатай
- E) Тоқтамыс
- F) Үгедей
- G) Шайбани
- H) Тоғылық-Темір

6. Ақ Орданың билеушісі болған хандар:

- A) Жәнібек
- B) Әмір-Темір
- C) Орда Ежен
- D) Әмір Едіге
- E) Орыс хан
- F) Батый
- G) Барақ
- H) Үгедей

7. Муин ад-дин Натанзи Ақ Орда ханы Ерзеннің Сығанақты көркейтіп, тағы қандай қалаларда үй салдырғанын хабарлайды?

- A) Йассы
- B) Сарайшық
- C) Отырар
- D) Сауран
- E) Алмалық
- F) Құлан
- G) Шаш
- H) Баршынкент

8. 40 жылдай өмір сүрген Әбілхайыр хандығының құлауына себеп болған жағдайлар:

- A) Шыңғыс әулетінің арасындағы толассыз қырқыстар мен алауыздықтардан
- B) Қазақ хандығының шабуылынан
- C) ру-тайпалардың ақсүйектерінің оқшаулануға ұмтылысы
- D) ішкі және сыртқы соғыстардан
- E) Әмір Темір ұрпақтарының шапқыншылығынан
- F) Жауаптардың бәрі дұрыс

9. Талас аңғарының діни құрылыстары арасында Тараз қаласының батыс жағындағы 18 шақырым жердегі қандай кесенелер ерекше назар аудартады?

- A) Арыстан баб
- B) Қожа Ахмет Яссауи
- C) Бабаджа қатын
- D) Қорқыт
- E) Көккесене
- F) Айша Бибі

10. Ноғай Ордасы құлап орнына құрылған хандықтар:

- A) Қазақ хандығы
- B) Казан
- C) Өзбек хандығы
- D) Сібір хандығы
- E) Қырым
- F) Астрахан
- G) Шығыс Дешті Қыпшақ

11. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен жорықтары болған жылдар:

18. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында маңызды роль атқарған мемлекеттер?

- A) Түрік қағанаты;
- B) Батыс түрік қағанаты;
- C) Алтын Орда;
- D) Ақ Орда;
- E) Қыпшақ хандығы;
- F) Монғол империясы;
- G) Ғұн империясы.

19. Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығының құрылған жерін белгілеңіз.

- A) Түркістан;
- B) Жетісу;
- C) Сырдарияның төменгі ағысы;
- D) Тараз;
- E) Шу өзені мен Қозыбасы тауы аралығында;
- F) Еділ мен Алтай аралығы;
- G) Алатау.

20. Есім хан туралы ең құнды деректер мен мағлұматтар берген тарихшы –

- A) Жалайри B) Құрбанғали Халид C) М-Х Дулати
- D) Әлкей Марғұлан E) М.Тынышбаев F) Ш.Уәлиханов
- G) Әл Бируни H) Өтеміс қажы

21. Есім хан қай жылы Имамкули хан бастаған Бұқар әскерін жеңіп шықты?

- A) 1600 жылы B) 1598 жылы C) 1611 жылы D) 1615 жылы
- E) 1617 жылы F) 1594 жылы G) 1628 жылы H) 1618 жылы

22. Өзбек ханы Абдуллах пен Ташкент маңы билеушісі Баба сұлтан арасындағы билік үшін талас қай жылы басталды?

- A) 1579 ж B) 1532 ж C) 1569-1573 жж D) 1511-1518 жж
- E) 1580 ж F) 1582 ж G) 1564-1565 жж H) 1500 ж

23. Хақназар хан қай жылдары ел биледі?

- A) 1523 ж
- B) 1510 ж
- C) 1538 ж
- D) 1533-1576 жж
- E) 1580 ж
- F) 1511-1521 жж
- G) 1771-1781 жж
- H) 1598-1628 жж

24. Моғол билеушісі Саид ханның 1514 жылы Қасым ханға барған сапарында қандай мәселе қаралған?

- A) Жайылымдық жерлерді реттеу
- B) Сырдария бойындағы қалаларды бөліске салу

- C) Шайбаниларға қарсы көмек беруін сұрады
- D) жесір дауы бойынша
- E) Моғолстанның сыртқы саясатын реттеу үшін әскери одақтас болуын қалады
- F) Шекаралық аймақтарын белгілеу
- G) Мемлекет жері дауы
- H) Әскери-соғыс әдістерінен үйреніп, тәжірибе алмасу

25. Қазақ хандары Сырдария бойындағы қалалар үшін қанша жыл соғысқан?

- A) 15 жыл B) 200 жыл C) 30 жыл D) 40 жыл
- E) 150 жыл F) 100 жыл G) 50 жыл H) 20 жыл

26. «Қазақ» атауы XIII ғасырға дейін қандай мағынада қолданылып келген?

- A) еркін адамдар
- B) кезбелер
- C) көшпелілер
- D) жауынгерлер
- E) бақташылар
- F) құлдар
- G) егіншілер
- H) өз елінен кеткен қашқындар

27. Макдисидің хабарлауынша Таразда айырбас саудасы немен жүргізілген?

- A) қару-жарақпен
- B) зергерлік бұйымдармен
- C) ер-тұрман, ат әбзелдерімен
- D) ешкінің түбітімен
- E) астықпен
- F) ақшамен
- G) есек, қоймен
- H) бұзаумен

28. Ордабасы тауына жиналған қазақ жүздерінің шешімі бойынша жоңғарларға қарсы күресте қазақ жасақтарының бас қолбасшысы болып сайланған хан және бас сардар:

- A) Абылай
- B) Тәуке
- C) Әбілқайыр
- D) Сәмеке
- E) Жәңгір
- F) Наурызбай
- G) Бөгенбай
- H) Қабанбай

29. Шығай ханның кезіндегі қазақ хандығының саяси-экономикалық жағдайы қандай еді?

Жауабын жазыңыз

30. Тұрсын сұлтан өзін хан, Ташкент қаласының билеушісі деп жариялаған жыл:

- A) 1612 B) 1613 C) 1615 D) 1617
E) 1618 F) 1616 G) 1620 H) 1621

МАЗМҰНЫ

Алғысөз3

I ТАРАУ

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫ. ДЕРЕКТЕРГЕ СИПАТТАМА

§1. Ерте және кейінгі ортағасырлық Қазақстан тарихының деректері.....4

§2. Дамыған орта ғасырдағы Қазақстан тарихы бойынша деректер.....5

II ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА

§3. Моңғол мемлекетінің құрылуы. Моңғол тайпалары. Темуджин.....8

§4. Моңғол-татар тайпаларының Қазақстан мен Орта Азияға жорықтары..11

§5. Алтын Орда мемлекеті: құрылуы, саяси тарихы, маңызы13

§6	Моңғол жаулаушылығының Қазақстанға тигізген зардаптары.....	20
§7	Ақ Орда.....	23
§8	Моғолстан мемлекеті.....	29
§9	Әмір Темір империясы және оның Қазақстанға басқыншылық жорықтары.....	32
§10	Шайбани Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті).....	35
§11	Ақ Орда, Моғолстан және Көшпелі өзбектер мемлекетінің саяси-әкімшілік құрылысы.....	39
§12	Ноғай Ордасы.....	40
§13	IX ғасырдың II жартысы-XIII ғасырдың басындағы материалдық және рухани мәдениет.....	43
§14	Қазақстанның XIV-XV ғасырлардағы экономикасы мен мәдениеті...	45

III ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ

§15	Қазақ халқының этногенезі.....	49
§16	«Қазақ» терминінің шығуы жөніндегі тарихи тұжырымдар.....	51
§17	Қазақ жүздерінің құрылуы, этникалық аумақтар.....	55

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§18	Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары.....	59
§19	Қазақ хандығының құрылуы.....	62
§20	XV ғасырдың II жартысындағы Қазақ	

хандығы.....65

Ү ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

§21 Қасым ханның билігі кезіндегі Қазақ хандығы.....67

§22 ХҮІ ғасырдың ІІ ширегіндегі хандықтың саяси ахуалы.....73

§23 ХҮІ ғ. ортасындағы қазақ мемлекеті. Хақназар хан.....76

§24 ХҮІ-ХҮІІ ғғ. тоғысындағы Қазақ хандығы мен Орта Азия елдері. Тәуекел хан.78

§25 Қазақ хандығындағы ХҮІІ ғ. саяси жағдайлар. Есім ханның билігі. ..81

§26 Жәңгір хан тұсындағы қазақ хандығы84

§27 Хандықтағы ХҮІІ ғасырдың ортасындағы халықаралық жағдайлар....87

§28 ХҮІІ ғасырдың соңындағы ішкі саясат. Тәуке ханның билігі.....90

ҮІ ТАРАУ

СОҢҒЫ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ТҮРМЫСЫ

§29 XVI-XVIII ғасырдың басындағы қазақтардың экономикалық жағдайы.....94

§30 XVI-XVIII ғасырдың басындағы әлеуметтік мәселелер.....96

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.....97

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСҚА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР.....99

АУЫЗША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ.....100

ТЕКСЕРУГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....103

